

«Нархоз Университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ӘОЖ 338.33(574)

Қолжазба құқығында

АДИЛХАНОВ ОЛЖАС ШАЙЗАНДАЕВИЧ

**Қазақстан Республикасының өндеу өнеркәсібі экспортын
әртараптандыру: теориясы, бағалау және даму сценаріі**

6D050600 – Экономика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
Экономика ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰИА академигі
Сәбден Оразалы

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Мугла Ситки Кочман университетінің
профессоры, Ph.D докторы
Nursoy Mustafa
Түркия, Мугла қ.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

КІРІСПЕ

1. ЭКСПОРТТЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Экспортты әртарاپтандырудың теориялық эволюциясы

1.2 Экспортты әртарاپтандырудың әдіснамалық негіздері және деңгейін бағалау әдістері

1.3 Экспортты әртарاپтандырудың институционалдық механизмінің негізі және шетелдік тәжірибесі

2. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨНДЕУ САЛАЛАРЫ ЭКСПОРТЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

2.1 Қазақстан Республикасы өңдеу өнеркәсібі экспортының даму тенденциясын талдау

2.2 Қазақстан Республикасы аймақтары мысалында өңдеу өнеркәсібінің экспорттық әлеуетін бағалау

2.3 Өңдеу өнеркәсібі салаларының бәсекелестік артықшылықтарын бағалау және экспорт құрылымын жаңғырту

3. ӨНДЕУ САЛАЛАРЫНЫҢ ЭКСПОРТЫН ӘРТАРАПТАНДЫРУДЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ МЕН МЕХАНИЗМІ

3.1 Өңдеу салаларында экспорттық әлеуетті арттыруды институционалдық қамтамасыз ету

3.2 Өңдеу салаларының экспортын әртарاپтандырудың даму сценарийін әзірлеу

3.3 Экспортты әртарاپтандырудың даму сценарийін іске асыру тетіктерін ұсыну

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

ҚОСЫМШАЛАР

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға сілтемелер берілген:
«Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы».

«Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 тамыздағы № 511 қаулысымен бекітілген «Ұлттық экспорттық стратегия» бағдарламасы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары».

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 мемлекеттік бағдарламасы».

2020 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі».

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы «Өнеркәсіптік саясат» туралы заңы.

2022 жылғы 16 наурызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы».

«Елішілік құндылықты және экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 маусымдағы № 452 қаулысы

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	Қазақстан Республикасы
ЕО	Еуропалық одақ
WTO	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АҚШ долл.	Америка Құрама Штаттарының доллары
РФ	Ресей Федерациясы
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
СҚО	Солтүстік Қазақстан облысы
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
АЭА	Арнайы экономикалық аймақ
АӨК	Агроөнеркәсіп кешені
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ШК	Шағын кәсіпкерлік
ШОК	Шағын және орта кәсіпкерлік
ННИ	Херфиндаль-Хиршман индексі
ХЕБ	Халықаралық еңбек бөлінісі
РСА	Салыстырмалы артықшылық индексі немесе Баласс индексі
ХСИ	Экспорттық бәсекеге қабілеттілік индексі
ЕСІ	Экономикалық күрделілік индексі немесе Гарвардтық индекс
ІАІ	Инновациялық белсенділік индексі
ЕРІ	Экспорттық әлеуеттің өмір сүру индексі
ҒЗТКЖ	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ЖАӨ	Жалпы аймақтық өнім
ЖҚҚ	Жалпы қосылған құн
ТШИ	Тікелей шетелдік инвестициялар
ҰСБ	Ұлттық статистика бюросы
ЕДБ	Екінші деңгейлі банктер
АҚ	Акционерлік қоғам
ОА	Орталық Азия
ДСҰ	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ИИДМБ-3	Индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасының 2020-2025 жж. арналған үшінші кезеңі
ГҚ	Гранттық қаржыландыру
БНҚ	Бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру
ТҰК	Трансұлттық компаниялар
ҚР БҒМ ҒК	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

	Ғылым комитеті
ҚР ҰҒА	Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы
ҚР ҰКП	Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы
MIT	Массачусетс технологиялық институты
WB	Әлемдік банк
ITC	Халықаралық сауда орталығы
UNComtrade	БҰҰ-ның деректер базасы
ҚР ИИДМ	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
ҚР СИМ	Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министірлігі
UNCTAD	Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясы
SWOT	Күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлері
New	АҚШ-тағы «Жаңа өндіріс» мемлекеттік бағдарламасы
Manufacturing	
Industry-4	Германияның төртінші индустриялық революциясы
KazakhExport	Қазақстандық экспортты сақтандыру компаниясы
QazIndustry	Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы
QazTrade	Сауда саясатын дамыту орталығы акционерлік қоғамы

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Бұл диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібі саласының экспортын әртараптандыру үрдісін зерттеуге бағытталған. Аймақтар бойынша экспортты әртараптандыру деңгейін зерттеу методологиясы ұсынылып, сол әдістеме негізінде бағалау жүргізіледі. Өңдеу өнеркәсібі саласының 2025 жылға дейінгі мүмкін болатын даму сценарийі әзірленіп, сол сценарийді жүзеге асыру тетіктері бойынша ұсыныстар беріледі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Жаһандық экономиканың бүгінгі жағдайында әрбір ел экономикасын тұрақты өсіруге ұмтылуда, экономикалық өсімнің құрылымында экспорттың маңызы зор. Көптеген елдер өз экспортын дамытуға талпынып, шетелдік нарықта тиімді стратегияларды пайдалана отырып халықаралық сауда кедергілерін азайтуда. Экспортты әртараптандыруды нәтижелі жүзеге асырған елдер мықты экономика құрды.

Экспортты әртараптандыру мәселесі осы күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ, қайта қазіргі геосаяси шиеленіс кезінде бұл тақырып күн тәртібіне шығып отыр. Оның ішінде, дамуға ұмтылған елдер, олардың ішінде мол қазба байлықтарға ие елдерде экспортты әртараптандыру мәселесін зерттеу өзекті. Бразилияның мысалында бұл тақырыпты зерттеген ғалым Х.Карера - басқа да мол табиғи ресурстары бар дамушы елдерде зерттеулер жүргізу қажеттілігін өзінің зерттеу жұмысында келтірген. Сондықтан жер асты қазба байлықтары мен шикізатқа бай мемлекет ретінде Қазақстан мысалында экспортты әртараптандыру тақырыбын зерттеу маңызды болып отыр.

Ұзақ мерзімді перспективада шикізат тауарларының экспорттық бағасы импортталатын дайын өнеркәсіп өнімдерінің импорттық бағасына қатысты төмендейді. Бұл экспортын әртараптандыра алмаған елдер үшін макро – микроэкономикалық қиындықтар туғызады. Қазақстан да тұрақты экономикалық өсімді қалыптастыру, валюталық түсімді тұрақтандыру, өңдеу саласында импортқа тәуелділікті азайту т.б. қолайлы макроэкономикалық климат жасау мақсатында экспортты әртараптандыруды міндет етіп қойды. Нәтижесінде «2018-2022 жж. арналған Ұлттық экспорттық стратегиясы» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаның басты міндеті 2022 жылы шикізаттық емес экспортты 1,5 есеге арттыру және экспортты

эртаптапандыру. Соңынан Үкімет қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Мұнда да негізгі мақсаттардың бірі төртінші технологиялық төңкеріс жағдайында өңдеуші өнеркәсіптің салаларын ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін нығайту. Ол үшін 2018 жылғы базалық жылмен салыстырғанда 2025 жылға қарай: «өңдеу өнеркәсібінің еңбек өнімділігін базалық жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 1,6 есеге нақты өсіру, өңдеу өнеркәсібі экспорт көлемін базалық жылмен салыстырғанда 1,9 дейін есеге өсіру, өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына салынған инвестицияның нақты көлем индексінің базалық жылмен салыстырғанда 1,6 дейін есеге өсіру, базалық жылмен салыстырғанда экономикалық белсенді халықтың 1000 адамына шаққанда өңдеу өнеркәсібінің жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының санын 1,5 есеге өсіру және Экономикалық күрделілік индексіні 78-ші орыннан 55-ші орынға дейін жоғарылату» қажет [1].

Географиялық құрылымда отандық тауарлар әлемнің 120-ға жуық еліне экспортталады, дегенмен оның 60%-ы тек 6 мемлекетке ғана бағытталады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша жалпы экспортта Қытай - 16,2% (9,7 млрд.), Италия - 14,7% (8,8 млрд.) , Ресей - 11,6% (7 млрд.), Нидерланды – 7,2% (4,3 млрд.), Өзбекстан мен Түркия 5% шамасында (әрқайсысы 3 млрд. жуық) құрады. Ал тауарлық құрылымда 70% шикізат пен минералдар (минералды отын, мұнай және мұнай өнімдері – 45,2%, бағалы тастар мен металдар – 9,7%, кара металлургия – 9,5%, мыс – 6,8%, бейорганикалық химия өнімдері – 4,1%) құрайды [2]. Яғни, Қазақстандық экспорттың географиялық және тауарлық құрылымда да шоғырлану деңгейі жоғары.

2016 жылғы халықаралық саудада мұнай және шикізат құнының төмендеуі Қазақстан экспортын 86,4 млрд. АҚШ долл. 37,2 млрд. АҚШ долларына төмендетті (2,3 есе). 2018 жылы 61 млрд. АҚШ долларына жетіп, әлемдік пандемия салдарынан біршама төмендеп, 2021 жылы 60 млрд. АҚШ долларына дейін қайта жоғарылады. Импортта 48,9 млрд. АҚШ долларынан 2016 жылы 25,4 млрд АҚШ долларына төмендеп, 2021 жылы 41,4 млрд АҚШ долларына өсті. Қазақстанда экспорттық түсімнің көп мөлшерде ауытқуы макроэкономикалық тұрақтылық үшін қауіпті. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан 204 елдің арасында әлемдік экспорт көлемінің 0,3% үлесімен 53-ші орынға тұрақтады.

Егер бұрын экспортты әртараптандыру тақырыбы біз үшін теориялық және пікірталас тұрғысынан қалып қойған болса, ал мұнай бағасының күрт төмендеуі оны қысқа мерзімде шешілуі қажет нақты проблемаға айналдырды.

Диссертация тақырыбының зерттелу дәрежесі. Экспортты әртараптандыру тақырыбы бойынша зерттеулер ғалымдар арасында қызу талқыға түсуде. Кей зерттеулерде бұл саланы зерттеуші ғалымдар бір көзқарас бойынша келісімге келеді, ал кейбір көзқарастарда бір-бірімен келіспей екі түрлі ой білдіруде. Мысалы, Ж.Сач пен А.Уарнердің зерттеуінше табиғи қазба байлығы мол елдер голланд ауруына ұшырап, экспорт қоржыны аз ғана тауар тобына шоғырлануы мүмкін [3]. Бұл пікірді Ферранти және т.б. растайды, олардың зерттеуінше, мол табиғи шикізатқа ие елдер экспорттық қожынның шоғырлануына бейім келеді және ол елдегі басқа салалардың дамуын тежейді де экономикалық өсім тұралайды [4]. Ал керісінше, Лейдерманның пікірінше мол табиғи ресурстар экономикалық өсімнің алғышарты [5].

Мехлумның пікірінше, экспорттың шоғырлануы елдің экономикалық өсіміне теріс әсерін береді, сондықтан мол табиғи қазба-байлыққа ие мемлекеттердің басшылары экспортты дамыту стратегиясын барынша тиімді жүргізуі тиіс. Мол табиғи қазба-байлыққа ие және тиімді институционалдық басқаруы бар елдер институционалдық басқаруы тиімсіз шикізат ресурстарына бай елдермен салыстырғанда тез дамиды [6]. Бұл тұжырымды 2011 жылы зерттеу жүргізген ғалым А.Гельб тағы да растап, мұнайға бай мемлекеттерде тиімді басқаруы бар болса, онда олар басқаруы нашар мұнайға бай елдермен салыстырғанда экспортын арттыруға мүмкіндігі жоғары екенін дәлелдеген [7].

Елдің саяси басқару режиміне байланысты экономиканың ашықтығы бір жағынан әртараптануға да, мамандануға да оң ықпал жасауы мүмкін. Мәселен, демократиясы жоғары елдерде ашықтық ол елдің экспортын әртараптануына, ал автократиялы елдерде керісінше экспорттың шоғырлануына алып келуі мүмкін [8]. Кей ғалымдар адам капиталының да ел экспортын арттыруға ықпалы зор екенін айтады [9]. Әрбір ел әртараптандыру процесінде өзінің географиялық, өндірістік, технологиялық, логистикалық ерекшеліктерін анықтауы керек. П.Лектартың айтуынша шетелдік инвестицияны пайдалана отырып салыстырмалы артықшылықты ескермеу стратегиялық перспективада зиянды болуы ықтимал [10].

Экспортты әртараптандыру арқылы елдегі валюталық кірісті тұрақтандыруға болады [11], соның арқасында сыртқы сауданың қысымдарының теріс әсерін азайтады. Нәтижесінде, әлемдік мұнай бағасының төмендеуінен туатын әртүрлі қауіп-қатерлер мен тәуекелдерге төтеп береді.

С.Милнер мен Д.Гринуэй өңдеуші өнеркәсіп өнімдерінің ел экспортындағы үлесі төмендеген сайын экспорттық кіріс әлемдік мұнай бағасына тәуелділігін үдете түсетінін растайды [12]. Р.Хаусман және т.б. ғалымдардың жұмысында ел қаншалықты күрделі, қосылған құны бар жоғары технологиялы өнімдерді экспорттаса, ол соншалықты мықты, қуатты ел болады [13].

Қазіргі таңда экспортты әртараптандыру деңгейін бағалауда әр зерттеуші, әр статистикалық халықаралық және отандық ұйымдар өзіндік бағалау әдістерін пайдаланады. Мәселен, көптеген жұмыстарда экспорттың шоғырлану деңгейін есептеуде Херфиндаль-Хиршман (ННІ), Энтропия индексі қолданылады. Ал белгілі бір сала экспортының әлеуетін анықтауда Б.Баласс ұсынған 1965 жылғы «салыстырмалы артықшылық» индексі (Revealed Comparative Advantage) қолданылады. Сондай-ақ аталған әдістеменің өзгертіліп жетілдірілген нұсқасы «экспорттық бәсекеге қабілеттілік» индексі (Export Competitiveness Index) де бар. Р.Хаусман және С.Идальго 2009 жылы әзірлеген Гарвардтық индекс немесе экономикалық күрделілік индексі (ECI) деп те атайды [13]. Соңғы жылдары Р.Хаусман және Б.Клингердің [14] әзірлеген PRODY және EXPY индекстерін есептеу нәтижесінде әрбір елдің экспорттық көрсеткіштерінің негізге ала отырып сол елдің келешектегі мүмкін болатын жалпы ішкі өнімінің көлемін болжауға болады. Ал Еуропалық статистикалық агенттіктер бірнеше көптеген көрсеткіштерге негізделген индекстік әдіспен есептейді.

Сонымен қатар, шетелдік ғалымдар арасында экономика мен экспортты әртараптандыруды зерттеу, экспорттың өсуіне әртараптандырудың үлесін бағалау тақырыптарында С.Милнер, Ж.Имбс, П.Лектард, С.Каррер, С.Самен, О.Кадот, М.Тамбери, О.Массол, П.Клиноу, М.Корен, К.Руль, А.Венабль, П.Брентон, А.Гельб, Р.Ньюфармер,); Экспорт құрылымының елдің экономикалық өсуіне әсері (Р.Хаусман, Б.Клингер, Д.Родрик, Дж.Хуанг, Ц.Хидалго және т. б.) зерттеген. Қазақстанда отандық ғалымдар арасында О.Сәбден, Ә.Сатыбалдин, К.Туркеева, З.Чуланова, М.Алмағамбетова, М.Спанов, Г.Аубакирова, Д.Келесбаев, А.Наренова, Р.Сабирова,

Г.Азретбергенова, К.Тажимаева, А.Абдимомынова, У.Шалболова, Ж.Райымбеков А.Ибыжанова және т.б. ғалымдардың еңбектері бар.

Зерттеудің мақсаты. Экспортты әртараптандыруды теориялық-әдіснамалық негіздеу, Қазақстан аймақтар мысалында экспортты әртараптандыру деңгейін бағалау және даму сценарийін әзірлеу.

Зерттеудің міндеттері. Зерттеудің негізгі мақсатына қол жеткізу үшін мынадай нақты міндеттер қойылды:

- Экспортты әртараптандыру ұғымына теориялық анықтамаларды зерделеу және экспортты әртараптандыру ұғымын авторлық көзқараспен толықтыру;

- Экспортты әртараптандыру мүмкіндігін бағалау әдістемесін ұсыну;

- Экспорттық әлеуетті бағалаудың әдістерін зерделеу, ҚР өңдеу өнеркәсібі саласының экспорттық әлеуетін әртүрлі индекстік әдістеме арқылы есептеу, талдау, Ұсынылған әдіс негізінде ҚР өңдеу өнеркәсібі саласының экспорттық мүмкіндіктерін бағалау;

- Қазақстанда экспортты әртараптандырудың даму сценарийі әзірлеу;

- Экспортты әртараптандырудың даму сценарийін іске асыру тетіктерін ұсыну.

Зерттеу объектісі - Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібі саласының экспорты.

Зерттеу пәні - Қазақстанда экспортты әртараптандыру процессінде туындайтын экономикалық қатынастар.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері.

Зерттеу жұмысының теориялық-әдістемелік негізі болып тақырыпқа байланысты отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі зерттеу еңбектері болып табылады. Зерттеу бағытына байланысты рейтингі жоғары басылымдардың 50-ге жуық мақала іріктеліп, сарапталды. Зерттеудің екінші бөлімінде логикалық, салыстырмалы, аналитикалық, графикалық талдау жүргізілді. Экспортты әртараптандырудың деңгейі индекстік тәсіл арқылы бағаланды және соңында Қазақстан Республикасының экспортты әртараптандыру мүмкіндіктерін бағалауда кешенді интегралды индекстік әдістеме қолданылды.

Зерттеудің ақпараттық базасы шетелдік және отандық ғалымдардың тақырыпқа қатысты монографиялары, еңбектері, Web of Science және Scopus деректер базасына енетін басылымдардағы материалдары құрайды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілері,

Индустриалды инновациялық мемлекеттік бағдарламалары, Ұлттық экспорттық стратегия бағдарламасы, ҚР Сауда және интеграция министрлігінің ресми мәліметтері, Әлемдік банк, Халықаралық сауда орталығы секілді халықаралық статистикалық агенттіктердің статистикалық деректері, ҚР Ұлттық Статистика бюросы базасы және басқа да халықаралық ұйымдардың ресми ақпараттары мен мерзімді басылым мәліметтерінен алынды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.

- Экспортты әртараптандыру ұғымы теориялық-эволюциялық зерделеніп, экспортты әртараптандыру ұғымына толықтырылып авторлық көзқарас берілді;

- Экспортты әртараптандыруды бағалау тәсілдері зерттеліп, аймақтардың экспорттық мүмкіндіктерін бағалауда индекстік әдіске негізделген авторлық кешенді интегралды индекстік бағалау әдістемесі ұсынылды;

- Ұсынылған әдістеме негізінде ҚР өңдеу өнеркәсібі саласының аймақтардағы экспорттық мүмкіндіктері бағаланды. ҚР аймақтар мысалында экспортты әртараптандыру әлеуетінің рейтингі жасалды;

- Қазақстанда өңдеу өнеркәсібі экспорты көрсеткіштерін негізге ала отырып экспортты дамытудың мүмкін болатын сценариіне болжам жасалды;

- Бағалау негізінде Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі экспортының мүмкін болатын сценариін жүзеге асыру тетіктері мен ұсыныстары әзірленді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- «Экспортты әртараптандыру» түсінігіне авторлық көзқарас анықтамасы: экспортты әртараптандыру – шикізат экспортын төмендете отырып неғұрлым қосылған құны бар өңдеу өнеркәсібі экспортын арттыру, яғни экспортқа шығатын өнімдер үлесін оңтайландыру арқылы экспорттық түсімді тұрақтандыру, экономикалық өсімді қамтамасыз ету;

- Индекстік әдістемелерді модификациялау арқылы әзірленген экспортты әртараптандыру дәрежесін бағалаудың авторлық кешенді интегралды индекстік әдістемесі;

- Ұсынылған әдістемені сынақтан өткізу (апробация) арқылы Қазақстан Республикасы аймақтар мысалында өңдеу өнеркәсібі саласының экспортын әртараптандыру мүмкіндіктері деңгейінің рейтингі;

- Қазақстан Республикасы өңдеу өнеркәсібі экспортының 2025 жылға дейінгі дамуының интервалды болжамы;

- Өңдеу өнеркәсібі экспортының мүмкін болатын сценарийін жүзеге асыру тетіктері және ұсыныстар.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы: Диссертациялық жұмыстың қорытынды нәтижелері Қазақстан аймақтарының экспортты дамыту саясатын жүзеге асыру мен кешенді стратегиялық жоспарлар әзірлеуде осы саланың жауапты органдары үшін тиімді құрал болып табылады. Зерттеу ҚР «Ұлттық экспорттық стратегиясы», «ИИДМБ-3 мемлекеттік бағдарламасы» және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 маусымдағы № 452 қаулысымен бекітілген «Елішілік құндылықты және экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту» бағдарламасымен байланысты. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері «әлемдік экономика», «макрэкономика» және т.б. пәндер бойынша дәрістік материал ретінде қолданылуы мүмкін.

Жұмыстың негізгі нәтижелерінің қолданылуы: Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері халықаралық және отандық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалып, конференция материалдары жинақтарында баспадан шықты. Автор зерттеу тақырыбына сәйкес келетін ҚР БҒМ ҒК Экономика институтының іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша жобаларында орындаушы ретінде қатысады. Атап айтқанда, 2014-2017 жылдары «ҚР шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту стратегиясы» гранттық қаржыландыру жобасы.

2018-2020 жылдары ҚР БҒМ ҒК экономика институтының бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру бойынша жүзеге асқан BR05236639 «Қазақстанның үшінші технологиялық жаңғырту негізіндегі ғылыми сыйымды экономикаға бастар жолы: стратегиясы, дамыту модельдері мен тетіктері» атты бағдарламасының орындаушысы.

«Ұлттық экономиканың заманауи өнеркәсіп саясаты» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференциясында баяндама жасалды. (ҚР БҒМ ҒК Экономика институты, 16.10.2020)

Қазіргі таңда 2021-2023 жылдары ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институтының бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру бойынша жүзеге асып жатқан BR10965247 Қазақстандағы көші-қон, урбандалу, демографиялық процестердің факторларын, ерекшеліктері мен серпінін зерттеу, цифрлық карталар мен болжамдарды әзірлеу атты бағдарламасының орындаушысы.

Жарияланымдар: Зерттеу нәтижелері ретінде 10 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде: халықаралық Scopus базасына енетін журналда 1

мақала, «Evaluation of export diversification on sustainable growth in Kazakhstan» [15] және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған журналдарда 3 мақала. Атап айтқанда, «Қазақстан бәсекеге қабілетті экономика құрудағы инновациялық белсенділікке факторлық анализ» [16], «Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі экспортын талдау» [17], «Қазақстанда экспортты әртараптандыруды бағалау» [18] атты мақалалары. Екі ұжымдық монографияда тараулар бар. «ҚР шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту стратегиясы». О.Сәбден және т. б.– Алматы: ҚР БҒМ ҒК Экономика институты. -2017. -400б. 4-тарау. 3-бөлім. Шағын және орта кәсіпкерлікті заңнамалық қамтамасыз етуді жетілдіру [19]. «Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігі мен әлеуметтік тұрақтылығының стратегиясы». ҚР ҰҒА академигі А.А. Сатыбалдиннің редакциясымен. Алматы: ҚР БҒМ ҒК Экономика институты. -2019, - 740 б. 4-тарау. 4-бөлім. Өңдеуші өнеркәсіптің экспорттық әлеуетін дамытудың бағыттары мен тетіктері.

Диссертация көлемі мен мазмұны

Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспе, үш негізгі бөлімдер, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады. Жұмыс 29 кесте, 25 сурет және қосымшалардан тұрады.

I. ЭКСПОРТТЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Экспортты әртарраптандырудың теориялық эволюциясы

Қазіргі кезде экспортты әртарраптандыру мәселелерін зерттеу кез келген мемлекетте, әсіресе қазба байлыққа бай дамушы мемлекеттерде өзектілігі жоғары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы №636 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында 8 - жалпыұлттық басымдық Әртарраптандырылған және инновациялық экономика құру және 9 - жалпыұлттық басымдық Экономикалық және сауда дипломатиясын белсенді дамыту бөлімдерінде Қазақстанның өңдеу саласы экспортын әртарраптандыру міндеті қойылған [20]. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей экспорты әртарраптандырылған елдердің экспорты әртарраптандырылмаған елдерге қарағанда экономикалық өсімі жоғары және тұрақты болады

Экономикалық әдебиеттерде «әртарраптандыру» термині өте кең көлемде қолданылатын түсінік. «Әртарраптандыру» ұғымы латынның екі сөзінен *diversus* – әртүрлі, *facio* – істеу, жасау. Яғни, әртүрлілік немесе әр тарраптылық деген мағынаны білдіреді [21].

Әртарраптандыру XX ғасырдың екінші жартысында АҚШ, Жапония, Германия және алдыңғы қатарлы нарықтық экономикасы бар елдерде пайда болды. Нарықтық экономиканың даму тарихында әртарраптандыру мен мамандандырудың көптеген үйлесімдері бар, бұл құбылыстың теориялық және практикалық мәселелерін алғаш рет 1962 жылы американдық экономист М.Горт, ал сәл кейінірек 1979 жылы Е.Есинара жетекшілігімен жапон мамандарының тобы сипаттаған. Олардың зерттеулерінің нәтижесінде әртарраптандыру қолайсыз жағдайларда нарықтық қызмет тәуекелін төмендететін және компанияның қаржылық тұрақтылық дәрежесін арттыратын стратегия ретінде танылды.

Бұл ғалымдар әртарраптандыруды - *стратегия* десе, енді бірі кәсіпорынның жұмысын оңтайландыратын *процесс*, енді бірі елдің өсімін қамтамасыз ететін *құрал* деген анықтама берген. Әртарраптандыру терминіне ғалымдар кәсіпорын, аймақ, мемлекет деңгейінде түсінік берген.

Экономиканы әртарраптандыруды анықтаудың әртүрлі тәсілдерін зерделей отырып, біз келесі негізгі авторлық тәсілдерді атап өтейік.


Кесте 1 – «Әртараптандыру» терминін анықтауға ғалымдардың әртүрлі тәсілдерінің классификациясы

Автор	Нысаны	Классификациясының анықтамасы
Горт М.	Кәсіпорын	«Әртараптандыру» - бұл компанияның бір уақытта бірнеше нарыққа қызмет көрсетуі [22]
Берри С.		Әртараптандыру - компания жұмыс істейтін нарық санының өсуі болған кезде пайда болады [23]
Есинара Е.		Алғаш рет әртараптандыруды нарықтық тәуекелмен байланыстырып, әртараптандыру стратегиясы нарықта жұмыс істеу тәуекелін төмендетуге және оның қаржылық тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті [24]
Ансофф И.		әртараптандыру фирманың ресурстарын белгілі бір фирма үшін негізгі емес салаларға бөлу кезінде жүреді деп есептеді [25]
Азрилиян А.	Жалпы экономика	Әртараптандыру - бұл жан-жақты даму. Әртараптандыру – мүмкін болатын шығындарды төмендету мақсатында капиталды әртүрлі нысандарға бөлу [26]
Дж. Макмиллан		Әртараптандыру - аймақтағы өнеркәсіптің алуан түрлілігі. Әртараптандыру - фирма ұсынатын тауарлардың кең спектрі [27]
Ламбен Ж.		Әртараптандыру дәстүрлі қызмет аймағынан тыс мүмкіндіктерге негізделген өсу ретінде қарастырылады [28]
Котлер Ф.		Әртараптандыру – бұрын болмаған салаларға шығу арқылы компанияның дамуын іске асыру әдісі [29]
Маркова В.Д.		Әртараптандыру - бұл шаруашылық қызметті жаңа салаларға бейімдеу [30]
Экономикалық терминдер		Әртараптандыру - бұл кәсіпорынның өндірістің басқа жаңа салаларына енуімен байланысты экономикалық қызмет ауқымын кеңейту [31]
Новиков В.А.		Әртараптандыру дегеніміз - орташа коммерциялық тәуекелді азайту мақсатында әртүрлі бағалы қағаздарға инвестициялау немесе әртүрлі өндірістерге қаржы салу [32]
О.Сәбден		Әртараптандыру – шикізаттық экономикадан шығудың бірден-бір жолы [33]
А.А.Сатыбалдин		Әртараптандыру - экспортталатын салалардың үлесін оңтайландыру [34]
Ескерпе: [35] негізінде автормен құрастырылды		

Бұл жерде әртараптандыру нәтижелері экономикалық резервтерді толық пайдалануға және атап айтқанда: салалық кірістерді теңестіруге; өндіріс теңгерімсіздігін жоюға; қайта құру мен дамудың статистикалық тұрақтылығына; бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және тәуекелдерді азайтуға; экономиканы әртараптандырудың тұрақты дамуына бағдарлануы тиіс екенін атап өту қажет [36].

Котлер Ф. әртараптандыруды көлденең және конгломераттық деп бөліп көрсете отырып, кәсіпорынның өсу мүмкіндіктерінің стратегиясы ретінде көрсетеді [29].

Осылайша әртараптандыру терминін экономист ғалымдар өзінің зерттеу саласына орай әр қырынан түсіндірген. Әртараптандыру термині экономиканың дерлік барлық саласында қолданылады. Оның мәні мен мазмұны қолданылатын саласына байланысты әртүрлі болғанымен мақсаты бір. Мәселен, экономиканы, инвестициялық қорды, өндірісті, капиталды, қызметті, бизнесті, бағаны және экспортты әртараптандыру терминдері бар (1 - сурет).



Сурет 1 – Әртараптандырудың негізгі түрлері

Ескертпе – автормен құрастырылды

Экспортты әртараптандыру - экономиканы әртараптандырудың құрамдас бөлігі. Көптеген елдерде XX ғасырдың ортасында өндіріс тиімділігінің төмендеуінен экономикалық құрал ретінде әртараптандыру ұғымы қолданыла бастады. Жаһандық өзгерістер қарсаңында әрбір мемлекет экономикалық өсім мен әлемдік нарыққа таласқа бәсекеге түскен әрбір

мемлекет өзінің өндірісін әртараптандыруға тырысты. Яғни, өндірісті әртараптандыру мен экспортты әртараптандыру бір-бірімен байланысты егіз ұғым десек те болады. Өндіріс қаншалықты әртараптандылыса, экспортта сондашықты әртараптандырылуға мүмкіндігі бар. Бұл ғылыми дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома іспеттес.

Халықаралық сауда қатынастарында мемлекеттердің тиімді әрекет етуі мәселесін ғалымдар жан-жақты қарастырып, зерттеп келеді. Сондай-ақ экспорттық құрылымды тиімді жетілдіру тақырыбына да ерекше мән беріп отыр. Экспорт дегеніміз нарықты кеңейтудің нақты құралы. Экспортты айырбас құралы ретінде де қарауға болады. Яғни, әр ел өзіне қажетті технологияны экспорттық түсім арқылы қамтамасыз етеді [37].

Кез-келген әртараптандыру екі кіші түрге бөлінеді: *байланысты* немесе *байланысты емес*.

Байланысты – кәсіпорын өзінің бұрыннан бар өндірісіне жаңа сала енгізу. Мысалы, экспорттық тауарлардың жаңа түрін өндірудің басталуы.

Байланысты емес әртараптандыру - компанияның қазіргі қызметімен байланысты емес мүлдем басқа салаға шығуы (2-сурет). Суреттің мағынасын толық көрсету үшін бірнеше сипаттама беру орнықты деп санаймыз.



Сурет 2 – Әртараптандырудың негізгі жіктелуі

Ескерпе – [32] дереккөзі негізінде құрастырылды

Тік әртараптандыру дегеніміз кәсіпорынның өндіріс тізбегіндегі «жоғары немесе төмен» қозғалысын қамтиды. Яғни, кәсіпорын қазіргі

өндірістік циклінің келесі кезеңіне өтеді. Мысалы, кәсіпорын өзінің тауарларын басқа нарық қатысушылары арқылы өткізуді тоқтатып, өзінің бөлшек және көтерме сауда орындарын ашады. Өнімдер өндіріс орнынан тұтынушыларға дейін делдалсыз жеткізіледі. Немесе кәсіпорын өз тауарларын өндіру үшін ресурстар мен шикізат жеткізушісін сатып алады.

Көлденең әртараптандыру қазіргі тұтынушыларға немесе кәсіпорын клиенттеріне жаңа өнімдерді ұсыну. Мұндай жағдайда кәсіпорын қолданыстағы сату деңгейіне және өндіріс технологиясына сүйенеді. Мысалы, сүт кәсіпорынының сату номенклатурасына ірімшіктің жаңа түрін қосу. Әртараптандырудың көлденең стратегиясындағы тәуекелдерді өнімнің алуан түрлілігін көбейту арқылы төмендетеді. Қандайда бір өнім сұранысы төмендеген жағдайда, басқа өнім түрлерін көбейту арқылы кірісті төмендетпей ұстауға мүмкіндік береді.

Кесте 2 – Экспортты әртараптандыру бағыттарын жіктеу

	Қазіргі өнім	Жаңа өнім
Қазіргі нарық	<i>Интенсивті</i>	Тауарлық әртараптандыру (Тік әртараптандыру) <i>Экстенсивті</i>
Жаңа нарық	Географиялық әртараптандыру (Шоғырландырылған әртараптандыру) <i>Экстенсивті</i>	Географиялық әртараптандыру Тауарлық әртараптандыру (Конгломераттық әртараптандыру) <i>Экстенсивті</i>
Ескерпе – [38] дереккөзі негізінде құрастырылды		

Шоғырландырылған әртараптандыру - қазіргі тауарлар ассортиментін өзгертпей жаңа клиенттерді тартуды қарастырады. Мұның артықшылығы кәсіпорын немесе мемлекет осы уақытқа дейінгі базасын жетілдіру арқылы сапалалы өнім шығарып, саланың көшбасшысына айналады. Барлық капитал бір салаға шоғырланады, әртараптандыру тек географиялық жолмен жүреді.

Әртараптандыру туралы айтқанда, көбінесе экспорттық тауар баптарын кеңейту туралы ғана емес, географиялық бағыттарды әртараптандыру туралы да сөз болып отырғанын атап өту қажет.

Конгломераттық әртараптандыру – жаңа нарыққа жаңа өнім түрін шығаруды қарастырады. Осылайша жаңа технология арқылы тәуекелдерді төмендетуге, табысты тұрақтандыруға, келешегі жоқ салаларды қысқартуға тырысады.

Әртараптандыру терминінің тарихы тереңде жатқанымен «экспортты әртараптандыру» ұғымын экономикалық терминдер қатарына 1950 жылдары аргентиналық және британдық ғалымдар Р.Пребиш пен Х.Сингер қоса бастады [39]. Оған дейін экономикалық байланыста 1776 жылғы А.Смит және 1817 жылғы Э.Рикардо мен Д.С. Милльдің классикалық сауда теориясы бойынша салыстырмалы артықшылыққа, мамандану және халықаралық еңбек бөлінісіне негізделген еркін сауда терминдерімен түсіндірілетін.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Р.Пребиш пен Х.Сингер «дамушы елдердің шикізат өнімдерін өндіруде шектеу болды. Ол дамыған елдерде өндірілген тұтынушылық және инвестициялық тауарлармен алмасу кезінде тәуелділік сипатын тудырды. Сондықтан да экспорттық табысты тұрақтандыру, кірістердің өсуін арттыру үшін дамушы елдер өздерінің экспорт қоржынының әртүрлілігін арттыруға мәжбүр болды», - деп сипаттайды.

1980-жылдардан бастап экспортты әртараптандыру тақырыбын ғалымдар жан-жақты зерттей бастады. Оған себеп әлемнің көптеген мемлекеттері соңғы 30-40 жылда экспортты дамытуға талпынып, шетелдік нарыққа бейім даму стратегияларын ұсынып, халқаралық сауда кедергілерін азайтуға тырысты.

Ғалымдардың бір тобы экспорттың әртараптандыруы экономикалық өсімге, жалпі ішкі өнімнің көлеміне тағы басқа макроэкономикалық көрсеткіштерге ықпалын зерттеуге тырысса, келесі бірі экспортты әртараптандырудың өзіне қай факторлардың ықпалы жоғары екенін анықтаған. Ғалымдар кей тұжырымға келіссе, кей мәселелерде келіспей, сан түрлі пікірлер айтылған.

Осы саланың зерттеушілері ретінде Альванг және Зигель «соңғы 60-70 жылда дамушы елдердің өсуіндегі экспортты дамыту және әртараптандырудың рөліне айтарлықтай көңіл бөлінді. Экспортты әртараптандыру елдің экспорттық өнімдерінің құрылымын немесе

экспорттаушы елдердің құрамын өзгерту сияқты іс шаралар», - деген түсініктеме берген.

Сонымен қатар көп жағдайда экспортты әртараптандыру жұмыссыздық проблемаларын шешуге және экономикалық өсуді қамтамасыз ету құралы ретінде қарастырылады. Экспорттың айтарлықтай ұлғаюы, тиімді диверсификациясы экономикалық өсудің қозғалтқышы ретінде қарастыруға болады. Экспорттың ауқымын кеңейту арқылы валюталық кірістің тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып экспорттық табысты арттыруға мүмкіндік болады [40].

Экономикалық даму теориясының ең алғашқы идеяларының бірі, тұрақты экономикалық өсу үшін сол мемлекеттің өндірістік және сауда құрылымының әртараптандыру және мамандандыру дәрежесі маңызды рөл атқарады. Алайда, дамушы елдер экономикалық өсімді қамтамасыз етуі үшін алдымен өздерінде қазір бар өндірісті дамыта отырып, сол өндіріске мамандану арқылы салыстырмалы артықшылыққа жеткен соң осы саланы әртараптандыру керек [41] деген пікір айтады. Яғни, әр мемлекет өзінің маманданған саласында әртараптандыруды жүргізуі қажет.

Бұған дейінгі түсінікте экономикалық өсімді қамтамасыз етуде әртараптандырудың рөлі маңызды болды. Алайда бертін келе ғалымдар мамандану да экономикалық өсімді қамтамасыз ете алады деген пікірге келді. Қазіргі уақытта Еуропалық Одақта «ақылды мамандандыру» (Smart Specialization) саясаты басым саясат ретінде мәлімделді. Экономиканың өсу бағыты ретінде маманданудың артықшылықтары ғылыми зерттеулерде расталады [42]. Ал Френкен және т.б. ғалымдар Экономикалық даму үшін маңызды мамандандырудың жалғыз түрі – тек білімге негізделген қызмет саласындағы мамандандыру екенін дәлелдейді [43]. Жапонияның мысалында, ол ел барлық тауарларды шығармайды. Білімге негізделген жоғары технология өндірісіне маманданып, сол саланың өнімдерін өздері өндірмейтін басқа сала өнімдеріне айырбастау арқылы мықты экономика құра білді.

Ж.Сач пен А.Уарнердің пайымдауынша мол шикізатқа ие елдер голланд ауруына ұшырап, экспорт қоржыны бірнеше тауар тобына шоғырланады [3]. Нәтижесінде әлемдік шикізат бағасының тұрақсыздығынан макроэкономикалық тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін. Сондықтан да экспорты табиғи қазбай-байлықпен байланысты мемлекеттер мұндай теріс экономикалық жағдайды болдырмау үшін барынша экспортын

эртаpaптандурууға күш салуы керек. Табиғи қазба-байлық экономикалық өсімнің алғышарты және ол оң әсер етеді, дегенмен экспорттық қоржынды шоғырландыруы мүмкін [5]. Тиімді институционалдық басқаруы бар табиғи шикізатқа бай елдер институционалды басқаруы төмен мемлекеттермен салыстырғанда жылдам дамиды [6]. Сондай-ақ бұл зерттеулерде мұнай өндіруге маманданған мемлекеттерде әлсіз басқару институттарының қалыптасатыны айтылған.

Д.Ферранти т.б ғалымдардың зерттеуіне мол шикізат қорына ие елдерде экспорттың шоғырлану деңгейі өте жоғары болады және бұл экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз етуде кедергі келтіреді [4].

Экспортты эртаpaптандыру арқылы халықаралық саудада мұнай бағасының төмендеуінен болатын әртүрлі қауіптерге төтеп беретін стратегиялық құрал. Экспортты эртаpaптандыру тақырыбы қазба-байлығы мол елдерде күн тәртібінде тұрған мәселе, өйткені валюталық кірісті арттыруға мүмкіндік болады [44]. М.Корен мен С.Тенрейроның пайымдауынша экспортты эртаpaптандыру нәтижесінде экономикалық қолайлы климат қалыптастыруға болады [45].

Ашықтық елдің саяси басқару режиміне қарай эртаpaптануға да, сондай-ақ мамандануға да ықпал жасайды. Мысалы, демократия жоғары елдерде ашықтық көп жағдайда эртаpaптануға алып келсе, ал автократиялы елдерде ашықтық көбіне шоғырлануға алып келеді [8]. Адам капиталы да экспортты эртаpaптандыруға алып келуі мүмкін [46] деген пікірді айтады. Әрбір ел өзінің логистикалық, географиялық, өндірістік, технологиялық ерекшеліктерін ескере алуы керек. П.Лектардың пікірінше шетелдің инвестициясын қолдану нәтижесінде салыстырмалы артықшылықты елемей стратегиялық перспективада зиянды болуы ықтимал [10]. Ал С.Милнер мен Д.Гринуэй өңдеуші өнеркәсіп өнімдерінің елдің экспортындағы үлесі төмен болса, онда ол әлемдік шикізаттық бағасына тәуелділігі арта береді [12]. Р.Хаусманн ел күрделі, қосылған құны жоғары өнімдер экспорттын арттыра отырып мықты, қуатты елге айнала алады [13].

Дамушы елдерде дамыған елдермен салыстырғанда экспорттық валюталық кіріс көлемінің тұрақсыздығы үлкен болып келеді [47]. С.Самен экспорттық қоржынды арттыру нәтижесінде валюталық кірістің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, экспорттық кірісті арттыруға болады деген көзқарасын алға тартады [40].

Академик С.Сатыбалдинның айтуынша әртараптандыру дегеніміз – экспортталатын салаларды оңтайландыру, яғни олардың үлесінің тиімді балансын табу [48]. Сонымен қатар экспортты әртараптандыру арқылы импорттық төлем қабілеттілікті арттыруға болады.

Академик О.Сәбден әртараптандыруды шикізаттық экономикадан шығатын бірден-бір жол ретінде сипаттайды [49]. Алайда, экспортты әртараптандыруды жүзеге асыру оңай іс шара емес. Экспорт нарығын әртараптандыру да маңызды, ол ұзақ уақытқа созылған келіссөздер мен келісім арқылы жүргізілетін процесс.

ҚР Ұлттық банктің департамент басшысы М.Алмағамбетова экспорттың әртараптандыру деңгейі төмен болған жағдайда экономиканың өсімін тежейді және әлемдік нарыққа тәуелді келеді деген пікірді айтады. Әлемдік шикізат бағасының төмендеуінен болатын теріс әсерді экспортты әртараптандыру арқылы жоюға болады. Шетелдік инвестицияның басым бөлігі тау-кен өндірісі және шикі мұнай қазу саласына құйылады. Ал өндеу саласына өте аз болғандықтан бұл сананың өсу қарқыны баяу жүреді.

Осылайша экспортты әртараптандыруға байланысты ғалымдардың зерттеулерін зерделедік. Қарастырған барлық жұмыстың ғылыми теориялық жаңалықтары бар. Ғалымдар тақырыпты әр қырынан қарап зерттеулер жүргізуде.

Зерттеулер нәтижелері көрсеткендей экспортты әртараптандыру тақырыбын зерттеу әсіресе дамушы елдерде соңғы уақытта өзектілігін арттыра бастады. Шетелдік және отандық экономист ғалымдардың еңбектерін зерделей келе экспортты әртараптандыру ұғымына түсініктердің әралуандығын байқадық. Қазақстанда экономикасы өндіруші салаларға, ең алдымен мұнай мен газ өндірісіне және осы салалардың экспортына тәуелді

Осы тұста экспортты әртараптандыру ұғымына толықтыру енгізіп, өзіміздік авторлық көзқарас ұсынбақшымыз. Сонымен, *экспортты әртараптандыру – шикізат экспортын төмендете отырып неғұрлым қосылған құны бар өңдеу өнеркәсібі экспортын арттыру, яғни экспортқа шығатын өнімдер үлесін оңтайландыру арқылы экспорттық түсімді тұрақтандыру, экономикалық өсімді қамтамасыз ету.*

Экспортты әртараптандыру ұғымына түсіндірмелердің бір бірінен айырмашалығы көп. Сондықтан ғалымдардың теориялық зерттеулерінің нәтижелерін зерделей отырып экспортты әртараптандыру ұғымына нақты түсінік жоқ екенін аңғардық. Ол әлемдік даму үдерісімен байланысты

толықтырылып және өзгеріп отырады. Ғалымдардың пікірлерін ескере келе Қазақстандағы экспортты әртараптандыру ұғымына келесідей көпвекторлы көзқарас ұсынып отырмыз (3-кесте).

Кесте 3 – Әртараптандырудың көпвекторлы мәні

Экспортты әртараптандыру	Анықтамасы
Стратегия	Экспортты әртараптандыру арқылы халықты жаңа жұмыс орындарымен қамту Экспортты әртараптандыру – әлемдік мұнай бағасының төмендеуінен болатын әртүрлі қауіптерге төтеп беретін маңызды стратегия
Деңгейі	Жоғарғы деңгей Орта деңгей Төменгі деңгей
Үрдіс (процесс)	Экспортты әртараптандыру – жаңа нарыққа шығу процесі Экспортты әртараптандыру – экспортқа шығатын тауар түрін көбейтуге алып баратын экономикалық процесс
Нәтиже	Экспортты әртараптандыру арқылы экономикалық өсімге қол жеткізу Экспортты әртараптандыру - макроэкономикалық тұрақтылыққа әкеледі Әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болу
Құрал	Экспортты әртараптандыру – экономикалық өсімнің құралы Экспортты әртараптандыру - жұмыссыздық проблемаларын шешу құралы
Ескерпе – автормен құрастырылды	

Қорыта келе, қазіргі жаңа технологиялардың дамуымен қатар экспортты әртараптандыру тақырыбы тереңдей түсері анық, ол өз кезегінде әрі қарай зерттеу қажеттілігін тудырады. Қазір әлем елдері өзінің экономикалық даму жолында бұрын соңды болмаған бәсекеге түсуде. Кез келген мемлекет экономикалық өсімді экспортты әртараптандырмай жасауы мүмкін емес. Қазіргі уақытта әлемнің дерлік барлық елінде экспортты әртараптандыру ел экономикасын дамытуда мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты болып отыр.

Бұрын айтылғандай, Қазақстан экономикасын әртараптандыру экспортқа немесе импортты алмастыруға бағытталуы тиіс. Қазақстан да экспортты әртараптандыруға ынталы. Себебі, біріншіден қызмет түрлері мен секторлардың кең спектріне инвестициялардың ұлғаюы кіріс көздерін арттырады және экспорт тұрақсыздығы мен саудадағы ауытқулардың теріс салдарын азайтуға көмектеседі.

Елдерді экспортты әртараптандыруға шабыттандырған бірқатар факторлар бар, олар өсу мен дамуға оң үлес қоса алады. Біріншіден, қызмет түрлері мен секторлардың кең спектріне инвестициялардың ұлғаюы кіріс көздерін арттырады және экспорт тұрақсыздығы мен саудадағы ауытқулардың теріс салдарын азайтуға көмектеседі.

Екіншіден, экспортты әртараптандыру валюта түсімдерінің ауытқуының төмендеуімен, жұмыспен қамтудың артуымен, қосылған құнның артуымен және өндірілетін өнім сапасының жақсаруымен де байланысты. Үшіншіден, экспорт есебінен әртараптандыру арқылы экономикалық өсумен байланысты, мұны әлемдік нарықтардағы бәсекелестік ынталандырады. Төртіншіден, экспортты әртараптандыру Үкіметке тұрақты экономикалық өсу, төлем балансының қолайлы жағдайы және кірістерді қайта бөлу сияқты кейбір макроэкономикалық мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

1.2 Экспортты әртараптандырудың әдіснамалық негіздері және деңгейін бағалау әдістері

Экономика салаларын және оның экспорт құрылымын дамыту перспективаларын талдау және бөліп көрсету үшін елдің экономикасын әртараптандыру мен экспорттық әлеуетін бағалау жөнінде әдістемелік тәсілдерді айқындау қажет. Бұл мәселе бойынша отандық және шетелдік ғылымда белгілі бір тәжірибе жинақталған, бірақ әмбебап әдіс әлі жоқ екенін атап өткен жөн.

Шетелдік зерттеулерде негізгі көрсеткіштер жұмыспен қамту және жалпы қосылған құн (ЖҚК) болып табылады. Бұл тәсілдің артықшылығы - ол экономикадағы қазіргі тенденцияларды дәл көрсетеді және сонымен бірге құн мәндеріне тәуелді емес. Алайда, бұл көрсеткіштер әртараптандыру мәселелерін зерттеуге бейімделмеген ақпараттық-статистикалық базаның жеткіліксіздігіне байланысты нақты экономикалық жағдайды көрсетпейді,

бұл өз кезегінде жүргізілген есептеулердің сенімді және сенімді нәтижелерін алуға мүмкіндік бермейді [50].

Алайда, әртараптандыру деңгейін анықтауда туындайтын барлық қиындықтарға қарамастан, қазіргі уақытта әртүрлі ғалымдардың зерттеулерінде оны анықтауға келесі тәсілдер ұсынылады.

Еуропалық зерттеулерде пайдаланылатын ақпаратты жинау және өңдеу әдістері, әртараптандыру деңгейін бағалаудың қолданылатын критерийлері біздің елдің аймақтары немесе салалары мысалында бағалауда біршама кедергілер кездеседі. Себебі, әртараптандыру мәселелерін зерттеуге бейімделген ақпараттық - статистикалық базаның жеткіліксіздігі, ол өз кезегінде зерттеу қорытындысында сенімді нәтижелерді алуға мүмкіндік бермейді. Әртараптандыру деңгейін есептеудің бәріне ортақ тәсілінің жоқтығы бұл саланың зерттеушілері тарапынан көптеген бағалау әдістемелерін ұсынуға негіз болды.

Кәсіпорын деңгейінде Гребенкова О.А. [51] әртараптандыру деңгейін анықтау үшін әртараптандыру деңгейінің дисперсиясын жалпы түсімдегі белгілі бір өнім түрі түсімінің нақты салмағын қолдана отырып есептейді. Кофанов А. [52] және Дуженко Т.И. [53] аймақтық экономиканың әртараптандыру деңгейін бағалау үшін экономикалық қызметтің белгілі бір түріне қосылған құн салымының құрылымдық коэффициентін пайдалануды ұсынады. Сонымен қатар, аймақтық экономиканы әртараптандыру немесе мамандандыру дәрежесін бағалау үшін Кофанов А. және Дуженко Т.И. дисперсиялық талдау арқылы анықталған құрылымдық коэффициенттер мәндерінің біртектілігі ұғымын қолдануды ұсынады.

Әртараптандыруды бағалаудың тағы бір әдісі - елдердің экономикалық күрделілігін анықтау әдісі. Бұл әдісті Рикардо Хаусман (Гарвард университеті) және Цезарь Хидалго (МТУ) жасаған (<http://atlas.cid.harvard.edu/>) [54]. Бұл тәсіл дәйектілік принципіне негізделген. Басқаша айтқанда, ел өзінің экспорттық қоржынына экспортталатын өнімдерге жақын тауарларды қосуы керек, өйткені неғұрлым күрделі тауарларды өндіру белгілі бір ингредиенттердің болуын талап етеді. Мысалы, егер ел тек ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге маманданған болса, оған экспорттық қоржынына машина жасау саласынан тауарлар қосу қиынға соғады, өйткені соңғыларын шығару үшін экономика неғұрлым күрделі өндірістік ингредиенттерді жинақтауы тиіс (инженерлік құрамды дайындау, арнайы инфрақұрылымды қалыптастыру және т.б.). Осылайша, Атлас әлем

елдерінің экономикалық күрделілігін бағалайды, әлемде экспортталатын тауар түрлерінің, олардың технологиялық жақындығы байланыстарының көмегімен көрсетілетін визуализациялауды қамтиды. Сонымен қатар, Атлас қандай экспорттық тауар арқылы қай экономиканы әртараптандыруға болатындығы туралы түсінік береді [55].

Осы әдіске сүйене отырып, халықаралық сауда орталығы (ITC) әзірлеген тағы бір әдіснамалық тәсілге тоқтап өтуге болады. Әдістеме кешенді индикаторды құру үшін экспорттық әлеуеттің үш өлшемін ескереді. Біріншісі - экспорттаушының әлемге қатысты ағымдағы экспорттық көрсеткіштерін көрсететін ұсыныс жағын өлшеу. Екіншісі - әлемге қатысты импорттық нарықтың ағымдағы сыйымдылығын көрсететін сұраныс жағын өлшеу. Үшіншісі - елдер арасындағы сауда өзара іс-қимылының ағымдағы сипаттамаларын көрсететін өзара іс-қимыл өлшемі. Үш өлшем сандық статистиканы қолдана отырып бағаланады [56]. Елдер деңгейінде ХСО сауда тиімділігінің индексінің есебін жүргізеді, мұнда сыртқы сауданың ағымдағы жай-күйін сипаттайтын негізгі индикаторлар мыналар болып табылады: таза экспорттың көлемі; халықтың жан басына шаққандағы экспорт; ел экспортының әлемдік нарықтағы үлесі; тауарлық әртараптандыру және шоғырландыру; нарықтық әртараптандыру және шоғырлану.

Жоғарыда баяндалған әдіснамалық тәсілдерді аймақтардың даму болжамдарын, оның ішінде олардың экономикалық өсу қарқынын, экспорттың көлемі мен құрылымын құруда, сондай-ақ индустриялық даму және экономиканы әртараптандыру стратегияларын жасау шеңберінде пайдаланылуы мүмкін. Әдіснамалық тәсілдерге шолу жасай отырып, экономиканы әртараптандыру деңгейін және оның экспортқа бағдарлануын бағалау әдістемесін жасау кезінде шығарылатын өнімнің инновациялылығы, өндірістік ингредиенттерді оқшаулау, базалық технологиялардың болуы және т. б. сияқты факторлар пайдаланылады деген қорытындыға келуге болады.

Экспортты әртараптандыру деңгейін бағалау кезінде түрлі статистикалық ұйымдардың (Әлемдік банк (Worldbank), Халықаралық сауда орталығы (International trade center, ITC), Дүниежүзілік сауда ұйымы (WTO), БҰҰ-ның деректер базасы (UNComtrade) деректері бойынша көбіне сандық бағалау қолданылады. Сонымен қатар кейбір зерттеулерде индекстік әдіспен де бағалайды.

Кесте 4 – Экспортты әртараптандыруды бағалаудың тәсілдері

		формула	анықтамасы
1	Херфиндаль Хиршман коэффициенті	$H = \frac{\sum_{i=1}^N \left(\frac{x_i}{\sum_{i=1}^N x_i} \right)^2 - \sqrt{\frac{1}{N}}}{1 - \sqrt{\frac{1}{N}}}$	экспортталған сала үлесінің квадраттарын қосу арқылы есептеледі
2	Энтропия коэффициенті	$S = \sum_{i=1}^m Y_i \ln \frac{1}{Y_i}$	экономика құрылымдарының тепе-тең бөліп салыстыруға мүмкіндік береді
3	Баласса индексі	$RCA = \frac{x_i / X}{x_{wi} / X_w}$	саланың сауда көрсеткіштерін орташа әлемдік мәнмен салыстыруға негізделеді
4	Экспорттық бәсекеге қабілеттілік индексі	$XCI = \frac{x_{ij} / X_{it}}{m_{kj} / M_{kt}}$	RCA индексінің модификацияланған түрі. Одан айырмашылығы әлемдік экспорт пен әлемдік өңдеу саласының орнына импорт көрсеткіштері пайдаланылады
5	Экономикалық күрделілік индексі	Өндіріс білімін 2 көрсеткіш арқылы бағалайды: diversity – әралуандық, ubiquity – жеткізу деңгейі.	Әрбір елдерді салыстыра отырып экономикадағы өсу және жалпы ішкі өнімнің айырмасын көрсетеді. Әралуандық – экспортталатын өнім саны, жеткізу деңгейі – географиялық нарықтағы мемлекеттер саны.
6	Хаусман - Клингер әдісі	PRODY, EXPY	Келешекте ел экспортының белгілі бір тауарға мамандануын болжайды
7	Тейл индексі	$T = 1/K \sum \{ x_k \bar{x} \cdot \ln(x_k \bar{x}) \}$	Тейл индексі белгілі бір тауар түріне немесе салаға пайдалануға болады. Тейл индексі есептеуде төменгі мәндерді жақындастыру және жоғары мәндерді жою үшін логарифмдік шкала қолданылады.
Ескертпе – автормен құрастырылды			

Әртараптандыру деңгейін анықтау кезінде туындайтын барлық қиындықтарға қарамастан, қазіргі кезде түрлі ғалымдардың зерттеулерінде оны анықтаудың келесідей тәсілдер кездеседі.

Қазіргі уақытта әртараптандыру деңгейін сандық бағалау үшін көптеген ғалымдардың зерттеулерінде экономикалық жүйелердің әртараптандырылуын талдауға немесе оларды өзара салыстыруға мүмкіндік

беретін индекстер ұсынылған. Оларға энтропия коэффициенті және Херфиндаль-Хиршман коэффициенті жатады [57].

Энтропия коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

$$S = \sum_{i=1}^m Y_i \ln \frac{1}{Y_i}, \quad (1)$$

мұнда m -экономика секторларының жалпы саны,

Y_i - жалпы көлемдегі әрбір сектордың үлес салмағы.

Бұл коэффициент экономика құрылымдарының тепе-тең бөліп салыстыруға мүмкіндік береді. Көрсеткіштің жоғары мәні әртараптандыру деңгейінің жоғаралығын, ал төмен мәні – экономиканың маманданғанын білдіреді. Барлық қызмет бір сектордың үлесінде болған жағдайда энтропия коэффициентінің ең аз мәні (нөл) болуы мүмкін. Ал экономикадағы секторлар барынша тепе-тең бөлінген жағдайды коэффициенттің ең жоғарғы мәніне қол жеткізіледі.

Сонымен қатар шоғырлану (немесе әртараптандыру) деңгейін бағалау үшін ұсынылған Херфиндаль-Хиршман (Export Diversification Index) коэффициенті немесе «шоғырлану индексі» экономиканың әртараптандырылуын бағалау үшін ғылыми әдебиетте кеңінен қолданылады. Индекстік есептелуі өте қарапайым, экспортталатын салалардың жалпы экспорттағы үлесінің квадраттарын бір-біріне қосу нәтижесінде бағаланады.

$$H = \frac{\sum_{i=1}^N \left(\frac{x_i}{\sum_{i=1}^N x_i} \right)^2 - \sqrt{\frac{1}{N}}}{1 - \sqrt{\frac{1}{N}}}, \quad (2)$$

x_i - белгілі бір саланың жалпы экспорттағы үлес салмағы,

N - нарықтағы барлық саланың саны.

Индекстің қорытындысы 0 және 1 ортасын көрсетеді. Херфиндаль-Хиршман шоғырлану дәрежесін көрсететіндіктен 1-ге жақындаса шоғырлану деңгейінің, керісінше 0-ге жақындаған сайын әртараптандыру деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

Бұл коэффициенттердің максималды мәні көп жағдайда қарастырылатын секторлардың жалпы санына байланысты. Бұл есептеулердің тиімділігі қарапайымдылығында, ал кемшілігі – сектор ішіндегі әртараптандыру деңгейін ескермейді. Мәселен машина жасау

секторы аймақтың немесе ел экспортының 60% құраса, сәйкесінше экспорттың шоғырлану деңгейі жоғары болады. Өйткені экспортта бір саланың үлесі жоғары. Дегенмен мұнда машина жасау саласының ішінде экспортталатын тауар түрі өте көп болып әртараптандыру деңгейі жоғары болуы мүмкін. Сондықтан мұнда салалық зерттеу қолдану қажет [58].

Экспорттың әлеуетті бағалауда әртүрлі көрсеткіштер пайдаланылады, солардың құрамында елдің халықаралық қатынастарға қосылу көрсеткіші (жалпы өндірістегі экспорттың үлесі); ел экономикасының ашықтығы (елдегі импорттың үлесі); сауда сальдосының көрсеткіштері (экспорт пен импорт); сала экспортының әлемдік деңгеймен салыстыру (экспортталатын саланың әлемдік экспорттағы үлесімен тепе теңдігі).

Көптеген зерттеулерде елдің мамандану деңгейін бағалайтын Баласс коэффициенті. Америкалық экономист Белла Баласс 1965 жылы әзірлеген «Анықталған салыстырмалы артықшылық» индексі (Revealed Comparative Advantage, RCA)» немесе Баласса индексі – елдің өңдеу өнеркәсібі саласы экспортының жалпы экспорттағы үлесін әлемдік деңгейдегі қатынасымен өлшенеді, яғни саланың сауда көрсеткіштерін орташа әлемдік мәнмен салыстыруға негізделеді. Белгілі бір саланың экспорттық мүмкіндіктерін бағалау үшін ең танымал және кеңінен қолданылатын көрсеткіш. Индекстің есептелуі:

$$RCA (\text{Revealed Comparative Advantage}) = \frac{x_i / X}{x_{wi} / X_w} \quad (3)$$

x_i - аймақтың өңдеу өнеркәсібі экспорты;

X - аймақ экспортының жалпы көлемі;

x_{wi} - өңдеу өнеркәсібінің әлемдік экспорты;

X_w - жалпы әлемдік экспорт.

Индекстің мәні мамандану (артықшылық) болмаған кезде 0-ден 1-ге дейін, ал бәсекелестік артықшылық болған кезде 1-ден шексіздікке дейін өзгеруі мүмкін. Егер RCA индексі 1-ден қаншалықты жоғары болса, онда соншалықты сала бәсекеге қабілетті, яғни ел бәсекелестік артықшылыққа ие деп есептеледі, ал RCA индексі 1-ден аз болса, онда саланың бәсекеге қабілеттілігі төмен, бәсекелестік артықшылыққа ие емес. Индекс елдің салыстырмалы артықшылықтары бар саласын анықтауға, экспорттық мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Келесі индекс – «экспорттық бәсекеге қабілеттілік» индексі (Export Competitiveness Index, XCI). Бұл индекс жоғарыдағы «Анықталған

салыстырмалы артықшылық» индексінің модификацияланған түрі болып табылады. Одан айырмашылығы әлемдік экспорт пен әлемдік өндеу саласының орнына импорт көрсеткіштері пайдаланылады. Есептелуі төмендегідей:

$$XCI (\text{Export Competitiveness Index}) = \frac{x_{ij} / X_{it}}{m_{kj} / M_{kt}} \quad (4)$$

x_{ij} – өндеу өнеркәсібі саласының экспорты;

X_{it} – елдің жалпы экспорты;

m_{kj} - өндеу өнеркәсібі саласының импорты;

M_{kt} - елдің жалпы импорты.

Индекстің мәні нөлден шексіздікке дейін болуы мүмкін. Индекс 1-ден қаншалықты жоғары болса, онда саланың экспорттық бәсекеге қабілеттілігі соншалықты жоғары, ал индекс 1-ден аз болса, онда саланың экспорттық бәсекеге қабілеттілігі төмен деп есептеледі.

Келесі индекс Р.Хаусман мен С.Идальго 2009 жылы әзірлеп ұсынылған «экономиканың күрделілік индексі» (Economic complexity index, ECI) кейде Гарвард индексі деп те атайды. Аталған индекс негізінен жалпы елдердің экономикалық өсімі және ЖІӨ-нің айырмасын негізге алады.

Хаусман – Клингер әдістемесі белгілі бір мемлекет экспортының келешекте қандайда бір өнімге қабілетін көрсетеді. Сонымен қатар бұл тәсіл елдегі экспорттың мүмкіндігі жоғары саласының артуын болжауда пайдаланылады. Экспорттық өсімнің төмендеуіне экспорттық қоржынның шоғырлануы әсер етеді [14].

Херфиндал-Хиршман және Энтропия коэффициенттері нақты экспорттың әртараптандыру дәрежесін көрсетсе, соңғы үш индекс Анықталған салыстырмалы артықшылық, Экспорттық бәсекеге қабілеттілік және экономикалық күрделілік индекстері көбіне экспорттың әлеуетті есептейді. Экспорттық әлеует дегеніміз – шетелдік нарықта баға және сапа арқылы бәсекеге қабілетті өнімді экспорттау қабілеті. Экспорт әлеуеті қаншалықты жоғары болса экспортты әртараптандыру деңгейі соншалықты жоғары болады.

Экспорттық әлеуетті бағалауда В.Мовчан, Р.Кирхнер Халықаралық сауда орталығының әдістемесін пайдаланады. Бұл кешенді әдіс үш өлшемнен тұрады [58]. Біріншісі - экспорттаушының әлемге қатысты ағымдағы экспорттық көрсеткіштерінің ұсыныс тарапының өлшемі (*Экспорттың жалпы құны, Әлемдік нарықтың үлесі, Экспорттың жалпы өсімі (құндық*

мәнде), *Анықталған салыстырмалы артықшылық индексі (RCA), Салыстырмалы сауда балансы*).

Екіншісі - әлемге қатысты импорттық нарықтың ағымдағы сыйымдылығын көрсететін сұраныс тарапын өлшеу (*Импорттың жалпы құны, Импорт өсімі (құндық мәнде)*).

Үшінші - сауда арасындағы өзара іс-қимылдың ағымдағы сипаттамаларын көрсететін өзара іс-қимылды өлшеу (*Нарықтағы үздік бәсекелестермен салыстырғанда орташа тарифтік артықшылық, Салыстырмалы анықталған салыстырмалы артықшылық (RCA), Нақты елге экспорт үлесінің жалпы экспорттың үлесіне қатынасы, Нақты елден импорт үлесінің жалпы импорт үлесіне қатынасы, Құн бірлігінің салыстырмалы мәні*) [59].

Әрбір өлшем бірнеше индикаторлардан тұрады. Олар әртүрлі өлшенгендіктен, оларды қалыпқа келтіру үшін 0-ден (ең төмен рейтинг) 100-ге (ең жоғары рейтинг) дейінгі ұпайлар қолданылады. Әрбір өлшем үшін орташа балл бағаланады. Содан кейін үш өлшем бойынша орташа көрсеткіш алынады.

Осыған ұқсас «Экспортты әртараптандырудың кешенді интегралды индексі» деп аталатын әдістеме негізінде есептеуді ҚР БҒМ ҒК Экономика институтының ғалымдары ұсынды (О.Сәбден т.б.) Бұл кешенді әдіс үш индекстік өлшемнің орташа арифметикалық бөлінідісі арқылы келесі формулада есептеледі.

$$I div = \frac{XCI + IAI + EPI}{3} \quad (5)$$

Мұнда әр индекс өзіндік бірнеше көрсеткіштерді топтастырады. Біріншісі - экспорттық бәсекеге қабілеттілік XCI (*өңдеу өнеркәсібі саласының экспорты, елдің жалпы экспорты, өңдеу өнеркәсібі саласының импорты, елдің жалпы импорты*).

Екіншісі – инновациялық белсенділік индексі IAI (Index of Innovative Activity) (*өңірдегі инновациялары бар кәсіпорындар саны; өңірдегі кәсіпорындардың жалпы саны*).

Үшінші – экспорттық әлеуеттің өмір сүру индексі EPI (Indexing of export potential) (*өңірдің жалпы пайда көлемі, жалпы өңірлік өнім*).

Аталған индекстің артықшылығы – зерттеу объектісін кешенді зерттеуге мүмкіндік береді. Алайда аталған әдістемемен Қазақстанның аймақтары мысалында есептелген мәндерін қарайтын болсақ, мұнда EPI

индексін қосып есептеудің қажеттілігі жоқ. Себебі, ХСІ және ІАІ индексінің мәні ондық, ол ЕРІ индексінің мәні жүздік көрсеткіште. Сондықтан қорытындыға оның әсері өте төмен. Сонымен қатар бұл экспорттық әлеуетті өлшеу әдістемесі болғандықтан ІАІ индексінің орнына ННІ индексін қолданған жөн деп есептейміз. ННІ индексі экспорттың шоғырлану индексін бағалау көрсеткіші болғандықтан, біз бұл әдісте оның кері мағынасын қолданамыз. Мәселен Атырау облысында ННІ индексінің көрсеткіші 0,8096 болса, бұл өңдеу саласының жоғары шоғырлануын білдіреді. Біз бұл көрсеткіштің 10 мыңнан кері мағынасы, яғни әртараптандырылу деңгейі ретінде 0,1904 көрсеткішін пайдаланамыз.

Осыларды ескере келе келесідей есептеуді ұсынамыз.

$$ExDO = \frac{XCI + ННІ + RCA}{3} \quad (6)$$

ЕРІ индексінің орнына анықталған салыстырмалы артықшылық RCA индексін (*аймақтың өңдеу өнеркәсібі экспорты, аймақ экспортының жалпы көлемі, өңдеу өнеркәсібінің әлемдік экспорты, жалпы әлемдік экспорт*) қолданған жөн деп есептейміз. Белгілі бір саланы жалпы әлемдік орташа деңгеймен салыстыру арқылы өлшеу маңызды. Сонымен қатар бұл 3 көрсеткіш те экспорттық көрсеткіштерді өлшеуге жақын болғандықтан формула атын да «экспортты әртараптандыру мүмкіндігі» (ExDO (Export diversification opportunities)) деп қолданған жөн. 10 субиндекстен құралған бұл әдістемені қолдану біршама қарапайым, сонымен қатар нәтижесі сенімді.

Бұл ұсынылып отырған әдіс арқылы біз аймақтардың экспортты әртараптандыру әлеуетін нақты бағалауға мүмкіндік аламыз. Себебі әрбір үш индексінің ішіндегі субиндекстердің барлығы аймақтың экспорттық мәліметтерінен құралған.

Бұл ұсынып отырған әдістеменің үш негізгі артықшылығы бар. Біріншісі, қажетті статистикалық ақпараттардың қолжетімділігі, екіншісі аймақтардың экспорттық жағдайын нақты әрі ашық бағалауға мүмкіндік беруі және есептеу әдістемесінің қарапайымдылығы, кез-келген экспортталатын салаға қолдануға болады.

Дүниежүзілік банк, Дүниежүзілік сауда ұйымы сияқты халықаралық ұйымдардың деректерінде елдер мысалында, соның ішінде Қазақстан бойынша түрлі есептеулер табуға болады. Ал бұл есептеу арқылы біз

Қазақстанның аймақтарындағы көріністі көре аламыз. Мұның артықшылығы да осында. Бұл зерттеу нәтижелерін Қазақстанның өңірлерінде экспортты ілгерілету саясатын жүзеге асыру мен ұзақмерзімді стратегиялық жоспарлар әзірлеуде пайдалы құрал болады. Ұсынылып отырған индекстік әдістің модификацияланған түрімен есептеулерді диссертацияның екінші талдау, бағалау бөлімінде жүргіземіз.

Кесте 5 – Бәсекеге қабілеттілікті анықтауда қолданылатын сандық көрсеткіштер

Бәсекеге қабілеттілік динамикасы	Ұлттық экономиканың сыртқы бағалық бәсекеге қабілеттілігін сипаттауға арналған көрсеткіштер		
	<i>Салыстырмалы тиімділік</i>		
	Ішкі баға	Экспорт рентабельділігі	
	<i>Жалпы экономика экспортының әлеуеті</i>		
	«Анықталған салыстырмалы артықшылық» индексі	Баласс индексі	
	<i>Сыртқы шарттары</i>		
	Сауда шартының өсімі	Сыртқы нарықтың тұрақтылығы	
	<i>Сыртқы нарықтарда баға бойынша бәсекелесуге қабілеттілік</i>		
	Нақты бағамдар (жұмыс күші, өндіруші мен тұтыну индекстері)	Тиімді валюталық бағам	
	<i>Әлемдік нарық бағасының ауытқуына байланысты тұрақтылық</i>		
	Экспорт ағымын әртараптандыру (Хиршман индексі)	Қосылған құны бар жоғары технологиялық өнім үлесі	Сыртқы нарықтағы ауытқуларға сезімтал тауарлардың үлесі
	Экспорт құнының өсу қарқыны	Экспорт көлемінің өсу қарқыны	Экспорттың орташа бағасының өсу
Ескертпе – [60] дереккөзі негізінде құрастырылды			

Экспорттың бәсекеге қабілеттілігі номиналды құнына және экспортталатын өнімнің көлеміне байланысты, сонымен қатар орташа баға да әсер етеді. Экспорттық әлеуетті анықтауда белгілі бір мемлекетке, өндіріс салаларына немесе өнім тобына бағалау өткізуге болады. Сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттіліктің негізгі мына көрсеткіштермен қаралса болады (5-кесте):

Мына көрсеткіштер экспорттық тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды:

- Экспортқа шығатын салалардың шығындарының жиынтығы, еңбек өнімділігі, баға индексі т.б.

- Ішкі баға мен сыртқы баға тиімділігі арқылы бағаланатын салыстырмалы тиімділік;

- Жалпы экономиканың экспорттық әлеуеті;

- Сауда шарттарының өсімі;

- Сыртқы нарықтың тиімді шарттары;

- Әлемдік шикізат бағасына тәуелділікті төмендету үшін жоғары технологиялы қосылған құны бар өнімдер экспорты;

- Геосаяси және экономикалық тұрақтылық.

Жоғарыда экспортты әртараптандыру мен әлеуетін бағалау тәсілдерін зерделедік. Сонымен қатар біз осы зерттеу барысында аль-Мархубидің зерттеуін [61] негізге ала отырып Қазақстан мысалында экспортты әртараптандырудың экономикалық өсімге әсерін анықтадық. Бұл зерттеу нәтижесі скопус базасына енетін ғылыми журналда жарық көрді.

Сонымен қатар, бұл диссертациялық жұмыста жоғарыда аталған индекстердің көмегімен Қазақстанның аймақтар мысалында экспортты әртараптандыру мүмкіндігін бағаладық.

Қорытындылай келе, жоғарыдағы экспортты әртараптандыруды бағалау тәсілдерінің барлығы әлемдік деңгейдегі ғалымдармен ұсынылып, теориялық негізделіп, тәжірибеде қолданылған. Дегенмен уақыт өте әрбір тәсілдің артықшылықтары мен кемшіліктері басқа ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылып отырды. Мәселен, ННІ индексі 1965 жылдан бері көптеген зерттеулерде әлі күнге дейін пайдаланылып келеді, дегенмен салалық құрылымда басқа тәсіл пайдаланған жөн (түсіндірмесі жоғарыда берілді). Диссертацияның екінші бөлімінде жоғарыдағы тәсілдерді пайдалану арқылы Қазақстанның аймақтар мысалында экспортты әртараптандыру деңгейін талдап, біз ұсынған кешенді интегралды индекстік әдістемені

пайдалана отырып аймақтардың экспортты әртараптандыру әлеуетінің мүмкіндіктері бағаланып талданады және рейтингі әзірленді.

1.3 Экспортты әртараптандырудың институционалдық механизмінің негізі және шетелдік тәжірибесі

Экспортты әртараптандыру қызметін жүзеге асыру үшін қолайлы орта құруға мүмкіндік беретін институттардың тиімді жүйесі болғаны маңызды. Институционалды басқарудың тиімді құрылымы бар табиғи қазба-байлығы мол елдер тиімсіз институционалды басқаруы бар мемлекеттермен салыстырғанда қарқынды дамуға мүмкіндігі зор [6]. Бұл тұжырымды ғалым Гельб те растап, шикі мұнайға бай мемлекеттерде қолайлы басқару тетіктері бар елдер мұнайы мол басқаруы нашар елдерге қарағанда өз экспортын әртараптандыра алуына әлеуеті мол екенін дәлелдеген [7].

Институттар - бұл экономикалық өсу мен әлеуметтік-экономикалық дамуға ықпал ету үшін құрылған мамандандырылған мемлекеттік немесе квази-мемлекеттік ұйымдар. Олардың қызметі белгілі бір мәселелерді шешуде көмектесу және тәуекелдерді азайту.



Сурет 3. Институционалдық құрылым

Ескертпе: – [60] дереккөз негізінде құрастырылды

Институционалдық механизм - стратегиялық және тактикалық міндеттерді іске асыруға, сондай-ақ белгілі бір мақсатқа жету процесін қамтамасыз ететін ұйымдық және институционалдық құрылымдардың жиынтығы. Институционалдық құрылым бірнеше элементтерден тұруы мүмкін.

Олардың негізгі компоненттеріне мыналар жатады:

- мемлекет институты (сыртқы сауда саясаты, экспорттық қызметті ынталандыру, экспортқа бағдарланған кәсіпорындарды дамыту мен қолдау және т.б.).

- құқық институты (экспорттық қызметті құқықтық реттеу, экспорттық қызметті мемлекеттік қолдау, және т.б.).

- ғылым институты (әлемдік нарықта сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті өнім жасау мақсатында инновациялар генерациясы, технопарктер мен ғылыми орталықтар жүйесін құру және дамыту және т.б.).

- білім беру институты (инновациялық экономика үшін кадрлар даярлау, экспорттық қызметті жүзеге асыру ерекшеліктеріне оқыту және т.б.).

- бизнес институты (экспортқа бағдарлану, бәсекеге қабілетті өнімге сұраныс және т.б.).

- қаржы институты (салықтық жеңілдіктер, логистикалық шығындарын өтеу, субсидиялау және т.б.).

Бұл аталған институттар бір бірімен тығыз байланысты және басқарушылық, кадрлық, табиғи-ресурстық, инфрақұрылымдық, инновациялық өндірістік-технологиялық, маркетингтік және инвестициялық қызметтерді ұйымдастырады.

Әртараптандыруды ынталандырудың қазіргі заманғы саясаты:

- Ең алдымен өндірісті әртараптандыру, әр өңір мамандануына қарай жаңа өндіріс орындарын ашу;

- Заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;

- Салық саясаты (экспорттық пайдаға салық салудың төмендігі, өндірістік жабдықтардың кең номенклатурасын әкелу бойынша кедендік салық ставкаларын төмендету және т. б.);

- Тиімді кеден саясаты (кедендік рәсімдеуді жеделдету);

- Кәсіпорындардың стратегиялық секторларын қайта құрылымдау, дамытуды ынталандыру (атом, машина жасау, химия, тамақ өнеркәсібі т.б.)

- Салалық және секторлық даму стратегиялары кешенін қалыптастыру;

- Өңірлік салалық саясатты жандандыру;
- Инвестицияларды стратегиялық және әлеуметтік басым салаларды кеңейту

Ромердің эндогендік экономикалық өсу моделіне сүйене отырып Агосин экспортты әртараптандырудың экономикалық өсу қарқынына әсер етуінің эмпирикалық моделін жасады. Оның пікірінше дамушы елдер белгілі бір тауарларды экспорттауда бәсекелестік артықшылықтарға ие. Себебі дамыған және дамушы елдер арасындағы технологиялық алшақтық, жаңа технологияларды бейімдеу және елде бұрын өндірілмеген тауарлар өндірісі дамушы елдерді тиімді жағдайға шығарады және сол арқылы өндіріс пен экспортты әртараптандырады, - дейді [62]. Елде өндіріс пен экспортты табысты әртараптандыру үшін екі шартты орындалуы қажет: біріншісі, жаңа өнім өндірушілер үшін қажетті жағдайлар жасайтын тиісті инфрақұрылымның болуы (институционалдық механизм). Екіншіден, идеяның болуы және оны жеке сектордың іске асыруы. Табысты әртараптандырудың осы екі шарты бір-бірін мемлекет пен жеке сектор тарапынан толықтыруы тиіс.

Мемлекеттік құрылым мен жеке серіктестіктің өзара қарым-қатынасының осындай моделі мемлекеттің мынадай бағыттардағы маңызды рөлін айқындайды:

- жаңа салаларға тән инфрақұрылымдық жобаларға инвестиция салу;
- жаңа идеяларды қалыптастыру және бағалау кезінде пионер-кәсіпорындардың инвестиция алдындағы мұқтаждықтарына арналған шығындарды субсидиялау;
- адами капиталды қалыптастыру деңгейін арттыру.

Дүниежүзілік Банктің экономистері Лим, Саборовский Сирия мысалында өтпелі экономика жағдайында экспортты әртараптандыруға зерттеу жүргізді. 2001-2007 жылдар кезеңінде Сирия мысалында өтпелі экономика жағдайында экспортты әртараптандырудың даму үрдісін талдау елдің ННІ индексі бойынша экспортты әртараптандыру бойынша айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізгенін көрсетті (салааралық жоспарда 0,62-ден 0,14-ке дейін және салаішілік жоспарда 0,51-ден 0,31-ге дейін). Алайда Тайль индексіне сәйкес әртараптандыру әлеуетті (жаңа) салалардың дамуы мен экспорты есебінен емес, көп жағдайда көмірсутектер экспорты үлесінің төмендеуі және елдің дәстүрлі салаларында экспорттың өсуі есебінен экспорттық қоржынды одан әрі әртараптандыру үшін айтарлықтай

әлеует бар екенін анықтаған. Авторлардың пікірінше, бұл әлеуетті іске асыруда әлсіз институттар мен бизнес-ортаның болуына проблемасына туғызады. Әлсіз институттар алға қойған мақсаттарға жетуде нәтиже бере алмады [63].

В.Полтерович, В.Поповтың пікірінше құрылымдық әртараптандыру стратегиясын таңдауда алдарына даму міндетін қойған басқа елдердің тәжірибесіне сүйенуі тиіс. Экономикасы қарқынды дамып келе жатқан дамушы елдердің тәжірибесі бұл елдердегі экономикалық өсудің жоғары қарқыны экспортпен байланысты екенін көрсетті. дамушы елдер әлемдік нарыққа бәсекеге қабілетті және дайын өнім экспортын кеңейтуге негізделген экономикалық өсуге көбірек көңіл бөлуде. Басқаша айтқанда, экспортқа бағдарланған экономикалық өсу саясаты (export-led growth) экономика мен өндіріс құрылымын әртараптандыруға негіз ретінде алынады.

Бүгінгі таңда еліміздің экспорттық қоржынының шоғырлану себептері, институционалдық қызметтердің дұрыс ұйымдастырылмауы, халықаралық тәжірибенің болмауы және жеке мүмкіндіктерді объективті бағалауға қабілетсіздігі болып отыр. 20 ғасырда дамушы елдер мысалында қарқынды даму тұжырымдамасы қызу зерттеліп, көптеген сала ғалымдарының қызығушылығын арттырды. Жапондық ғалым К.Акамацудың «ұшып бара жатқан қаздар» теориясы Тынық мұхиты аймағындағы елдердің мысалында өз дәлелін тапқан еді. Бұл сол кездегі Жапонияның тоқыма өнеркәсібіне негізделген теорияға сәйкес үш кезең анықталады. Бірінші этапта, дерлік барлық салада шетелдік импорттың көлемі жоғары болады, екінші этапта осы импорттың орнын толтырушы өндіріс қарқынды дамиды, ішкі нарықты қамтамасыз ету арқылы импорттық өнімдердің үлесі азая бастайды. Соңғы үшінші кезеңде өндіріс көлемін кеңейту арқылы ішкі сұраныстан артылған өнімді сыртқы нарыққа экспорттайды. Бұл процесті графикалық суретке салып қарағанда ішкі өндіріс көлемі мен экспорттың дамуы теорияның атына сай ұшып бара жатқан қаздардың тобын елестетеді [64].

Бұдан кейінгі зерттеулерде белгілі бір салалардың бәсекеге қабілеттілігінің арту тенденциясы қайталанып отыратын цикл екендігі дәлелденді. Кей салаларда толық қайталану 50-60 жылды, кейбірінде одан да көп [65]. Акамацудың бұл теориясы өндірісті дамыту арқылы импортқа тәуелділіктен арылу және уақыт өте экспортқа зор серпін беретіні дамушы мемлекеттер мысалында қолдана бастады.

Коджим мен Озавтың «қуып жетуші цикл» теориясы осы Акацаму теориясын шетел трансұлттық компанияларыды, әртүрлі қолдау шараларын қосу нәтижесінде бұл зерттеудің аясын одан әрі арттырады. Зерттеуде Оңтүстік-Шығыс Азия елдері, Оңтүстік Корея, Сингапурдың даму нәтижесін түсіндіріп өтеді [66].

Электроника, жабдықтар және автомобиль жасау нарығында маңызды ойыншыларға айналған Азия елдерінің жетістіктері көптеген зерттеушілерді әртараптандыру - экономикалық даму мен жалпы экономиканың өркендеуі үшін жаңа ынталандыру құралы ретінде қарастыруға итермеледі.

Әртараптандыру сияқты құбылыстың астында берік теориялық негіз бар. Мысалы, 1950 жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму бойынша конференциясының (UNCTAD) бірінші бас хатшысы Рауль Пребиш эмпирикалық дәлелдерге сүйене отырып, ұзақ мерзімді перспективада шикізат тауарларының экспорттық бағасы импортталатын дайын өнеркәсіп өнімдерінің импорттық бағасына қатысты төмендейді деген болжам жасады. Шикізатқа экспорттық бағалар мен дайын тауарларға импорттық бағалардың арақатынасы дайын тауарлардың пайдасына өзгереді және шикізат саудасында тұрақты нашарлау байқалады.

Осыған байланысты шикізатты экспорттаушы елдердің, әсіресе әлсіз макро және микроэкономикалық саясатқа ие елдердің экономикалық жағдайы біртіндеп нашарлайды (мысалы, Ресей). Пребиш бұл үлгіні көптеген факторлармен түсіндіруге тырысты: шикізат пен дайын өнімдерге сұраныстың икемділігінің әртүрлі көрсеткіштері, тауарлардың бірінші және екінші топтарын өндірудің әртүрлі шарттары, шикізат пен дайын өнімді өндірушілердің әр түрлі геосаяси жағдайы және т. б.

Оның үстіне, шикізат экспорттайтын елдің басқа салаларда даму мүмкіндігін тұрақтайды және ресурстары өндіруші секторға шоғырланады. Шикізат бағасының жоғары құбылмалығына және экспорттық кірістің тұрақсыздығына байланысты шығынға ұшырайды. Макроэкономикалық тұрақсыздық елдің инвестициялық имиджіне және шетелдік инвесторлармен іске асырылатын инвестициялық жобалардың санына теріс әсер етеді. Осыған байланысты экспортты әртараптандыру экспорттық түсімді тұрақтандыруға ықпал етеді.

Сондай-ақ экспортты әртараптандыру проблемасының теориялық базисіне жапон экономисі Киминори Мацуяма ұсынған өсудің эндогендік моделін жатқызуға болады. Бұл модель қосымша құнның жоғары үлесі бар

өнімді құру кезеңдерінде «өндіріс процесінде оқытудың» оң әсеріне назар аударады. Дәл осы өңдеу өнеркәсібінде білім мен технологиялардың «толқуы», олардың әр түрлі салалардың қажеттіліктеріне бейімделуі байқалады. Сондай-ақ, модель экономиканың экспорттық әртараптандыруды дамыту процесінде жүріп жатқан әртүрлі жолдарын сипаттайды. Бірінші кезеңде, әдетте, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және өндіруші сектор дамиды. Өз дамуының белгілі бір кезеңінде ел шикізатты сыртқы нарықта сатудан түскен кірістерді және машина жасау, автомобиль және электронды өнеркәсіп, компьютерлік технологияларға тартылған инвестицияларды қайта бағыттай бастайды. Мұндай қайта құрудың жарқын мысалы ретінде Малайзияны атауға болады.

Экспортты әртараптандыру мәселесі дамуға ұмтылған мемлекеттердегі басшылардың әрдайым шешуі тиіс тақырыбы. Дегенмен, әртараптандыру қажеттілігі әлемдік экономикалық көшбасшы елдерде де танылады. «Жаңа өндіріс» мемлекеттік бағдарламасы (New Manufacturing, АҚШ), Төртінші индустриялық революция (Industry-4, Германия) өңдеуші өндірісті қайтаруды (жаңа технологиялық базада) және өнеркәсіптің жаңа салаларын құруды, жаңа индустрияландыруды жүзеге асыруды меңзейді. Қазақстан да соңғы жылдары көптеген елдермен сауда келісімін жасау және ЕАЭО, ДСҰ сияқты ұйымдарға мүше бола отырып, мемлекеттік бағдарламалар қабылдап өз экспортын әртараптандыруды көздейді.

Енді әлемдегі экспортты әртараптандыруды сәтті жүзеге асырған мемлекеттерге тоқталайық.

Қазіргі таңда көптеген мемлекеттер өзінің экспортын әртараптандыруға түрлі бағдарламалар қабылдауда. Экспортты әртараптандыру бағдарламаларының мәні неде? Ол дағдарысқа қарсы уақытша шаралар ма әлде мемлекеттің стратегиялық құралы ма? Бұл әр мемлекеттің экономикалық жағдайына, өндіріс құрылымына, географиялық орналасуына, табиғи ресурстардың бар немесе жоқ болуына және т.б. көптеген факторларға байланысты. Ғалымдар экспортты әртараптандыру мен елдің экономикалық өсімі арасында оң байланыс бар екенін ғылыми дәлелдеген. Яғни, экспортты әртараптандыру арқылы эконмикалық өсімді қамтамасыз етуге болады. Оның айқын мысалы, соңғы 20-30 жылда экспортын сәтті әртараптандырған тәжірибе ретінде Норвегия, Малайзия, Сингапур, Оңтүстік Корея елдерін атауға болады.

Норвегия тәжірибесі. Норвегия да Қазақстан сияқты табиғи ресурстарға бай мемлекет. Халық саны да аса көп емес, шамамен 5,5 млн адам. Норвегия 1990 жылы резервтік қор құрды, қазіргі таңда қорда \$1 трлн. жинақталған. Норвегия екінші дүниежүзілік соғыстан соң Еуропадағы ең кедей мемлекеттердің бірі болған. Қазіргі таңда Норвегия экономикасын да, экспортын да әртараптандыра алған әлемнің дамыған мемлекеттерінің бірі.

Норвегияда 20 жылдан астам уақыт бойы сауда профициті, яғни экспорт пен импорт арасында теріс сальдо болды. 2008 жылғы әлемдік қаржы дағдарысынан аз шығынмен өтуі үшін ел Үкіметі қолдан келгеннің бәрін жасады [67]. Ұлттық экономиканы қаржыландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету арқылы дағдарыстық құбылыстарды азайту бойынша шаралар қабылданды. Ұлттық экономикадағы осы жетістіктердің барлығын әлемдік нарықта мұнай мен газға жоғары баға кезеңінде жинақталған қордағы қаражатты тиімді пайдаланумен түсіндіруге болады

Норвегияда әртараптандыру табиғи жолмен қарқынды дамып келе жатқан мұнай-газ секторының айналасында жүрді. Сонымен қатар Үкімет өндірістік кластерлерді қолдады. Норвегияда әртараптандыру бойынша жауапты орган немесе арнайы бағдарламалар жоқ. Әртараптандыру бойынша салық салу немесе тікелей субсидиялар тұрғысынан бизнес үшін жеңілдіктер жоқ. Норвегия билігі негізгі күш-жігерін ресурстарды бақылауға, оларды өңдеуге және жеткізуге, жалдау ақысын алуға, сондай-ақ осы саладағы бизнес пен қызметкерлердің білімі мен құзыреттілігін құруға бағыттады.

2020 жылғы мәліметтерге сәйкес мұнай мен мұнай өнімдері жалпы экспорттың 50% жуығын құрайды. Ал экспортының басым бөлігі Ұлыбритания, Германия, Швеция, Нидерланды, Қытай, Франция елдеріне экспортталады.

Норвегияның әлемдік теңіз жолына қол жетімділігі және әлемдегі төлем қабілеттілігі жоғары аймақтардың бірі – Батыс Еуропаға жақын орналасуы экспортты әртараптандыруға мүмкіндік берді. Норвегияның мұндай жетістіктерге жетуін институционалды тиімді басқару жүйесінің болуымен байланыстыруға болады.

Малайзия тәжірибесі. Малайзия аграрлық елден және қалайы мен каучуктың ірі экспорттаушысынан бәсекеге қабілетті жаңа салаларды құруға ұзақ, қиын, бірақ сәтті жолдан өтті. Экономикадағы өрлеу мен құлдырау кезеңдеріне қарамастан, экспорттық әртараптандыру бағыты дами берді.

Әртараптандырудың негізі - шикізат сатудан түскен кірістер есебінен қаржыландырылған индустрияландыру болды. Бұл процесс Ұлыбританиядан тәуелсіздік алған 1957 жылдан басталды. Осы уақыт ішінде Малайзия экспортының құрылымы түбегейлі өзгерді. Егер 1950 және 60-шы жылдары негізгі экспорт қалайы, каучук, кейінірек пальма майы болса, әртараптандыруға жүргізілген саясатының нәтижесінде қазір елдің экспортындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 80%-дан асты. Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібінің экспортында электроника айтарлықтай үлес алады.

1957 жылдан бастап Малайзия экономикасының өсуі жылына 6% құрады және осы уақыт ішінде жан басына шаққандағы табыс 24 есе өсті. Табиғи ресурстардың болуы «голланд ауруын» туғызбағанын, бірақ елде индустрияландыруды жүргізуге ықпал еткенін ерекше атап өткен жөн. Малайзия импортты алмастыру кезеңдерінен өтті, олар өңдеу өнеркәсібін толыққанды экспортқа бағдарланған салаларды дамытуға дейін дамытуға негіз болды. Табиғи ресурстардың артық болуы ішкі сұранысты ішінара қанағаттандыруға мүмкіндік берді.

Мұндай күрделі жолды шетелдік инвестициялардың қатысуынсыз өту мүмкін емес, мысалы, Малайзияда олар алдымен ауыл шаруашылығының дамуына ықпал етіп, содан кейін өңдеу өнеркәсібі мен жоғары технологиялар саласына бағытталды.

Өңдеуші өнеркәсіптің өсуі, өзінің экспорттық қоржынын кеңейту, нарыққа бәсекеге қабілетті өнім шығару және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану – осының бәрі экономиканы сыртқы әсерлерге қатысты неғұрлым тұрақты етеді, демек инвесторлар үшін неғұрлым тартымды етеді, олар инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы қандай да бір салалардың дамуына одан әрі ықпал ететін болады.

Сонымен қатар, әртараптандыру стратегиясы табиғи ресурстарды пайдаланудан бас тартуды негізгі міндет етіп қоймайды, бірақ сыртқы нарықта ұсынылуы мүмкін тауарлар номенклатурасын кеңейтуге бағытталған. Мәселен, экспортты әртараптандыру нәтижесінде Финляндия енді орман өнеркәсібімен ғана емес, сонымен қатар жоғары технологиялық өнімдер өндірумен де байланысты.

Корея тәжірибесі. Корея Республикасы – Азияның жолбарысы атанған ел. Бүгінгі таңда Оңтүстік Корея экспортқа бағытталған ел болып табылады, оның көлемі Дүниежүзілік Банктің мәліметтері бойынша 2020 жылы \$512 млрд құрады, бұл елді әлемдегі жетінші ірі экспорттаушы етті.

Алайда, бұл бірден болған жоқ. 1950 жылы мүлдем артта қалған ел болатын. Экспорт ЖІӨ-нің тек 3% ғана құрады, бұл ретте экспорттық өнімнің 88% бастапқы тауарлар болатын. Жалпы, осы кезеңде экономикалық өсудің төмендігі, халықтың жоғары өсуі, жинақ пен инвестицияларға бейімділіктің төмендігі, сондай-ақ төлем балансына қатысты елеулі проблемалар атап өтілді. Демек, ағымдағы саясатты өзгертіп, экспорттық бағдарға көшу қажет болды [68].

Корея 1960 жылы экспорттық бағдарға көшкеннен кейін экономикалық дамуға қол жеткізе бастады (1961-1980 жж.). Үкіметтің негізгі экономикалық мақсаттары негізгі салаларды күшейту, жұмыссыздықты азайту және басқарудың тиімді әдістерін жасау болды. Өнеркәсіптің негізгі салалары кеме жасау және машина жасау, электроника өнімдері деп танылды. Корея Үкіметі бұл бағытта жаңа өндірістер ашуды барынша қолдады, нәтижесінде өнеркәсіп өндірісінің өсуі жылына 25 % құрады, ал 70-ші жылдардың ортасында қарқыны жылына 45 % дейін өскен болатын.

1970-ші жылдардан бастап, Корея Республикасының экономикасы белсенді дами бастаған кезде, экспорт экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күшіне айналды. Экспортқа бағдарланған табысты стратегияның арқасында ел айтарлықтай экономикалық дамуға қол жеткізді. Қазіргі уақытта Корея Республикасының экспортында жоғары технологиялық тауарлар үлкен үлеске ие. Қазіргі уақытта өнеркәсіптік өндірістің 8 жаңа саласын анықтады, олар жақын болашақта елдің экономикалық өсуінің драйверлері болуы тиіс: электромобильдер, аэроғарыш саласы, робототехника, электроника, жартылай өткізгіш компоненттер, жаңартылатын энергетика, жаңа конструкциялық материалдар және биотехнология.

Корея Республикасының жоғары технологиялық тауарлар өндірудегі бәсекелестік артықшылықтарының нығаюына ғылыми-технологиялық салаға елеулі түрде қаржы құю ықпал етті.

Түркия тәжірибесі. Түркияды 1927 жылы Өңдеуші өнеркәсіпті ынталандыру туралы Заң қабылданды. Бұл заңға сәйкес жеңілдіктердің өндірісті дамытуда маңызы өте зор болды. Кәсіппен айналысқысы келетін азаматқа ондаған гектар жер берілді және барлық салықтардан босатылды. Кәсіпорынның өндірістік қызметі және оған қажетті құрылыс жұмыстары үшін шетелден келетін материалдарға кедендік салықтар салынбады. Әрбір кәсіпорынға жалпы өндірісінің он пайызын сыйлықақы ретінде берілді және

бұл тек алғашқы жылында болды. 1929 жылы экспорт пен импортқа толық бақылау қойылды, кедендік баж салықтары 50 % жоғарылатылды.

1920-1930 жылдары жеңіл өнеркәсіп, тоқыма саласы қарқынды дамыды. Үкіметтің отандық өндірісті қолдайтын заңдар қабылданды, бұл заңға сәйкес барлық мемлекеттік қызметкерлер импорттық киімнен қымбат болса да тек отандық өнімді, киімді пайдалануға міндетті еді.

Инвестиция салу және өндіріспен айналысатын компаниялар салық пен сақтандыру жарналарын төмендету, энергетикалық қолдау мен жерді еркін алу құқықтарына ие болып табылады.

Түрік үкіметі өз экспорттаушыларына: «Отандық өнімді бүкіл әлемге шығарыңдар, біз сендерге қажетті барлық қолдауды көрсетеміз»,-деді. Түркия одан әрі өсу мүмкіндіктерін жақсарту мақсатында Грузия экономикасын іс жүзінде сатып алды. Мемлекет ірі тұтынушы ретінде отандық өндірушілер үшін мемлекеттік сатып алу жүйесін іске асырып отырды. Мысалы, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іссапарларға міндетті түрде түрік әуе компаниясының ұшақтарымен ұшу керек. Елде шетелдік капиталдың қатысуына шектеулер енгізілген. Мәселен, әуе, теңіз, автокөлік және теміржол көліктерінде капиталдың 51 %-ы түрік резиденттерінің қолында қалуы тиіс.

Мұнай мен газға тәуелділік мәселесі ұзақ уақыт бойы кеңінен талқыланып келеді. Өңдеу өнеркәсібін дамытуға, білім мен технологияларды тартуға, отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға бағытталған түрлі мемлекеттік бағдарламалар әзірленуде. Экспортты әртараптандыру-өте ұзақ және еңбекті көп қажет ететін процесс, ол ірі корпорацияларға залал келтірсе де, түбегейлі реформалар жүргізуді талап етеді. Қазақстан үкіметі өңдеу салаларының жеткіліксіз қаржыландырылуы, адам капиталына инвестициялардың болмау мәселелерін шешуі керек. Шағын және орта бизнес компанияларының экспорттық әлеуетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға, шетелдік инвесторлар тарапынан ғана емес, отандық инвесторлар тарапынан да инвестициялық қызметті ынталандыруға баса назар аудару қажет. Ғылым мен инновацияны жеткіліксіз қаржыландыру мәселесін еске түсіру қажет.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, экспортты әртараптандыруда институционалдық механизмдердің маңызы мен бай шетелдік тәжірибесі бар екенін атап өткен жөн. Бірақ егер экономика

секторлары арасында қаржы ресурстарын бөлу теңгерімсіздігі мәселесі шешілмесе, мұның бәрі ешқандай нәтиже бермейді.

Бұл озық тәжірибелерді саралай келе Қазақстан да өзінің ерекшеліктеріне сай тәжірибелерді пайдалана алады. Мысалы, көптеген елдер шикізаттан түскен кірісті өңдеу саласына тиімді бағыттау арқылы біршама жетістіктерге жеткен. Шетелдік инвестиция да өндіріске оң әсер етеді және өндірушілерді институционалдық қолдау да өте маңызды.

Әрине мұндай жетістікке жеткен мемлекеттердің жүріп өткен моделін толыққанды сол қалпында біздің елімізде пайдалану мүмкін емес. Дегенмен, ұтымды тұстарын Қазақстан мысалында пайдалану қажет. Сонымен, Қазақстан Норвегия мысалын пайдалана отырып 2000 жылы Президенттің 23 тамыздағы №402 Жарлығы негізінде Ұлттық қор құрды. Бұл қордың негізгі мақсаты елдегі өңдеу өнеркәсібін нығайту болуы қажет еді. Алайда соңғы уақытта оның негізгі қаражаттары екінші деңгейлі банктерді дағдарыс жағдайынан шығаруға және бюджет тапшылығын толықтыруға жұмсалуда. Үкімет өңдеуші өнеркәсіпті қолдауды күшейтуі керек. Тиімді институционалды басқару жүйесінің болуы да маңызды. Малайзия тәжірибесі сияқты шикізаттан түскен түсімді өңдеу өнеркәсібін дамытуға тікелей бағыттау қажет. Экспортты әртараптандырудың негізі - өндірісті әртараптандыруда жатыр. Табиғи ресурстардың болуы елдегі индустриаландыру саясатын жүзеге асыруға оң ықпал етті. Шетелдік инвестицияны тиімді игеру арқылы алдымен ауылшаруашылығын, кейіннен өңдеу саласы, электрониканы жоғары деңгейде дамытты. Оңтүстік Корея елі жоғары технологиялы өндіріске басымдық берді. Ал Түркия болса мықты мемлекеттік қолдау арқылы отандық өндірістің дамуына жағдай жасады.

Кез-келген дамыған мемлекеттің артында мықты өндірісі, өнеркәсібі тұр. Қазақстан өз экспортын әртараптандыруда осындай озық әлемдік тәжірибелерді пайдалану арқылы оң нәтижеге жете алады. Ол үшін осы саладағы мәселелерді жүйелі түрде қарастыру қажет. Сондай-ақ салық, ақша-кредит, валюта, институционалдық салалардағы реформаларды да ескерген жөн. Отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін бастапқыда шетелдік өндірушілерге квота қою арқылы ішкі нарықты отандық өндірушілерге беру мүмкіндігін қарастырған жөн. Сонымен қатар экспортты субсидиялау, экспорттық шығындарды өтеу, логистикалық коридорларды дамыту Қазақстандық экспортты әртараптандыруға көмегін тигізері анық.

Қазіргі таңда Үкімет, ҚР Сауда және интеграция министірлігі бұл бағытта көптеген іс-шаралар атқаруда, бірақ әлі-де алда көптеген міндеттер тұр.

Бірінші бөлім бойынша қорытындылар:

1. Экспортты әртараптандыру тақырыбына байланысты көптеген ғылыми жұмыстарды зерделей отырып «экспортты әртараптандыру» ұғымының эволюциялық дамуы қарастырылды. Қазақстандағы экспортты әртараптандыру ұғымына көпвекторлы анықтамасы құрастырылды. Бұл ұғымның жалпыға ортақ белгіленген түсіндірмесінің болмауы авторлық көзқарасты ұсынуға мүмкіндік берді. Бұл Қазақстанның экспортты әртараптандырудағы саясатының мақсаты мен міндетіне сәйкес болуымен ерекшеленеді.

2. Бірнеше статистикалық агенттіктер мен ғалымдардың ұсынған экспортты әртараптандыруды бағалау әдістемелері зерттелді. Мұнда экспортты әртараптандыру деңгейін бағалаудың бірыңғай әдістемесінің болмауы себепті авторлар тапапынан «экспортты әртараптандыру мүмкіндігі» әдістемесі әзірленіп, ұсынылды. Бұл әдістеме аймақтар мысалында өңдеу саласын (кез-келген саланы) индекстік бағалаудың модификациясы негізінде әзірленді.

3. Осы уақытқа дейінгі зерттеулерді шолу негізінде экспортты әртараптандыруда институционалдық механизмнің маңыздылығы қарастырылды. Қазақстандағы бұл салаға жауапты негізгі институттардың жұмысына тоқталдық.

4. Экспортты әртараптандыруды сәтті жүзеге асырған мемлекеттер тәжірибесі зерделенді. 40-50 жылда ең озық алдыңғы қатарлы мемлекетке айналған Оңтүстік Корея, мол қазба байлық түсімін өңдеу саласына бағыттай отырып жоғары технологиялы мемлекетке айналған Норвегия, ұзақ әрі қиын индустрияландыру саясатын сәтті жүргізген Малайзия, өз өндірушілерін нақты әрі қатаң шаралар арқылы қолдаған Түркия тәжірибелері талданды. Осы шетелдік тәжірибелердің Қазақстан жағдайларына пайдалану мүмкіндіктері қарастырылған.

2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨНДЕУ САЛАЛАРЫ ЭКСПОРТЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ


2.1 Қазақстан Республикасы өңдеу өнеркәсібі экспортының даму тенденциясын талдау

Қазақстан экономиканың шикізаттық емес секторларын дамыту үшін экспортқа бағытталған өңдеуші өнеркәсіп салаларының өндірісін дамытуға арналған индустриялы-инновациялық саясатты жүзеге асыруда. Экспортты әртараптандыру мүмкіндіктерін қарастырудан алдын елдің өңдеу өнеркәсібі салаларының экспорттық даму тенденциясын талдап алған жөн.

Қазақстан бұл - ЖІӨ-нің 37%-ын экспорт құрайтын ашық экономика. Қазақстанның экспорттық көрсеткіштеріне тоқталар болсақ, географиялық құрылымында отандық тауарлар жаһанның 120-ға жуық еліне экспортталғанымен, оның 60% 6 мемлекетке ғана бағытталады (Қытай, Италия, Ресей, Нидерланды, Өзбекстан мен Түркия). Экспорттық өнім құрылымында 70-78%-ын шикі мұнай мен шикізат өнімдерінен тұрады. Бұл ел экспортының өнім құрылымында да, жеткізілетін нарық құрылымында да шоғырлану дәрежесі тым жоғары екенін көрсетеді.

Тұтастай алғанда, сыртқы сауданың соңғы он жылдағы дамудың оң серпінін көрсетті. Әлемдік бағаның өзгеруі ел экономикасына, оның ішінде сыртқы саудаға теріс әсер етеді. Мысалы, 2011 - 2014 жылдар кезеңіндегі ел экспортының ауқымы 84,3 – 86,4 млрд. АҚШ доллары арасында болса, 2016 жылы экспорттың 36,7 млрд. АҚШ долларына дейін төмендеуі тіркелді, Бұл әлемдік нарықтағы мұнай бағасының төмендеуінен, елдің еркін айырбас валюта бағамы режиміне көшуіне әкелді және бұл түптеп келгенде ұлттық валютаның күрт құлдырауына әкелді. 2018 жылы 61,1 млрд.АҚШ долларына дейін біршама көтеріліп, әлемдік пандемия кезінде тағы да 47,5 млрд.АҚШ долларына төмендеді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша 60,3 млрд.АҚШ долларына жетті. Экспорттың түсімнің мұншалықты тұрақсыздығы мен ауытқуы әртүрлі макроэкономикалық қиындықтарға алып келеді.


Теория бойынша экспорттың әртараптандырылуы валюталық кірісті тұрақты етеді, соның әсерінен сыртқы сауда қысымының әсері төмендейді. Қазақстан соңғы жылдары бірнеше рет сыртқы сауданың теріс қысымының әсерін алды. Оның негізгі басты себебі әлемдік мұнай бағасының төмендеуінен Қазақстандық экспорт 86,4 млрд. АҚШ долларынан 36,7 млрд. АҚШ долларына дейін күрт төмендеді (4 жылдың ішінде 2,5 есеге жуық) (4 сурет).



Сурет 4 – Қазақстанның сырқы сауда көрсеткіштері (млрд.АҚШ доллары)


Ескертпе – [69] дереккөз негізінде автормен құрастырылды

Оған сәйкес импорт та 49 млрд. АҚШ долл.-нан 25 млрд. шамасына дейін қысқарды. Экспорттан түсетін валюталық табыстың мұндай тұрақсыздығы макроэкономикалық қиындықтар туындатады. Мәселен, шетелдік инвестиция ағынының төмендеуі, елдегі жұмыссыздықтың артуы, елдің төлем қабілеттілігінің төмендеуі және импорттық өнімдерді алуда қиындықтар туындауы т.б. көптеген жағымсыз факторларға негіз болады.



Сурет 5 – 2021 жылғы экспорттың тауарлық құрылымы (пайызбен)

Ескертпе – [69] дереккөз негізінде автормен құрастырылған



Сурет 6 – 2021 жылғы импорттың тауарлық құрылымы (пайызбен)

Ескертпе – [69] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Қазіргі жаһандану жағдайында Қазақстанның ЖІӨ өсімі оның халықаралық экономикалық қатынастар жүйесінде белсенділігінің артуымен қатар жүрді. Өзінің ішкі нарықтарын ашқан Қазақстан ішкі, сыртқы тауар нарықтарында да бәсекеге қабілетсіз болып шықты. Осы күнге дейін бағасы тұрақты өсіп келген шикі мұнай экспортының артуы салдарынан тәуелсіздік алған жылдармен салыстырғанда сыртқы нарыққа сатылатын өнімнің тауарлық топтарының саны қысқарды, бұл Қазақстан экспорты шоғырлануының өсуіне алып келеді.

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан экономикалық тұрақсыздық, құлдырау және гиперинфляция кезеңін бастан кешірді. 1995 жылдардан кейін экономика біршама тұрақтанып, инфляцияның өсімі баяулады. Бұл кезеңде өнеркәсіп саласы құлдырап, экономика мұнай, газ және тау-кен секторларына негізделі бастады.

Егер экспорт динамикасын тәуелсіздік алғаннан бастап қазіргі кезеңге дейін қарайтын болсақ, онда шамамен 4 кезеңді көруге болады:

Егемендігімізді алған жылдардың бастапқа он жылдығында экспорт енді жолға қойылып, КСРО-ның құлауынан болған дағдарысты еңсере бастаған кезең;

2000 жылдан 2008 жылға дейін мұнай өндіру көлемінің артуы және әлемдік мұнай бағасының қарқынды өсуі кезеңі;

2009 жылдан 2016 жылға дейін мұнай бағасының рекордтық деңгейде өсуі, ел экспортының 100 млрд. АҚШ долларына жақындаған кезі.

Қазіргі заманғы кезеңі әлемдегі саяси және экономикалық жағдайдың тұрақсыздығына байланысты дүрбелең тұрақсыз кезең.

Экспорттан максималды кіріс түскен 2012 жыл, мұнай бағасының барреліне 111 АҚШ долларынан сатылып 86,4 млрд. долларға дейін жетті. Кестеден байқағанымыздай Қазақстан экспорты әлемдік шикізат бағасына өте тәуелді. Бұл өз кезегінде экспорттық түсімнің ауқымды ауытқуына алып келеді. Мұндай сыртқы түсімнің тұрақсыз кірісі мемлекеттің алдағы уақытта экономикалық процесстерді жоспарлауында қиындықтар туғызады. Сондықтан экспорттық табысты тұрақтандыру мақсатында өңдеу саласы экспорттын арттыру қажет, себебі оның бағасы әлемдік нарықта шикізат бағасына қарағанда тұрақты және жоғары, бұл экономиканың үдемелі дамуы үшін маңызды.

Кесте 6 – Үлесі жоғары тауарлардың экспорты

		2016	2017	2018	2019	2020	2021	Өткен жылға
1	ҚР экспортында мұнайдың үлесі	53	55	62	58	50	51	1
2	Үлесі жоғары 5 тауардың экспорты	68	69	74	71	66	68	2
3	Үлесі жоғары 10 тауардың экспорты	76	77	81	79	75	78	4
4	Үлесі жоғары 20 тауардың экспорты	84	84	87	85	83	82	-1
Ескертпе – [69,72] дереккөзі негізінде құрастырылды								

ҚР ИИДМБ үшінші кезеңінің негізгі мақсаты - еліміздің өңдеуші саланың ішкі және сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Мақсатқа жету индикаторы ретінде мынадай 4 көрсеткішті назарға алып отыр. Олар базалық 2018 жылмен салыстырғанда 2025 жылға: «өңдеу өнеркәсібінде еңбек өнімділігін базалық жылмен салыстырғанда 1,6 есеге нақты өсуі; Өңдеуші сала экспортын базалық жылмен салыстырғанда 1,9 есеге өсіру; Өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына салынған инвестициялардың нақты көлем индексінің базалық жылғы деңгейге қарағанда 1,6 есеге өсуі; базалық жылғы деңгейге қарағанда экономикалық белсенді халықтың 1000 адамына шаққанда өңдеуші өнеркәсіптің жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының санын 1,5 есеге ұлғайту; Экономикалық күрделілік индексі (Гарвард) 78-орыннан 55-орынға дейін (-0,31 балдан 0,14 балға дейінгі деңгейге) арттыру» міндет қойылған [1]. Бұл мақсаттарға

жету үшін ұлттық экономиканың құрылымындағы өзгерістер, ең алдымен, шикізат моделінен өңдеу өнеркәсібі саласына бағытталуы керек. Статистикалық деректер бойынша елдің жалпы экспортындағы өңдеу өнеркәсібі экспортының үлесі соңғы жылдары 30% шамасында. Яғни, экспорттың басым бөлігі – мұнай газдан құралған шикізат немесе төмен бөліністегі өнімдер.

Өңдеу салаларының экспортталатын өнімінің өндірісін әртараптандыру қажеттілігі Төртінші өнеркәсіптік революцияға көшу тұрғысында мемлекеттің басым бағыттарымен ұштасады. Ұлттық экономиканың мұндай ауысуы тауар номенклатурасындағы және экономиканың жалпы құрылымындағы өзгерістерді ғана емес, сапалы ғылыми-технологиялық базаны қалыптастыру және оның жұмыс істеуі негізінде жоғары технологиялық өндірістер құруды көздейді.

Келесі кестеде Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі саласының экспорттағы үлесі келтірілген.

Кесте 7 – 2012-2020 жылдардағы Қазақстан Республикасы экспортының серпіні, млн. АҚШ

	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	өсім, %
Жалпы экспорт	86,4	84,7	79,4	45,9	36,7	48,5	61,1	58,1	47,5	60,3	126,9%
Өңдеу өнеркәсібі экспорты	21,4	19,5	18,5	13,9	13,2	15,3	15,6	15,7	15,4	18,4	119,4%
Жалпы экспорттағы үлесі, %	24,8	23,1	23,3	30,5	35,5	31,9	25,6	27,3	32,5	30	-2
Ескертпе – [69] дереккөзі негізінде құрастырылды											

Өңдеу саласының жалпы экспорттағы үлесі 30% төңірегінде қалып отыр. 2020 жылы өңдеу өнеркәсібіні экспортының номиналды құны төмендегімен жалпы экспорттағы үлесі артқан, 2021 жылы керісінше номиналды құны артқанымен экспорттағы үлесі төмендеген. Сондықтан саланың даму динамикасын жалпы экспорттағы үлесімен бағалау дұрыс емес. Біздің ұсынысымыз, саланың тұрақты өсімін қамтамасыз ету үшін ұзақ

жіне орта мерзімді жоспарда жалпы экспорттағы үлесі емес номиналды құны маңызды.

Экономика құрылымының төмен технологиялық өнеркәсіптік құрылымы айқын. Бұл өңдеу өнеркәсібінің экспортқа бағдарланған өндірістерін мемлекеттік қолдаудың ерекше тетігін әзірлеуді қажет етеді. Мұндай қолдау өңдеу өнеркәсібі салаларының кәсіпорындарындағы еңбек өнімділігі төмен және оның өсу қарқыны да жеткіліксіз болуымен байланысты (8-кесте). Қазақстанда орта есеппен бір адам-сағатқа сатып алу қабілетінің паритеті бойынша 28 АҚШ долл.сомаға ЖІӨ өндірілді, бұл көрсеткіш экономикасы озық мемлекеттермен салыстырғанда 2-2,5 есе төмен.

Кесте 8 – Еңбек өнімділігінің индекстері, өткен жылға қарағанда, %

	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
Өнеркәсіп	97,0	99,5	96,0	99,2	99,3	107,4	104,4	104,1	99,5	103,6
Өңдеу өнеркәсібі	102,8	102,1	103,8	97,3	99,0	103,6	104,5	105,8	104,0	104,7
Ескертпе – [69] дереккөзі негізінде құрастырылды										

Өңдеу өнеркәсібі сала өндірістерінің еңбек өнімділігінің төмендігінің себептерінің бірі негізгі құралдардың жоғары тозуы болып табылады, мысалы, Қазақстанда қызметтің барлық түрлері бойынша тозу коэффициентінің орташа көрсеткіші 37,1%-ды құрады. Бұл ретте өңдеу өнеркәсібінің салалары бойынша негізгі капиталға инвестициялардың жетіспеушілігі, біздің ойымызша, оның тауарлық құрылымын өзгерту бойынша қолда бар алғышарттарға қарамастан, оның ұлттық экономиканың драйвері болуына мүмкіндік бермейтін басты себептердің бірі болып табылады. Сондықтан, жоғарыда атап өткеніміздей, негізгі капиталға инвестициялар ағынына шоғырлану қажет (9-кесте). Төмендегі кестеде олардың ағымының жыл бойына біркелкі болмауына қарамастан, олардың көп бөлігі металлургия өнеркәсібіне, тамақ өндірісіне, Кокс және мұнай өңдеу өнімдеріне, химия өнеркәсібіне, ал ең азы машина жасау саласына және фармацевтикаға бағытталғанын байқауға болады. Жоғары технологиялық өнімдер өндірісіне жататын компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндірісіне инвестициялар 2021 жылы өңдеуші өнеркәсіпке салынған барлық инвестициялардың тек 1,3% құрайды.

Кесте 9 – салалар бойынша өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестициялар (млрд. тг)

	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2020 жылға, %
Өңдеу өнеркәсібі	722,2	774,2	834,1	981,6	1247,1	1017,1	1077,8	1541,7	137,4
Азық-түлік өнімдерін өндіру	40,8	56,0	62,8	94,2	123,2	90,1	109,1	118,3	106,7
Сусындар өндірісі	19,9	11,4	15,7	17,0	20,3	24,3	21,9	32,7	143,3
Темекі өнімдерін өндіру	4,7	3,4	6,5	7,3	6,3	8,8	10,1	7,6	72,8
Тоқыма бұйымдарын өндіру	4,1	4,8	2,2	1,5	7,9	7,6	2,9	4,3	148
Киім өндірісі	0,8	5,1	1,6	2,1	1,5	0,4	1,2	1,2	99,3
Былғары және оған жататын өнімдер өндірісі	2,0	0,2	3,5	2,2	0,3	1,1	1,2	0,2	22
Жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіру	1,5	2,5	1,2	0,6	1,7	1,4	3,4	0,7	22,4
Қағаз және қағаз өнімдерін өндіру	3,2	3,5	6,5	15,0	8,3	7,4	5,7	8,5	144,2
Полиграфиялық қызмет, жазылған материалдарды жаңғырту	2,0	2,0	1,4	2,5	2,0	1,9	0,7	1,1	136,6
Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	61,0	145,0	234,3	414,7	558,7	180,1	68	94,9	134,1
Химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру	95,5	62,4	55,8	51,9	65,5	168,1	301,2	485,3	158,1
Негізгі фармацевтикалық өнімдер өндірісі	15,4	10,9	11,5	8,0	8,2	8,1	15,3	58,4	135,1
Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру	8,9	5,8	10,7	9,6	6,4	9,2	14,3	21,5	390,3
Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндіру	81,6	96,3	65,0	84,7	116,9	101,1	67,1	138,2	204,8
Металлургия өнеркәсібі	304,6	300,9	298,6	185,6	242,9	320	372	449,5	116,1
Машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдары	22,6	7,0	10,7	19,3	15,8	23,8	14,5	46,1	304
Компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндірісі	2,3	1,9	2,8	3,2	4,2	1,7	5,4	1,3	233,8
Электр жабдықтарын өндіру	6,7	7,5	4,1	4,8	18,9	15,8	22,6	9,5	40,5
Басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндіру	14,0	15,6	15,7	12,2	6,5	8,2	11,8	10,7	89,2
Автокөлік құралдарын, трейлерлер, жартылай тіркемелер өндіру	14,4	1,6	2,1	5,4	3,2	13,5	16,4	21,5	125,3
Өзге де көлік құралдарын өндіру	3,9	16,8	3,0	25,2	10,5	3	4,3	12,6	6,3 есе
Жиһаз өндірісі	0,9	2,7	1,2	3,1	1,7	2,1	1,3	1,9	136,7
Өзге де дайын бұйымдар өндірісі	1,1	0,4	1,0	1,8	8,0	2,1	4,3	5,2	117,5
Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату	10,4	10,9	16,5	9,9	8,3	16,5	9,7	9,6	94,5
Ескертпе – [69] дереккөзі негізінде құрастырылды									

Ресей (рейтингте 4-ші орын) 2018 жылы Қазақстан экономикасына 1,5 млрд АҚШ долларын инвестициялады, бір жыл ішінде инвестициялық белсенділікті 22,2% - ға арттырды.

Еуропалық серіктестер (ЕО елдері) 2018 жылы ҚР экономикасына 11,6 млрд АҚШ долларын инвестициялады (+15,8%). ЕО елдерінің инвестициялары Ұлттық экономика үшін стратегиялық сипатқа ие, өйткені олардың үлесі 48% құрайды. Қазақстан мен Еуропалық Одақ 350 млн АҚШ долларынан асатын 5 бірлескен жоба ұйымдастырды. Дегенмен, Еуропалық Одақ елдерінің жартысына жуығы Қазақстанға инвестициялық ағымдарды қысқартты. Финляндия ҚР-дағы ТШИ-ді бірден 63,3% - ға азайтты, жыл ішіндегі көлем 30,1 млн доллардан 11 млн долларға дейін төмендеді. Бельгия-стратегиялық серіктес-инвестициялық ағымдарды 1,9% - ға әлсіретті, бұл ақшалай баламада 19,9 млн. АҚШ доллары. Жалпы, ЕО-ның 12 елі Қазақстанға инвестициялық ағымдарды 12,2% - ға қысқартты.

Қазақстанда өңдеу саласына инвестицияның көлемі ұлғайғанымен жалпы үлесте тау-кен саласынан қалып отыр. 2021 жылы еліміздің өңдеу саласының кәсіпорындары негізгі капиталға құйылған инвестицияның көлемі 1 541,7 млрд. теңгеге жетті, бұл көрсеткіш 2010 жылмен салыстырғанда төрт есеге артқанын көрсетеді (413 млрд. теңге). Бірақ, бұл көрсеткіштің өзі 2018 жылғы өндіру салаларымен салыстырғанда (4 494 млрд. теңге) 3 еседей аз болып отыр.


Жалпы Қазақстанда өңдеу саласының импорты экспортынан асып отырды. Бұл теріс сауда теңгерімін қалыптастырды. Мәселен, 2020 жылы өңдеу өнеркәсібінің импорты 30 млрд.АҚШ долларынан асса, ал экспорты 15,4 млрд.АҚШ долларын құрады. (теріс сальдо).

Еліміздің өңдеу өнеркәсібі экспортының орташа жылдық өсу қарқыны 3% -ға жетпейді, бұл көрсеткішті басқа елдермен салыстырып өтер болсақ мәселен, Ресей Федерациясында 7,5%, АҚШ-та 3,8%, Германияда 5,9%-ды құрайды.

Экспортты дамыту және инвестиция тартуға қолайлы болу үшін арнайы индустриалды аймақтар салуды қолға алды. Қазіргі таңда Қазақстанда 13 арнайы экономикалық аймақ пен 23 индустриалды аймақ құрылды. Бұл жетілген инфрақұрылымы бар, инновациялық кәсіпорындар ашуға ыңғайлы, мемлекеттік қолдауы бар жер.

Өндіріс әдісімен ЖІӨ-дегі өңдеу өнеркәсібі үлесінің динамикасын зерттеу әр 5 жыл сайын айтарлықтай өзгерістер байқалмайтынын, 2021 жылы

Өңдеу өнеркәсібі үлесінің деңгейі 2018 жылмен салыстырғанда 2,2 % артып, ЖІӨ-дегі үлесі 13% - дан асқанын көрсетті (сурет 7) .




Сурет 7 – ЖІӨ-дегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі

Ескертпе – [69] дереккөзі негізінде құрастырылды

Өңдеуші саланың іс жүзіндегі өндірісі және өндірістегі өңдеуші өнеркәсіп экспортының үлесі көлемдердің айтарлықтай төмендеуінен кейін шағын өсім байқалады. Өңдеу өнеркәсібі саласының өндірісі бірқалыпты сенімді серпінмен өсіп келгенін байқаймыз, дегенмен ЖІӨ-дегі үлесі бойынша ауытқулар байқалды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша аймақтар арасында өңдеу саласы өнімдерін ірі экспорттаушылар— Қарағанды, Павлодар, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстары және Астана мен Алматы қаласы. Бұл 6 аймақ еліміздің өңдеу саласы өнімдерінің жалпы экспорттық кірісінің 80% -ға жуығын қамтамасыз етеді.

2019 жылы салалар бөлінісінде өңдеу өнеркәсібінің жалпы өнімінің үлесі бойынша металлургия өнеркәсібі - 43%, тамақ өнімдері -15%, машина жасау - 13% жетекші салалар болып табылады [2].



Сурет 8 – Өңдеуші өнеркәсіп экспортының үлесі

Ескертпе – [69] дереккөзі негізінде құрастырылды

Ел экспорттайтын тауарлардың негізгі бөлігі-төмен қайта бөлу өнімдері: тазартылған мыс, ферроқорытпалар, тегіс илек, уран өнімдері, мұнай өнімдері және т.б. тіпті көлік қызметтері секторында да экономиканың шикізат моделіне қосымша болып табылатын құбырлар арқылы тасымалдау басым. Бұл фактор экспорттың жеткілікті әртараптандырылмаған құрылымы экспорттық қоржынның ел экономикасының жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін бағаның ауытқуына тәуелділігін айқындайтындығын куәландырады.

Мұнда ескеретін жәйт, жалпы түсінікте экспорттың әртараптануы жеткізілетін нарықты көбейту және шығарылатын өнім ассортиментін көбейту деп қарастырылады. Яғни, мемлекеттің экспортталатын өнім саны артқан сайын және жеткізілетін нарық саны көбейген кезде экспорты әртараптанып валюталық табыс артады. Бірақ, бұл жұмыста Қазақстанның жағдайында әртараптандудың бұл екі түрі экспорттық түсімге ешқандай әсер етпейтінін көрдік.

10 – кесте Қазақстандағы 2009-2021 жылдардың экспорттық түсімінің көлемі, сыртқы нарықтағы мемлекеттер саны мен экспортқа шығатын өнім ассортиментінің саны көрсетілген.

Кесте 10 – 2009-2021 жж. Қазақстан Республикасының экспорты

	Экспорт, млн АҚШ долл.	Өткен жылға	Экспорттай тын нарық саны	Өткен жылға	Экспортталат ын өнім саны	Өткен жылға
2009	43 195,70	-27 987,80	109	-9	2471	113
2010	60 270,80	17 075,10	126	17	2261	-210
2011	84 335,90	24 065,10	118	-8	2612	351
2012	86 448,80	2 112,90	115	-3	2481	-131
2013	84 700,40	-1 748,40	120	5	2648	167
2014	79 459,80	-5 240,60	119	-1	2652	4
2015	45 955,80	-33 504,00	117	-2	2718	66
2016	36 736,90	-9 218,90	122	5	2858	140
2017	48 342,10	11 605,20	119	-3	2861	3
2018	61 111,2	12 769,1	120	-1	2874	13
2019	58 065,6	-3 045,6	120	0	2856	-18
2020	47 540,8	-10 524,8	131	11	2799	-56
2021	60 321,1	12 780,3	126	-5	2896	97

Ескертпе – [72] дереккөз негізінде автормен құрастырылды

Бұл кестеден аңғарғанымыз еліміздің экспорттық табысына экспортқа шығатын тауар ассортиментінің саны да, сыртқы нарыққа шығарылатын елдердің саны да әсер етіп отырған жоқ. Жеңіл түсіну үшін төменде корреляциялық 11 – кесте келтірілген.

Кесте 11 – Қазақстанның экспорт түсіміне ықпал ететін факторлар.

	Экспорт, млн. АҚШ доллары	Экспортқа шығатын нарық саны	Экспортқа шығатын өнім саны	Экспорттағы минералдар үлесі
Экспорт, млн. АҚШ доллары	1			
Экспортқа шығатын нарық саны	0,05179	1		
Экспортқа шығатын өнім саны	-0,3347	-0,0768	1	
Экспорттағы минералдар үлесі	0,89472	-0,2870	-0,1838	1

Ескерту: автормен есептелді

11 – кесте нәтижелерін талдап өтсек, экспорттық түсімнің көлеміне өте ықпал ететін негізгі фактор ол экспорттағы шикізат секторының үлесі ($r=0,89$) болып тұр. Географиялық (отандық өнімнің сыртқы нарықтағы экспортталатын мемлекеттер саны $r=0,05$) және тауарлық (экспортқа шығатын өнім ассортимент, $r= -0,33$) құрылымның өзгерісі еш әсер етіп тұрмағанын көреміз. Дегенмен, экспорттық табысқа ескерілмеген ондаған фактор тікелей ықпал жасауы мүмкін. Сол себепті бұл мәселені әрі қарай толыққанды зерттеу қажеттілігі бар.

Дегенмен, өңдеу саласын қолдау шараларының нәтижесінде елімізде бұл уақытқа дейін шығарылмаған 500-ге жуық жаңа тауар өндіру қолға алынды. Атап айтқанда, электровоздар, жүк пен жолаушы вагоны, жүк, рентген аппаратурасы, автомокөлік пен автобус, трансформатор, жарық диодты шам, фармацевтика өнімдері т.б. Қазір өңдеуші саланың экспортында номенклатурасы 3000-ға жуық өнім түрлерінен тұрады, оның құрамында 200-ден астам өнім түрлерінен еліміз ғаламдық салыстырмалы артықшылыққа ие. Бірақ осы уақытқа дейін экспорттық сала өндірістік әлеуетке емес, көп жағдайда табиғи қазба-байлықтармен тікелей байланысты жағдайда [2]. Өңдеуші өнеркәсіп елдегі экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін болуы үшін экономикасы озық мемлекеттердегі секілді жалпы ішкі өнімдегі үлесі 45-50 % -ға тең болуы қажет, салыстыру үшін елдегі жағдай 2021 жылы 13,6% шамасында болды. Қазақстанның алдында қазіргі саяси және экономикалық тұрақсыздық жағдайында жоғары технологиялы өндірісті ілгерілету арқылы шикізаттық экономикадан арылу мақсаты тұр.

Бүгінгі күні еліміздің экспортын төмен технологиялы шикізат өндірісі қамтамасыз етуде. Дүниежүзілік банктің мәліметтеріне қарасақ Қазақстанда жоғарғы және орта технологиялық өнімдер экспортының жалпы экспорттағы үлесі 0,41% құрады [70]. Себебі, елдегі экспорттың 68% шикізат өнімдері болып табылады. Америкалық ғалымдар Хаусман және Идальгоның соңғы зерттеулеріне сәйкес ел қаншалықты күрделі, жоғары технологиялық өнімдерді шығарып экспорттаса, ол мемлекеттер соншалықты мықты, дамыған елге айналады.


Осы жұмыс нәтижелеріне сәйкес еліміздің өңдеуші сала өндірісінде және экспортында жартылай өңделген өнім түрлері жоғары. Елдегі өңдеу саласының төмен технологиялық 41,2%, орташа технологиялық сектор 47,9%, және жоғарғы технологиялық сектор 10,9% ғана болған. Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдерінің

көрсеткіштерімен салыстырсақ, онда жоғағры технологиялық өндіріс кемі 20%-дан жоғары [35].

Соңғы жылдары өңдеу саласы кәсіпорындарының инновациялық белсенділігі 3 есеге дейін өсті, яғни, 4,6%-дан 15,8%-ға дейін артқан. Осы жылдың қорытындысында өңдеу саласындағы кәсіпорындардың технологиялық инновацияға салынған қаражаты 611 млрд.теңгеге жетті [69].

Соңғы жылдары өңдеу өнеркәсібінде инновациялық өнімдердің өнім көлемінің құны 7 есеге дейін өсіп, 930 млрд.теңгені құрады. Инновациялық өнімдердің экспорты да артты, 31,5 млрд теңгеден 161,7 млрд. теңгеге дейін өсті. Мұндай қарқынды өсу серпіні болғанымен жалпы ішкі өнімдегі үлесінің деңгейі төмен, шамамен 1,5% құрайды [69].

Жалпы Қазақстанда инновациялық жаңа өнімдерге шығындардың артуы болғанымен, технологиялық әдіс жағынан әлі күнге төмен дейгейде қалып қойды. Мәселен, технологиялық инновацияларды пайдаланған кәсіпорындардың үлесі Батыс Еуропа елдері Германия, Франция, Ұлыбританияда 35-55% - ға дейін жетеді. Жыл сайынғы Дүниежүзілік экономикалық форумның көрсеткіштерінде Қазақстан инновациялық әлеует деңгейі бойынша 2021 жылдың қорытындысы бойынша 28,6 индексмен 89 орынға жайғасты [71]. Әрине бұл төмен көрсеткіш.



Сурет 9 – Қазақстанның негізгі сауда серіктестері

Ескерпе – [69] дереккөзінен алынды

Қазақстанның көптеген сауда серіктестері бар, бірақ негізінен 10-ға жуық елдің маңызы бар. 2021 жылғы мәлімет бойынша 1 млрд. АҚШ


долларынан астам экспорттайтын 14 ел және алғаш рет Сингапур еніп отыр. Қазақстандық тауарларды импорттаушылардың алғашқы бестігінің үлесі орта есеппен 55% - ды құрайды. Бұлар Италия, Қытай, Нидерланды, Ресей және Түркия.

Кесте 12 – Қазақстанның елдер бойынша экспорттың құны, (мың.АҚШ долл.)

№	Елдер	2016	2017	2018	2019	2020	2021	Өткен жылға, %
1	ҚХР	4 214,9	5 777,6	6 272,9	7 823,4	9004,0	9 772,5	108,5
2	Италия	7 474,7	8 669,3	11 735,3	8 373,7	6644,7	8 889,1	133,8
3	Ресей	3 509,1	4 515,1	5 162,0	5 602,5	4899,4	7 018,7	143,2
4	Нидерланды	3 255,7	4 748,2	6 189,7	4 393,1	3148,5	4 384,1	139,2
5	Түркия	851,0	1 145,8	1 242,0	2 307,4	2131,5	2 964,6	139,1
6	Өзбекстан	922,5	1 250,3	1 643,3	1 981,5	2133,3	2 776,8	130,1
7	Франция	1 798,1	2 861,1	3 839,3	3 650,3	1858,5	2 394,6	128,8
8	Оң.Корея	223,5	1 128,1	2 975,9	3 079,5	1003,9	1 877,2	187,0
9	Испания	992,2	1 444,3	1 862,4	2 165,9	1215,2	1 633,8	134,4
10	Үндістан	414,6	733,2	954,0	1 572,6	1992,0	1 625,7	81,6
11	Румыния	724,4	925,6	1 497,6	1 731,9	1263,6	1 521,1	120,4
12	Греция	872,8	963,9	1 217,4	1 359,5	1401,7	1 321,5	94,2
13	Сингапур	54,2	86,5	482,6	245	76,8	1 116,2	1453,1
14	Швейцария	2 687,7	3 100,6	2 880,9	2 669,3	1523,0	1 078,0	70,8

Ескертпе: [72] дереккөз негізінде автормен құрастырылды

Осыған дейінгі зерттеулер көрсеткендей, кәсіпорындардың өз қаржысының жетіспеушілігі елге шетелдік инвестицияларды тарту қажеттілігін тудырады. Ұлттық экспортты дамыту елдің оң беделімен ұштастыра отырып, елдің халықаралық нарыққа қатысуын кеңейтуге, өндірісті сапалы жақсартуға және мемлекеттермен бәсекеге түсу мүмкіндігінің пайда болуына ғана емес, сонымен қатар шетелден инвестициялар тартуға да ықпал ететінін атап өткен жөн. Көпжылдық динамикада елдердің Қазақстанға деген қызығушылығы артып келеді. Осылайша, Қазақстанға шетелдік инвестициялардың 92% - дан астамын 10 ел қамтамасыз етті [73]. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) көлемі 23,9 млрд. АҚШ дол. құрады — бір жыл бұрынғыға қарағанда 39,7% - ға артық (21 млрд. АҚШ). Соңғы жылдары пандемия уақытын есепке алмағанда инвестициялық ағындар оң динамиканы көрсете бастады (10 сурет).



Сурет 10 – Тікелей шетелдік инвестиция ағыны

Ескертпе – [69] дереккөз негізінде автормен құрастырылды

ҚР Ұлттық банкінің деректері бойынша 2021 жылы еліміздің экономикасына ең көп инвестиция салып отырған ондыққа Нидерланды, АҚШ, Қытай, Швейцари, Ресей, Бельгия, Ұлыбритания, Оітүстік Корея, Түркия және Франция елдері еніп отыр. Ресей (рейтингте 4-ші орын) 2021 жылы Қазақстан экономикасына 1,9 млрд АҚШ долларын инвестициялады. Еуропалық серіктестер (ЕО елдері) 2021 жылы ҚР экономикасына 14,1 млрд АҚШ долларын инвестициялады. (+15,8%). ЕО елдерінің инвестициялары Ұлттық экономика үшін стратегиялық сипатқа ие, өйткені олардың үлесі басым. Дегенмен, Еуропалық Одақ елдерінің жартысына жуығы Қазақстанға инвестициялық ағымдарды қысқартты. Финляндия ҚР-дағы ТШИ-ді бірден 63,3% - ға азайтты, жыл ішіндегі көлем 30,1 млн доллардан 11 млн долларға дейін төмендеді. Бельгия-стратегиялық серіктес-инвестициялық ағымдарды едәуір арттырып 1 млрд доллардан асырды. Австрия тіпті ҚР экономикасынан 14 млн АҚШ долл. сомасына капитал алды. тек 3,2 миллион доллар инвестициялады. Бір жыл бұрын австриялық инвесторлар ұлттық экономикаға 86,9 миллион доллар инвестициялады. Жалпы, апидемияға дейін біршама қысқарған инвестиция ағыны 2021 жылы біршама артты.

2020 жылдың қорытындысы бойынша тікелей шетелдік тікелей инвестициялық жобалар арқылы жеті мыңнан астам жұмыс орындары ашылды. ТШИ-дің негізгі бөлігі Түркістан облысындағы әуежай (206 млн),

Ақтау қаласындағы қонақ үй (173 млн), Қарағанды облысында техникалық газ өндіруге (83 млн), Ақтөбе облысында жылыжай салуға (22 млн), Хендэ автомобиль өндірісіне (59 млн) жұмсалды. Салалар бөлінісінде өңдеу өнеркәсібінде – 58%, саудада – 45%, тау-кен өнеркәсібінде – 27%, көлікте 20% салынған. Ал аймақтар бөлінісінде Атырау облысы - 3,6 млрд. доллар (16% өсу), Алматы қаласы - 3 млрд. доллар (27% өсу), Шығыс Қазақстан облысы - 1,3 млрд. доллар (71% өсу) көрсеткен. Инвестор елдер бойынша Нидерланды 3,3 млрд доллар (24,5% өсу), АҚШ - 2,1 млрд доллар (88% өсу), Швейцария - 1,3 млрд доллар (87% өсу), РФ-дан – 704,9 млн доллар (17% өсу), ҚХР-дан – 508,7 млн доллар (63,7% өсу), Бельгиядан – 459,5 млн доллар (4,3% өсу), Түркиядан – 388,7 млн доллар (79,9% өсу), Оңтүстік Кореядан – 233,0 млн доллар (33,1% өсу) құрады [74].

Қорытындылай келе, Қазақстанда өңдеу өнеркәсібінің экспорттағы үлесі аз. Дегенмен мемлекет түрлі мемлекеттік деңгейдегі бағдарламаларды қабылдай отырып экспортта өңдеу өнеркәсібі саласының үлесін арттыруға мүдделі. Бұл мақсатқа жетуде шетелдік инвестицияны пайдалану арқылы экономиканы әртараптандыру міндеті тұр. 2025 жылға дейін шикізаттық емес экспортты 41 млрд.АҚШ долларына, ал оның ішінде өңдеу саласының экспорттық құнын 30 млрд.АҚШ долларынан жеткізу көзделіп отыр. Егер жоғарыда келтірілген мәселелерді шеше отырып өзінің экспортын әртараптандыра алса Қазақстанның ол мақсатқа жетуге толығымен мүмкіндігі бар деп есептейміз. Оған себеп, ресурстық-материалдық базаның болуы, ғылыми –техникалық базаның жетілдіру мүмкіндігі жеткілікті.

2.2 Қазақстан Республикасы аймақтары мысалында өңдеу өнеркәсібінің экспорттық әлеуетін бағалау

Бұл бөлімде Қазақстанның аймақтар мысалында өңдеу саласының экспорттық әлеуетін түрлі индекстер арқылы бағаланады. Сонымен қатар экспортты әртараптандыруды индекстік тәсіл арқылы бағалау ұсынылады. Қазақстан 1993-2021 жылдар ішінде жылына орташа 8,8 пайыз ЖІӨ өсімінің жоғары қарқынына қол жеткізді,. Осы уақыт аралығында екі өсу кезеңі болды. Бірінші, 2000-2007 жылдары мұнай бағасының өсуі аясында мұнай өндірудің ұлғаюына байланысты. Екінші, 2010-2014 жылдары шикізат тауарларына бағаның өсуімен тұспа-тұс келді. Дегенмен, өсудің жоғары қарқынына қарамастан, ЖІӨ-нің өсу коэффициентінің орташа мәні соңғы жылдары төмендеуде.

Статистикалық мәліметтер Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы деректері пайдаланылды.

Дүниежүзілік банктің мәліметтеріне сәйкес еліміздің орташа және жоғары технологиялық өнімдердің экспорт көлеміндегі үлесі бар-жоғы 0,41%. [70]. Себебі Қазақстандық экспорттың 75% шикі мұнай мен шикізат ресурстарының үлесінде. Америкалық ғалым Р.Хаусманның зерттеуіне сәйкес мемлекетте қаншалықшы қосылған құны бар, жоғары технологиялы күрделі тауарлар экспорты артқан сайын, сол мемлекет мықты, қуатты мемлекетке айналады. Экспортты әртараптандыру елдерге шектеулі тауарлар мен сауда серіктестеріне тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді. Табыс деңгейі төмен елдердегі соңғы зерттеулер көрсеткендей, экспортты әртараптандыру үлкен экономикалық маңызға ие: экспортты әртараптандыру көрсеткішін бір стандартты ауытқуға арттыру орташа жылдық өсу қарқынын 0,8 пайыздық тармаққа арттыруды қамтамасыз етеді [75].

Экспортты ынталандыру экономикалық өсуге әсер етеді. Сауда, әсіресе экспорт өсу қарқынын, білім деңгейін және бәсекеге қабілеттілігін арттыруда шешуші рөл атқара алады. Саудадан түсетін пайданың ішінде - өндірістің мамандануы және ресурстарды неғұрлым тиімді бөлу, аралық тауарлардың немесе қызметтердің алуан түрлілігінің қолжетімділігі (көбінесе неғұрлым төмен құны бойынша), ауқымның ұлғаюы есебінен үнемдеу, бәсекелестіктің өсуі, сондай-ақ білім мен технологиялар трансфері. Сонымен қатар, зерттеулер экспорт пен жұмыспен қамту арасындағы тікелей байланысты көрсетеді [76].

Енді Қазақстан Республикасының әлемдік сауда және сыртқы сауда деректерінің негізінде салыстырмалы артықшылық (Revealed Comparative Advantage), Экспорттың бәсекеге қабілеттілік (Export Competitiveness Index), Херфиндаль-Хиршман индекстерін пайдаланып Қазақстанның аймақтары мысалында 13 жылдық мәліметтері жиналып, өңдеу саласының экспорттық әлеуеті талданады. Сонымен қатар, аймақтардың экономикалық және саудалық мамандануы, импортты алмастыру мүмкіндіктерінің ағымдағы жағдайының талдауы ұсынылған.

Кесте 13 – Қазақстан аймақтар мысалында өңдеу өнеркәсібінің «салыстырмалы артықшылық (RCA)» индексі 2013-2020 жж. көрсеткіштері

	Аймақтар	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Деңгейі
1	Алматы	1,3656	1,4358	1,3707	1,3440	1,2553	1,2705	1,2124	1,1788	Жоғары
2	Жамбыл	1,0145	0,8779	0,6824	1,3040	1,3448	1,3419	1,3313	1,2667	
3	Қарағанды	1,2965	1,1321	1,2824	1,3155	1,231	1,2498	1,2264	1,2465	
4	Шымкент қ.						1,1734	1,1716	1,1377	
5	Шығыс Қазақстан	1,4185	1,3472	1,316	1,2235	1,209	1,1373	0,9784	0,9335	Орта
6	Түркістан	0,9573	1,083	1,1055	1,098	1,0255	0,9195	0,7146	0,9062	
7	Павлодар	1,2858	1,2163	1,1637	0,998	0,7386	1,0621	1,0522	0,9048	
8	Алматы қ.	0,7874	0,9394	0,7638	0,8287	0,6445	0,7129	0,8079	0,8719	
9	Ақтөбе	0,3675	0,4618	0,622	0,787	0,835	0,6575	0,7102	0,7667	
10	Ақмола	0,6202	0,6318	0,6579	0,6658	0,4437	0,5385	0,4830	0,7529	
11	Қызылорда	0,0262	0,0364	0,1101	0,1294	0,2243	0,2951	0,3872	0,7670	
12	Солтүстік Қазақстан	0,5333	0,5085	0,5009	0,7718	0,5987	0,5987	0,5409	0,4480	Төмен
13	Астана қ.	0,4792	0,4307	0,5873	0,6698	0,3742	0,2597	0,3036	0,4046	
14	Қостанай	0,2933	0,3455	0,4655	0,5285	0,4177	0,4175	0,3214	0,3958	
15	Атырау	0,1203	0,1163	0,0982	0,0948	0,0986	0,0817	0,0878	0,0995	Өте төмен
16	Батыс Қазақстан	0,0707	0,078	0,0433	0,0736	0,0548	0,0516	0,0513	0,0551	
17	Манғыстау	0,0384	0,0724	0,0428	0,0635	0,0496	0,0162	0,0201	0,0434	

Ескертпе – автормен есептелді

Аймақтар бойынша «анықталған салыстырмалы артықшылық» (*RCA*) индексі нәтижесін 4 негізгі топқа бөлдік.

Ең төменгі деңгей 0,1000-ға дейінгі индекс елдің батыс өңіріндегі 3 облыста Маңғыстау, Батыс Қазақстан мен Атырауда байқалды. Бұл аймақтар тау-кен өнеркәсібіне жоғары деңгейде маманданғандықтан өңдеу өнеркәсібінде салыстырмалы артықшылық индексінің мәні өте төмен. Дегенмен, бұл батыс аймақтарда шикі мұнай экспортының есебінен экспорттық түсімнің ауқымы жоғары.

Төмен деңгей 0,5000-ға дейінгі көрсеткіш - Ақмола, Қостанай, Астана қ., Қызылордада, Орта деңгей 1-ге дейінгі көрсеткіш – Ақтөбе, Павлодар, Алматы қ., Солтүстік Қазақстан облыстарында. Ал Түркістан, Қарағанды, Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарында индекс 1-ден жоғары, яғни өңдеу саласы экспортын арттыруға әлеуеті зор. Бұл аймақтардың көрсеткіштері әлемдік деңгейден жоғары. Алайда ескеретін жағдай, мәселен Қарағанды облысының көрсеткіші 4 млрд. АҚШ долларына өңдеу өнеркәсібі тауарын экспорттағанымен 700 млн. АҚШ долларына өңдеу саласының тауарын экспорттаған Жамбыл облысының индексінен төмен болып тұр. Сондықтан бұл индекс өңдеу өнеркәсібі экспортының жалпы экспорттағы үлесімен есептелетін болғандықтан экспорттың жалпы құндық мөлшері ескерілмейді. Индекс нәтижелерін аймақтар бойынша тағы да төменде талқылаймыз, ал қазір ХСИ индексінің нәтижесін қарайық (14 кесте).

RCA индексі бойынша Қазақстанның 5 облысында жоғарғы көрсеткіш байқалса, ал ХСИ индекс нәтижесі бойынша сол бесеуінің тек Шығыс Қазақстан облысында ғана экспорттық бәсекеге қабілеттілік индексі жоғары. Жамбыл, Алматы, Қарағанды облыстарында экспорттық бәсекеге қабілеттілік бар деп айтуға болады. Бұл облыстарға жеке тоқталар болсақ, Шығыс Қазақстан облысы бірінші кезекте өңделмеген қорғасын және цинк өндірісіне маманданған. Өңдеу өнеркәсібінің экспорт көлемі бойынша Республикада 15% үлесімен 3 орынды алады. Өңдеу өнеркәсібі саласының экспортында металлургия өнеркәсібінің экспорты басым (облыстың өңдеу өнеркәсібінің экспортынан 89%).

Алматы облысы темекі өнімдері өндірісінде аса жоғары мамандануға ие. Одан басқа, облыс 13 тауар өндірісі (темекі, жүзім шарабы, ірі қара мал немесе жылқы тұқымдас малдардың терілерінен жасалған былғары, дәрілер, үй құсының еті, этил спирті т.б.) бойынша аймақтар ішінде 1 орынды алады. Негізгі экспорт тауарлары темекі, бидай ұны, мұздатылған балық еті,.

Кесте 14 – Қазақстан аймақтар мысалында өңдеу өнеркәсібінің «экспорттық бәсекеге қабілеттілік (ХСІ)» индексі 2013-2020 жж. көрсеткіштері

	Аймақтар	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Деңгейі
1	Шығыс Қазақстан	1,1014	1,126	1,3319	1,6164	1,5185	1,3065	1,0741	0,9981	Жоғары
2	Түркістан	0,7878	0,9	0,9575	0,9857	0,8572	1,0385	0,8858	0,9683	
3	Жамбыл	0,8378	0,649	0,521	0,955	0,9812	0,9849	0,9892	0,9579	
4	Қарағанды	0,8704	0,7829	0,9294	0,9517	0,951	0,9346	0,9075	0,9288	
5	Алматы қ.	0,5893	0,6444	0,5476	0,6111	0,4818	0,4811	0,6065	0,9011	
6	Алматы	0,9531	1,0166	1,0105	1,0023	0,9752	0,9547	1,0605	0,8724	Орта
7	Шымкент қ.						0,8524	0,9064	0,8600	
8	Павлодар	1,2099	0,8427	0,8213	0,7236	0,5462	0,7642	0,7702	0,6638	
9	Ақтөбе	0,2524	0,3246	0,4383	0,5748	0,6131	0,4777	0,5269	0,5768	Төмен
10	Ақмола	0,412	0,4255	0,4658	0,4686	0,3248	0,3931	0,3589	0,5561	
11	Қызылорда	0,0171	0,0241	0,0761	0,0907	0,1608	0,2050	0,2768	0,5417	
12	Солтүстік Қазақстан	0,3555	0,3498	0,361	0,5562	0,4431	0,4387	0,4078	0,3370	
13	Астана қ.	0,3314	0,3127	0,4566	0,4913	0,2874	0,2142	0,2567	0,3107	
14	Қостанай	0,2035	0,2391	0,3399	0,4056	0,315	0,3228	0,2419	0,2943	
15	Атырау	0,0799	0,0779	0,0682	0,0656	0,071	0,0569	0,0616	0,0699	Өте төмен
16	Батыс Қазақстан	0,0512	0,0586	0,0314	0,0522	0,0415	0,0377	0,0380	0,0407	
17	Манғыстау	0,0259	0,049	0,0302	0,0462	0,0378	0,0117	0,0150	0,0336	

Ескертпе – автормен есептелді

аккумулятор және сұйытылған пропан (облыстың өңдеу өнеркәсібі экспортының 65%). Аймақ өндірісінің 15%-ы экспортқа шығады. Аймақтың негізгі экспорттаушы елдері – Қырғызстан (81 млн. АҚШ долл. жалпы экспорттың 29%) және Ресей (63 млн. АҚШ долл. жалпы экспорттың 22%) [2]. Соңғы жылдары Жамбыл облысы өңдеу өнеркәсібінің экспорты ұлғаюда. Облыс өңдеу өнеркәсібі тауарларының жергілікті өндірісінің 93% экспортқа шығарады. Сондықтан RSA индексінде ең жоғарғы көрсеткішке ие. Жамбыл облысының экспортында металлургия өнеркәсібінің экспорты басым (облыстың өңдеу өнеркәсібінің экспортынан 52%), негізгі экспортталатын тауарлар табиғи уран және сары фосфор (облыс экспортының 71%). Өңдеу өнеркәсібі үшін негізгі экспорттаушы нарық – Қытай, 304 млн. АҚШ долл. (аймақтың өңдеу өнеркәсібі экспортынан 42%) құрайды.

Қарағанды облысы бірінші кезекте тас көмірден жасалған кокс және шалакокс өндірісіне маманданған. Бұдан басқа, қоспасыз болат (86,9%), тазартылмаған болат (86,8%), маргарин (82%), өсімдік ұны (79%), тазартылған мыс (78%), қорғасын концентратындағы қорғасын (54%), сөнген әк (48%) және нан-тоқаш өнімдерін даярлауға арналған қоспалар (25%) өндірісі бойынша Республикада 1 орынды алады. Облыс өңдеу өнеркәсібі тауарларының жергілікті өндірісінің 71% экспорттайды. Өңдеу өнеркәсібі салаларының тұрғысында Қарағанды облысының экспортында металлургия өнеркәсібінің экспорты басым (облыс бойынша сектор экспортынан 96%) [2].

Енді аймақтар экспортының әртараптандырылу деңгейін талдаймыз. 2020 мәлімет бойынша әртараптандырылу деңгейі бойынша мұнда да 4 негізгі топқа бөлдік. Ең төмен деңгей 0,1000 дейін, мұнда экспорты басқа аймақтармен салыстырмалы түрде әртараптанған тек Алматы қаласы. Оған себеп басқа аймақтарға қарағанда Алматы қаласының экспорты бір сала тауар тобына тәуелдігі төмен. 2020 жылғы экспортының құрамында 8% ауылшаруашылығы саласы, 43 % тау-кен өндірісі, 46 % өңдеуші өнеркәсіп, 3%-ға жуық басқа секторларға тиесілі. Басқа өңірлерде экспорттың шоғырлану деңгейін аңғардық. Мысалы, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Алматы, Қостанай облыстарында шоғырланудың орташа деңгейі, енді Павлодар, Ақтобе, Жамбыл, Қарағанды өңірлері мен Астана қаласы экспортының әртараптану деңгейі басқа өңірлермен салыстырғанда төмен екенін байқадық. Херфиндаль Хиршман индексінің негізгі көрсеткіштерін төмендегі кестеде келтірдік.


Кесте 15 – 2013-2020 жж. Қазақстан аймақтарының экспорттың әртараптандырылу деңгейі бойынша Херфиндаль-Хиршман индексінің көрсеткіштері

	Аймақтар	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Деңгейі
1	Алматы обл.	0,9025	0,896	0,8288	0,8738	0,884	0,9063	0,9438	0,9580	Жоғары
2	Жамбыл	0,9096	0,9313	0,9031	0,7874	0,7791	0,7296	0,7372	0,9341	
3	Алматы қ.	0,8948	0,923	0,8495	0,919	0,9004	0,9443	0,9138	0,9251	
4	Түркістан	0,7895	0,7713	0,8241	0,8444	0,8711	0,8711	0,8888	0,9220	
5	Шығыс Қазақстан	0,8874	0,877	0,8776	0,8885	0,8612	0,9203	0,8554	0,8708	Орта
6	Шымкент қ.						0,8941	0,899	0,8508	
7	Солтүстік Қазақстан	0,7979	0,8198	0,8262	0,8775	0,8774	0,8941	0,896	0,8508	
8	Ақмола	0,8419	0,8548	0,8518	0,847	0,8354	0,8348	0,8688	0,8173	
9	Павлодар	0,8443	0,8717	0,8024	0,8092	0,7959	0,836	0,8414	0,8166	
10	Қостанай	0,7794	0,7938	0,8557	0,858	0,8486	0,8621	0,8557	0,8110	
11	Ақтобе	0,5209	0,6083	0,7156	0,7384	0,7217	0,7595	0,7518	0,7692	Төмен
12	Қызылорда	0,0364	0,0482	0,1565	0,1974	0,331	0,3697	0,4682	0,7649	
13	Астана қ.	0,6903	0,6847	0,7183	0,7356	0,7077	0,6438	0,7015	0,7388	
14	Қарағанды	0,7674	0,8685	0,7753	0,7997	0,806	0,7793	0,7374	0,7343	
15	Атырау	0,1866	0,1792	0,1881	0,1997	0,1904	0,1459	0,1352	0,1678	Өте төмен
16	Батыс Қазақстан	0,0936	0,1002	0,0763	0,1086	0,0941	0,0797	0,0873	0,0904	
17	Маңғыстау	0,0513	0,0945	0,0618	0,092	0,0735	0,2043	0,0409	0,0737	

Ескертпе [2] дереккөз негізінде автормен құрастырылды

Жоғарыдағы кестенің көрсеткіштерін графикке түсірсек Батыстағы 3 облыс пен Қызылорда өңірлері экспортның әртараптану дәрежесі аса төмен дәрежеде, бұл дегеніміз экспортының шоғырлану дәрежесі өте жоғары болғанын көрдік. (11 сурет). Дегенмен, еліміздің экспортында құны тұрғысында осы өңірлердің үлесі басым, ол шикі мұнай экспортының басымдығын көрсетеді.

Кестеден байқағанымыздай соңғы уақытта Қызылорда облысының экспортында әртараптану дәрежесі артуда. Соңғы жылдары 0,96 - дан 0,66 - ға шейін тұрақты түрде төмендеген серпін аңғардық. Шоғырлану дәрежесі жоғары қалған 3 өңірде әртараптану дәрежесінде айтарлықтай өзгеріс жоқ.



Сурет 11– Қазақстан аймақтары бойынша ННІ индексі көрсеткіші

Бұл облыстардың әртараптанудың өте төмен дәрежесін өңірлердің шикі мұнай саласына мамандануымен байланыстырамыз (16 кесте). Аталған аймақтардың экспорты құрамына тоқталсақ, мысалы Маңғыстау өңірі экспортының 96% астамы шикі мұнай мен газ өндіруге жатады. Аймақта ауылшаруашылығы өнімдерінің экспорты 0,1%, өңдеуші өнеркәсіп 3,5%, басқа салалар 0,1% шамасында [2]. Бұл аймақтарда өңдеу саласын дамыту маңызды. Тау-кен өндірісі жанынан шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы өңдеу өнеркәсібін жандандыру мүмкіндіктерін қарастырған жөн.

Кесте 16 – Экспорттың әртараптану дәрежесі өте төмен өңірлердің экспортының құрылымы

	Өңір	Тау-кен өнеркәсібі экспорты	Экспорттағы үлесі	Экспорт млн.АҚШ доллары
1	Атырау	15652,7	92,9	18 863,7
2	Батыс Қазақстан	4475,9	95,2	4 703,2
3	Маңғыстау	4060,4	96,2	4 218,7
4	Қызылорда	520	83,7	621
Ескертпе – [69] дереккөз негізінде автормен құрастырылды				

Атырауда жалпы экспортта табиғи газ өңдеу мен шикі мұнайдың үлесі шамамен 93% құрап 15 653 млн.АҚШ долларына жетті. Бұл аймақ экспорттың жоғары шоғырлану дәрежесін көрсетті. ННІ индексі көрсеткішіне сәйкес 0,8096 тең, бұл оңтайлы шамадан (0,1000-0,1800) әлдеқайда жоғары. Аймақ экспорты 5 тауар тобына аса ірі мөлшерде шоғырланған. Аймақ өнімдерінің негізгі импорттаушы елдер Франция, Италия, Нидерланды, Испания, Үндістін және Оң.Корея болып табылады. Атырауда шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау арқылы өндіруші кәсіпорындардың жанынан өңдеуші кәсіпорындарды жандандыру маңызды.

Батыс Қазақстанда жалпы экспорт көлемі Атыраумен салыстырғанда әлдеқайда төмен болғанымен үлес бойынша Атыраумен шамалас. Яғни, жалпы экспортта мұнай және газ өндірісі 95% асып, құндық мөлшерде шамамен 4,5 млрд.АҚШ долларын құрады. Аймақтың негізгі импортерлары Атыраумен ұқсас: Испания, Италия, Нидерланды, Хорватия, Грекия, Оң.Корея. Бұл аймақта Херфиндал-Хиршман индексі 0,9059 көрсетті. Аймақ экспортының 98%-ы 5 қана тауар тобына шоғырланған.

Қызылордада жоғарыдағы аймақтармен шамалас көрсеткіштерді байқадық. Мұнай мен газ өндірісі аймақ экспортының 81% құрайды. Дегенмен, Херфиндал-Хиршман индексі бойынша оң серпін жүруде. Негізгі экспортталатын сыртқы нарық Қытай болып табылады. Сыртқы сауда экспортының 571 млн.АҚШ доллары осы елге тиесілі және аймақ экспортының 92%.

Аталған 4 аймақтың экспорты мұнай және газ өндірісіне шоғырлануы жоғары. Қалған 6 аймақта шоғырланудың орта деңгейі бар. Жалпы орта деңгейдегі 11 аймақта тау-кен өндірісімен қатар өңдеуші өнеркәсіп пен АӨК тауарларының экспортын ілгерілетуге, экспортталатын тауар ассортиментін

арттырып аймақтарда экспортты әртараптану дәрежесін жақсартуына мүмкіндіктері бар.

Сонымен, бұл зерттеудің нәтижелері Қазақстанның өңірлеріндегі экспортының жағдайын ашық әрі жан жақты көрсетеді. Аймақтардағы экспорттық стратегиялық саясатты әр өңірдің өзіне сай ерекшеліктеріне қарай жүргізу маңызды. Әсіресе экспорттық қоржыны бірнеше ғана тауар тобына шоғырланған аймақтарда экспортты әртараптандыру қажеттілігі басым. Зерттеуде қолданылған индекс нәтижелері адекватты, оған себеп бұл төрт өңірде өңдеуші саланы одан әрі дамыту мүмкіндіктері жоғары. Дегенмен, әр аймақ мысалында экспорттық мүмкіндіктерді жеке дара талдау жүргізу қажет. Бұл алынған зерттеу қорытындылары өңірлерде экспорттық саясатты жүргізуде тиімді шешімдер қабылдауда қажетті құрал болып табылады. Сондықтан зерттеу нәтижелері ҚР Сауда және интеграция министрлігіне жолданады.

Заманауи инфрақұрылым, адами капитал мен институционалды құрылымның тиімді жұмыс істеуі – экспортты дамытуда оң ықпал етеді. Экспорттық түсімді өңдеуші салаға бағыттау, технологиялық трансферт жасап жаңғыру арқылы экспортты әртараптандыруға талпынуда. Сонымен қатар инвестиция тарту, инфрақұрылымды жетілдіру, ішкі өндірісті әртараптандыру, сыртқы нарықта келісім-шарттарды арттыру, логистикалық шығындарды төмендету, тауар түріне қарай субсидиялау, ішкі өндірісі бар сала тауарлары импортына квота қою, аймақтардың географиялық орналасу ерекшеліктерін пайдалы қолдану маңызды.

Өңдеуші өнеркәсіптің экспортын ілгерілету үшін салаға қаражат салу да септігін тигізеді. Алайда, мемлекеттік бюджет шығысында өңдеуші салаға бар-жоғы 0,2% қарастырылған, тау-кен саласына шығын 1,1 %, ауылшаруашылық саласына берілген шығын - 3,8 %, демалыс пен өнер саласына қарастырылған шығындар 3 пайыздан асады [74].

Экспортты әртараптандыруда сыртқы жеткізілетін нарық санының көбеюі өндірілетін тауар санының артуына қарағанда маңыздырақ . Дегенмен, жаңа өнім түрін ескі ескі өніммен салыстырғанда 1,44 есе сыртқы нарықта өткізу мүмкіндігі көп [76]. Еліміз мұхит тасымалдау жолына шыға алмағанымен көрші мемлекеттермен дұрыс қарым-қатынас орнатып, оларды транзиттік тасымал ретінде тиімді пайдалану қажет. Шекарадағы өңірлердің байланысы елдердің жақсы араласуына ықпал жасайды [75]. Азия мен Еуропаны байланыстырушы ел ретіндегі құрлықтық географиялық

артықшылықтарын тиімді пайдалануы шарт. Көлік логистикалық дәліздерді әртараптандыру қажет. Батыс Қытай Батыс Еуропа жолы мысалында Ресей мен Орталық және Оңтүстік Азия елдерімен байланыс, Каспий теңіз жолымен Еуропаға шығу, Түркіменстан арқылы Парсы шығанағына шығу мүмкіндіктерін қарастыру керек. Бұл логистикалық әртараптану тасымалдау шығындарын төмендетіп, отандық өнімдерді әлемнің көптеген еліне жеткізу уақыты мен құнын азайтады

Қазақстан қазіргі әлемдегі дүрбелең кезінде әлемдік нарықта жаңа ойыншы ретінде шығуға әлеуеті бар. Оған өндіріс пен экспортты әртараптандыру арқылы қол жеткізе алады. Себебі, экспортты әратаптандыру тек кризис кезіндегі қысқа мерзімді іс-шара емес, экономиканы тұрақты және үдемелі дамытудың құралы.

Енді жоғарыда аталған көрсеткіштердің көмегімен экспортты әртараптандырудың кешенді интегралдық индексі есептеледі. Мұнда үш индекстің ортақ арифметикалық қосындысы аймақтардың экспорттық әлеуетін кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесі ретінде осы бағалау көрсеткіштері қорғауға шығарылады. Индекс нәтижесі бойынша жоғары аймақтар Жамбыл (1,05), Қарағанды (0,96), Шымкент (0,94) және Шығыс Қазақстан мен Түркістан облыстарында (0,93) байқалады. Жамбыл облысының өңдеу өнеркәсібі экспортының номиналды құны басқа аймақтармен салыстырғанда төмен болғанымен біздің бағалауымызда жоғары мәнге ие болып тұр. Себебі Жамбыл облысы жалпы экспортында өңдеу саласы экспортының үлесі 89% құрайды. Ауылшаруашылығы 5,9%, тау-кен өндірісі 3,2%, басқа салалар 2,1%. Сондықтан бұл аймақтық өңдеу саласында экспорттық әлеуеті жоғары көрсеткішке ие. Дегенмен соңғы жылдары Жамбыл облысының өңдеу өнеркәсібі экспортында төмендеу динамикасы байқалады. 2020 жылдың құрытындысы бойынша өңдеу саласының негізгі тауарлары: химиялық және минералды тыңайтқыштар, фосфор қышқылы, табиғи уран, партланд цемент және цианид. Темір жол локомотивтері сияқты тауарларды жеткізу-100% - ға немесе 7,5 млн. АҚШ долларына, бидай мен меслинді - 61,6% - ға немесе 17,4 млн. АҚШ долларын (28,3 АҚШ долларынан 10,9 млн. АҚШ долл. дейін), қара металдардан

Кесте 17 – 2013-2020 жж. Қазақстан аймақтары бойынша экспортты әртараптандыру мүмкіндігінің кешенді индексі

	Аймақтар	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Деңгейі
1	Жамбыл	0,9207	0,8195	0,7022	1,0155	1,0351	1,0188	1,0193	1,0529	Жоғары
2	Қарағанды	0,9781	0,9279	0,9957	1,0223	0,9960	0,9879	0,9571	0,9699	
3	Шымкент қ.						0,9733	0,992336	0,9494	
4	Шығыс Қазақстан	1,1358	1,1168	1,1752	1,2428	1,1963	1,1214	0,9693	0,9341	
5	Түркістан	0,8449	0,9181	0,9624	0,9761	0,9179	0,9431	0,8298	0,9322	
6	Алматы қ.	0,7572	0,8356	0,7203	0,7863	0,6756	0,7128	0,7761	0,8994	Орта
7	Алматы обл.	0,9531	1,0167	1,0106	1,0023	0,9752	0,9547	1,0605	0,8724	
8	Павлодар	1,1134	0,9769	0,9292	0,8436	0,6936	0,8874	0,8879	0,7951	
9	Ақмола	0,6247	0,6374	0,6585	0,6605	0,5347	0,5888	0,5703	0,7088	
10	Ақтобе	0,3803	0,4649	0,5920	0,7001	0,7233	0,6316	0,6630	0,7042	
11	Қызылорда	0,0266	0,0363	0,1142	0,1392	0,2387	0,2899	0,3774	0,6912	
12	Солт.Қазақстан	0,5623	0,5594	0,5627	0,7352	0,6397	0,6439	0,6149	0,5453	
13	Қостанай	0,4254	0,4595	0,5537	0,5974	0,5271	0,5342	0,4730	0,5004	
14	Астана қ.	0,3154	0,4761	0,5874	0,6322	0,4565	0,3726	0,4206	0,4847	Төмен
15	Атырау	0,1289	0,1245	0,1182	0,1201	0,1200	0,0948	0,0949	0,1124	
16	Батыс Қазақстан	0,0719	0,0790	0,0503	0,0782	0,0635	0,0563	0,0589	0,0621	Өте төмен
17	Маңғыстау	0,0386	0,0721	0,0450	0,0673	0,0537	0,0774	0,0254	0,0503	

Ескертпе – автор ұсынған әдістеме бойынша есептелді

жасалған металл конструкциялар - 77,6% - ға немесе 6,7 млн. АҚШ долл. (8,6-дан 1,9 млн. АҚШ долларына дейін) төмендеді. Республиканың өңдеу өнеркәсібі экспортында Жамбыл облысының үлесі – 2,7% құрайды.

Өңдеу саласы экспортының көшбасшысы ретінде Қарағандыны айтуға болады. 2020 өңдеу өнеркәсібі экспортының жалпы көлемдегі жоғары үлесі Қарағанды облысына – 8,1%, Шығыс Қазақстан облысына – 4,0%, Алматы қаласына – 3,9% және Павлодар облысына тиесілі – 3,9%. Жалпы экспорттағы ең төмен өңдеу саласының үлесі Маңғыстау – 0,6%, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстары тиісінше 0,2% құрады.

Қарағанды біздің бағалау әдістемемізге сәйкес жоғары көрсеткішке ие, өндірісі әртараптандырылған, негізінен өңдеу саласына мамандану байқалады және экспорттық әлеуеті жоғары. 2020 жылғы мәліметтерге сәйкес өңдеу өнеркәсібі саласының экспорты Республика бойынша номиналды құны бойынша ең жоғары 3,9 млрд.АҚШ долларын құрады. Жалпы экспортында өңдеу өнеркәсібі саласының үлесі 87,4%, тау-кен өндірісі 11,4, ауылшаруашылығы 0,2%, басқа салалар 1% құрайды. Өңдеу саласы экспортында металлургия өндірісінің үлесі 84%. Темір, күміс, мыс шартылай фабрика күйінде экспортталады. Аймақта мол шикізат қоры жеткілікті, шағын орта кәсіпкерлікті дамыта отырып металлургия саласында өңдеу саласын одан әрі дамыту мүмкіндігі бар.

Шығыс Қазақстан облысында өңдеу саласы біршама дамыған. Өндірістің 42% осы өңдеу саласына тиесілі. Өңірдің өңдеу өнеркәсібінің салалық экспорты негізінен металлургия өнімдерінен (өңделмеген мырыш, жартылай өңделген күміс, тазартылған мыс) (91,6%), Тамақ өнімдерінен тұрды (күнбағыс майы, өзге де дәнді дақылдардан жасалған ұн т.б.) (3,5%), машина жасау саласы (1,6%) және химия өнеркәсібі (1,0%) [2].

Сонымен біз ұсынған әдістемені пайдалану арқылы бағаланған аймақтардың экспортты әртараптандыру мүмкіндігінің деңгейін ескере отырып әр аймаққа жеке-жеке дамыту жолдарын жүргізу маңызды. Яғни, әр аймақтың географиялық, өндірістік, қаржылық ерекшеліктеріне сәйкес өндіріс саласын дамыту қажет. Әлеуеті жоғары аймақтарда қажетті ресурстар жеткілікті, өндіріс орындары бар, ол аймақтарда тиімді ұйымдастырушылық іс-шараларын арттыру қажет. Әлеуеті төмен аймақтарда өңдеу саласы кәсіпорындарын құру, жаңа жұмыс орындарын қалыптастыру, жаңа салаларды дамыту қажеттілігі бар.

2.3 Өңдеу өнеркәсібі салаларының бәсекелестік артықшылықтарын бағалау және экспорт құрылымын жаңғырту

Өңдеу өнеркәсібі салаларының бәсекелестік артықшылықтарын бағалау кезінде экономикалық өсудің ішкі және сыртқы жағдайларын, үрдістерді, заңдылықтарды, экономикадағы сәйкессіздіктер мен теңгерімсіздіктерді анықтау қажет. Жүргізілген талдау нәтижелерін ескере отырып, экономиканы индустриялық-инновациялық даму траекториясына шығаруға бағытталған әртараптандырудың негізгі жолдары айқындалуға тиіс.

Алдыңғы бөлімдердегі талдау нәтижелері көрсеткендей Қазақстанның қазіргі өндірістік қуаты және мүмкіндіктері шектеулі, сондықтан экспортты әртараптандыру мүмкіндігі төмен. Дегенмен өңдеу өнеркәсібі саласының кейбір салаларының динамикасы қазіргі жағдайды өзгертуге мүмкіндік береді.

Бұл индустрияландыру саясатын жүзеге асыру тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің әлемдік нарығында өзіміздің бәсекеге қабілетті өнімімізді жасау және жаңа экспорттық стратегияны әзірлеу үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Төменде өңдеу өнеркәсібі өндірісінің тәуелсіздік алғаннан бергі аралықтағы әр бес жылдыққа жалпы ішкі өнімдегі үлесі келтірілген.


Кесте 18 – 1993-2021 жылдардағы ҚР өңдеу өнеркәсібі өндірісінің жалпы ішкі өнімдегі үлесі

	1993	1998	2003	2008	2013	2017	2021	Өсім, %
Өндіріс әдісімен жалпы ішкі өнім (млрд. тг)	29,4	1733,3	612,0	16 053	35 999,1	53 101,3	83951,6	158
Өңдеу өнеркәсібі (млрд. тг)	15,8	441,7	1218,9	3359,6	5852,6	9400,8	17121,4	182,1
ЖІӨ-дегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі %		12,01	14,21	11,77	10,63	11,19	13,6	2,41
Ескертпе – әлемдік банк, [73] деректері негізінде құрастырылды								

Пандемиядан кейін 2021 жылғы дерек бойынша өткен жылмен салыстырғанда өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс қарқынды өсіп 182,1% - ға өсті. 2020 жылы азық-түлік өнімдері (103,2%), негізгі фармацевтикалық өнімдер мен фармацевтикалық препараттар (147,3%), қара металлургия (103,2%) және машина жасау (116,4%) өндірісі ұлғайды.


Өңдеу салаларының ішінде металлургия мен тамақ өнеркәсібі өндіріс құрылымында басты орын алады. Олардың өңдеуші өнеркәсіп өндірісінің

жалпы көлеміндегі жиынтық үлесі 2010 жылдағыдай шамамен 60% - ды құрайды (12-сурет).



Сурет 12 – 2010 жылы Өңдеу өнеркәсібі өндірісінің құрылымы, %

Ескертпе – [69] дереккөз негізінде автормен құрастырылды



Сурет 13 – 2020 жылы Өңдеу өнеркәсібі өндірісінің құрылымы, %

Ескертпе – [69] дереккөз негізінде автормен құрастырылды

Кесте 19 –ҚР өңдеу өнеркәсібінің өндірісі мен экспортының құрылымы

	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
Өңдеу өнеркәсібі өндірісі, млрд. тг	5446,7	5852,6	6089,6	5978	8046,8	9400,8	10404	11573,4	13232,7	17121,4
<i>өткен жылға, пайызбен</i>	111,5	107,5	104,0	98,2	134,6	116,8	110,7	111,2	114,3	129,4
<i>базалық 2012 жылға пайызбен</i>	100	107,5	111,8	109,8	147,7	172,6	191,0	212,5	242,9	314,3
Металлургия өнеркәсібі	1964,4	1752,1	1912,4	2140	3380,2	4075,7	4614,8	4965,4	5662,7	7676,5
Азық-түлік өнімдерін өндіру	865,6	970,1	1103,5	1123	1448,4	1525,8	1527,7	1708	1957,2	2287,7
Химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру	179,0	186,0	230,3	241,6	284,6	333,3	401,1	475,1	476,3	573,5
Негізгі фармацевтикалық өнімдер өндірісі	33,9	36,5	38,0	37,2	47,4	72,4	78,5	92,4	141,8	202,2
Өңдеу өнеркәсібінің экспорты млн.АҚШ.долл	21399	19559	18511	13999	13208	15395,2	15889	15677,7	15450,7	18400
<i>өткен жылға, пайызбен</i>	105,7	91,4	94,6	75,6	94,3	116,6	103,2	98,6	98,5	119,1
өңдеу өнеркәсібі экспортының жалпы экспорттағы үлесі %	24,7	23,1	23,2	30	34	32	26	27	32,5	30
Ескертпе – [69]дереккөз негізінде құрастырылды										

Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі саласы экспортының басым бөлігі металлургия саласына тиесілі. 2021 жылы өңдеу секторының экспорты \$18,4 млрд құрап, өткен жылмен салыстырғанда 19,1% өсімді құрады. Бұл соңғы жылдардағы өте жоғары көрсеткіш. Оның ішінде металлургияға \$10 млрд (65,7%), мұнай өңдеуге \$1,8 млрд (12%), машина жасауға \$1,2 млрд (7,9%), тамақ өнімдерін өндіруге \$1,1 млрд (7,2%), химия өнеркәсібіне \$0,9 млрд (5,8%) құрады. Ал 2020 жылы салалар бөлінісінде өңдеу өнеркәсібінің экспортында металлургия – 42,9%, тамақ өнімдері – 14,8%, машина жасау – 12,7% үлеспен көшбасшы болып табылады. Осы салалардың жалпы үлес салмағы 70,4% - ға тең. Өңдеу саласының жалпы экспорттағы үлесі 29% құрады. Өңделген тауар экспортында Қытай, Ресей және Өзбекстан елдері алдыңғы орында.

Өңделген тауарлар экспортының құрылымында металлургия және мұнай-химия салаларының тауарлары басым. Бұл салалар жалпы экспортта 75% үлесін алады.

Кесте 20 –ҚР өңдеу өнеркәсібі экспортының құрылымы, млн.АҚШ долл.

	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
	18368,5	14010,8	12620,7	15485,5	15653,4	15703,7	15450,7
Металлургия саласы	9659,66	9202,98	8635,05	10563,0	10052,6	9985,9	7612,5
Мұнай-химия саласы	4516,67	2 100,3	1 397,8	2028,2	2 334,7	1921,1	1895,3
Тамақ өнеркәсібі	1208,05	1 047,4	1 043,4	1130,3	1 225,0	1189,9	1782,7
Химия өнеркәсібі	787,3	693,3	523,9	723,4	800,5	779,4	975
Көлік құралдары	618,16	244,4	258,7	198,8	168,4	607,3	1327,7
Машина жасау саласы	1277,2	377,7	453,3	454,0	485,8	569,7	1318
Басқа салалар	34,75	82,79	64,0	69,3	189,5	222,2	241,5
Құрылыс тауарлары	89,68	37,3	54,0	83,1	154,7	169,2	42,4
Жеңіл өнеркәсіп	96,32	160,7	124,4	141,7	121,4	98,4	151,3
Ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі	58,08	33,2	40,5	64,3	81,5	95,4	32,5
Фармацевтика саласы	22,66	29,90	25,37	29,20	38,77	64,59	71,8
Ескертпе – [69]дереккөз негізінде құрастырылды							

2021 жылы өңделген тауарлар экспорты 18,4 млрд. АҚШ долларына өсті. Бұл соңғы жылдары қарқынды өсім 2020 жылға қарағанда 119% - ға өскен. Ең жоғарғы 2014 жылғы көрсеткішпен шамалас. Өңдеу саласының бір жыл ішінде қарқынды өсімі әлемдегі геосаяси жағдайлармен байланысты болуы мүмкін. Атап айтқанда Ресейлік кәсіпорындар Қазақстан атынан экспортқа шығады.

Өсудің негізгі драйверлері өңделмеген мырыш сияқты тауарлар болып табылады (304,1-ден 730,6 млн. АҚШ долл.), ұшу аппараттары - (43,0-ден 314,2 млн. АҚШ долл.), циклдік көмірсутектер - (8,2-ден 79,5 млн. АҚШ долл.), жылжымалы құрам бөлігінде - (12,6-дан 62,5 млн. АҚШ долл.), тазартылмаған мыс, мыс анодтары - (29,8-ден 79,1 млн. АҚШ долл.), мыстан жасалған мыс және катодтар - 192,1 млн. АҚШ долл.құрады (2 429,1 - 2 621,2 млн. АҚШ долл.), уран - 166,2 млн. АҚШ доллары (1 349,5 - 1 515,6 млн. АҚШ долл.) құрады.

Қазақстаннан экспорттың негізгі тауарлары мыс және мыс катодтары болып табылады - 2,6 млрд. АҚШ долл. (үлесі 16,7%), ферроқорытпалар - 1,9

млрд. АҚШ долл. (12%), уран - 1,5 млрд. АҚШ долл. (9,7%), мұнай өнімдері - 1 млрд. АҚШ долл. (6,6%), өңделмеген мырыш - 730,6 млн. АҚШ долл. (4,7%), табиғи газ - 669,5 млн. АҚШ долл. (4,3%), өңделмеген алюминий - 513,3 млн. АҚШ долл. (3,3%), күміс - 436,2 млн. АҚШ долл. (2,8%), қоспаланған болаттан жасалған ыстықтай тапталған жазық илек - 417,4 млн. АҚШ долл. (2,7%), бидай ұны - 362,1 млн. АҚШ долл. құрады (2,3%) [69].

Кесте 21 – Қазақстанның құндық экспортындағы тауарлардың үлесі, %

	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
Барлық тауарлар	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
Минералды отын және оның құрамдас бөліктері: майлар; битумдық заттар (шикізат).	72,02	69,88	76,3	76,39	67,72	60,73	63,46	70,1	67,07	58,2	57,72
Темір және болат	6,95	6,38	3,84	4,26	5,44	7,48	8,66	6,83	6,02	6,76	8,24
Мыс және одан жасалған бұйымдар	3,74	4,09	3,45	2,3	4,37	5,22	5,23	4,18	4,54	5,95	5,62
Мырыш және одан жасалған бұйымдар	0,87	1,12	0,58	0,74	1,26	1,51	1,73	0,46	0,87	1,32	1,22
Органикалық емес химиялық заттар;	3,42	3,83	3,69	3,57	6,76	6,56	4,49	3,5	3,83	4,98	4,16
Кен, қож және күл	5,03	4,33	3,22	3,28	2,36	3,25	4,35	3,42	4,72	6,69	6,95
Дәнді дақылдар (бидай, күріш, жүгері және т. б.)	0,86	1,84	1,58	1,43	1,81	2,22	1,72	2,13	0,74	0,76	0,63
Ас тұзы; күкірт; сылақ материалдары, әк және цемент	0,81	0,8	0,62	0,74	1,2	0,98	0,75	1,07	1,03	0,97	1,23
Алюминий және одан жасалған бұйымдар	0,63	0,53	0,58	0,48	0,91	1,04	1,1	1,04	0,98	1,11	1,29
Бағалы және жартылай бағалы тастар, бағалы металдар	1,87	2,05	1,32	0,95	1,63	1,77	1,23	0,86	0,66	1,49	1,42
Машина жасау өнімдері (фрезерлік);	0,64	0,67	0,69	0,72	1,09	1,41	1,01	0,76	0,22	0,36	0,26
Майлы тұқымдар мен майлы жемістер; әртүрлі дәндер, тұқымдар мен жемістер өнеркәсіптік немесе дәрілік уыт; крахмалдар; инулин; бидай дәнінің маңызы	0,1	0,27	0,22	0,34	0,5	0,55	0,58	0,55	0,30	0,43	0,36
басқалары	3,06	4,21	3,91	4,8	4,95	7,28	5,69	5,19	8,34	9,87	10,06
Ескерту – [69,72] дереккөзі негізінде құрастырылды											

Мұнда шикізат тауарларының үлесі басым. Қазақстанда өңдеу өнеркәсібіне тиесілі экспорт - бұл машина жасау өнімдері, фармацевтикалық өнімдер, тұрмыстық химия, киім, аяқ киім, ойыншықтар, полиграфия, көптеген тамақ өнімдері, сондай-ақ жоғары технологиялық материалдар мен радиоактивті қосылыстар және дәрілердің компоненттері сияқты аралық өнімдер кіреді.

Кесте 22 – Технологиялық даму деңгейі бойынша Қазақстанның өңдеу өнеркәсібінің құрылымы

Технологиялық даму деңгейлері	Жалпы көлеміндегі үлесі													
	өнеркәсіп, %							өңдеу өнеркәсібі, %						
	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
Барлығы	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
<i>Жоғары технологиялық</i>														
компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндірісі	0,18	0,19	0,22	0,20	0,16	0,15	0,10	0,56	0,60	0,55	0,47	0,39	0,31	0,22
<i>Орта технологиялық</i>														
химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру	1,04	1,24	1,62	1,49	1,46	1,76	1,53	3,17	3,78	4,06	3,53	3,54	3,60	3,35
автокөлік құралдарын, трейлерлер мен жартылай тіркемелер өндіру	0,88	0,99	0,58	0,28	0,65	2,27	1,90	2,68	3,03	1,46	0,68	1,59	4,64	4,18
Басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндіру	0,54	0,56	0,57	0,61	0,54	0,87	0,90	1,65	1,71	1,43	1,45	1,31	1,77	1,98
Ескертпе – [69] дереккөзі негізінде құрастырылды														

Бүгінгі таңда өңдеуші өнеркәсіп салаларының өндірістерін зерттеу қолда бар алғышарттарға қарамастан, оның ұлттық экономиканың драйвері болуына мүмкіндік бермейтін белгілі бір себептердің бар екенін көрсетті. Біріншіден, негізгі капиталға инвестициялар ағынына шоғырлану қажет.

Соңғы жылдары инвестициялар тарту бойынша өсу жүріп жатыр, бірақ Қазақстан өткен жылға қарағанда олардың шағын өсуінің нәтижесінде (6-дан 11% - ға дейін) Ресейден және ЭЫДҰ елдерінен артта қалып отыр. Екіншіден, кәсіпорындар массасының қалыптаспауы. Өңдеу өнеркәсібінде 14,8 мың кәсіпорын қызмет атқаруда, 1,3 есе артқан. Бірақ олардың саны экономикадағы белсенді халық санының мың адамына шаққанда өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны Ресейден 2,2 есе, ал ЭЫДҰ елдерінен алты есе артта қалып отыр. Үшіншіден, төмен немесе орташа, ал бір жерде өнімнің төмен «күрделілік» деңгейі. Гарвард университетінің экономикалық күрделілік индексында Қазақстан 84-ші орында, ал Беларусь 31-ші орында, ал Ресей 48-ші орында [77].

Жалпы, Дүниежүзілік Банктің статистикалық деректері бойынша Қазақстан өңдеу өнеркәсібінің салыстырмалы артықшылығы бар 182 тауар экспортқа шығарады, салыстырсақ Ресей Федерациясы – 358, Беларусь мемлекеті - 690, Қытай Халық Республикасы - 1402, ЭЫДҰ елдері бойынша орта есеппен – 1950 [70]. Өңдеу өнеркәсібінің экспортында жартысынан көбі небәрі 6 тауарға тиесілі (мыс катодтары, феррохром, өңделмеген мырыш, табиғи уран, дисстиляттар және күміс) [69]. Төменде технологиялық күрделілік деңгейі бойынша өндірісті қарастырамыз


Кесте 23 – Қазақстандағы өңдеу өнеркәсібінің ғылыми сыйымды салалары

Өнеркәсіптің ғылыми сыйымды салалары	ЖІӨ үлесі, %							
	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
<i>Жоғары технологиялық</i>								
компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндірісі	0,086	0,092	0,093	0,081	0,081	0,069	0,058	0,046
<i>Орта технологиялық</i>								
химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру	0,577	0,516	0,580	0,590	0,605	0,627	0,674	0,683
автокөлік құралдары, трейлерлер және жартылай тіркемелер өндірісі	0,252	0,436	0,465	0,213	0,117	0,282	0,869	0,852
Басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісі	0,316	0,269	0,262	0,208	0,249	0,232	0,331	0,403
Ескертпе – [69] дереккөзі негізінде құрастырылды								

Жоғары технологиялық салаға компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндірісі жатады. 2014-2021 жылдар кезеңінде оның ел

өнеркәсібіндегі үлесі 0,10% деңгейінде және өңдеуші өнеркәсіптегі үлесі 0,22% көрсетті, ал жалпы ішкі өнімдегі үлесі соңғы жылдары бар болғаны 0,046% - ды құрады.

Жоғарыда кестеден көрініп отырғандай, Республикада жоғары технологиялық өнім іс жүзінде өндірілмейді, осы өнімнің экспортты өте төмен. Бұдан басқа, Қазақстанда жоғары технологиялы өнімдер экспортыны соңғы жылдары тұрақты түрде төмендеуі байқалады. 3,33 млрд. АҚШ долларынан 1,77 млрд. АҚШ долларына дейін төмендегенін байқап отырмыз. Әлемде жоғары технологиялы өнімдер экспортынан алдыңғы қатарда АҚШ, Жапония, Германия, Франция, Германия мемлекеттері тұр. Қазіргі уақытта Қытай Халық Республикасы да жоғары технологиялы өнім экспортынан алдыңғы қатарға шығып отыр. Әлем елдері төртінші технологиялық теңкерісті еңсеріп, бесінші технологиялық төңкеріске өту алдында тұр. Қазақстан да әлі төртінші технологиялық өндіріс қажетті деңгейге жете алмай отыр.



Сурет 14 – Аймақтардың технологиялық даму деңгейінің көрсеткіштері

Ескертпе – [69] дереккөзі негізінде құрастырылды

Дүниежүзілік банк көздерін талдау Қазақстанның экспорты әлемнің жетекші елдерімен салыстырғанда өте төмен екенін көрсетті. 2017 жылы Қытайда жоғары технологиялық экспорт 504 млрд., Германияда 167,7 млрд., АҚШ-та 110,1 млрд., Жапонияда 83,6 млрд. АҚШ долларын құраған.

Өңдеу өнеркәсібі саласында технологиялық күрделілік дәрежесіне қарай үш салаға бөліп қарастырылады: жоғарғы технологиялық сала, орта технологиялық сала мен төмен технологиялық секторлар.

2020 жылдың дерекеріне сәйкес Қазақстандағы өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің ең жоғары үлесі, шамамен 48 % орта технологиялы салаларға жатады. Үлес салмағы бойынша екіншісі төмен технологиялы сала шамамен 41 %, ал жоғары технологиялы өнімдердің үлесі 11 % құрады.

Бұл көрсеткіштер соңғы он жылмен салыстырғанда жоғарғы технологиялық саланың үлес салмағы 9 пайыздан 11 пайызға, төмен технологиялы сала өнімдерінің үлесі 43 пайыздан 41 пайызға өсіп, ал орта технологиялы өнім көлемінің үлесі өзгеріссіз қалып отыр. Бұл көрсеткіштер дамыған және дамушы елдердің деңгейіне жақындау үшін әлі де жеткіліксіз.

Еліміздегі өңдеу өнеркәсібінің жоғары технологиялы салаларының ішінде химия өнеркәсібі 3,7 % және фармацевтика саласы 2 % үлеспен алдыңғы орында. Орта технологиялық салаларда ең үлкен үлесті металлургия саласы жалпы өңдеу саласының 45% алып отыр. Ал төмен технологиялық өндірісте тамақ өндірісі жалпы өңдеу саласының 15%, кокос пен мұнай қңдеу 8,5%, сусындар 3,3 % алып отыр.

Жалпы еліміздің 9 аймағында төмен технологиялық өндірістің үлесі жоғары, 7 аймақта орта технологиялық өнімдердің деңгейі басым, ал жоғары технологиялық өнімдер Жамбыл облысында 43,5%, Алматы қаласы 26,7%, Қостанайда 26,3% және Маңғыстауда 18,6% бен алдыңғы орында [69].

2021 жылы әлемдік мұнай бағасының өсуіне байланысты экспорт ақшалай мәнде өсіп, 60,3 млрд долларды құрады, яғни экспорттың өсімі инновация немесе технологиялық даму есебінен емес. Нәтижесінде, **металлургия және машина жасау** сияқты өңдеу өнеркәсібінің базалық салаларының экспортында нақ сол тауарлар басым болып отыр. Өнімнің ассортименті бірдей тауарларға, ал оны экспорттау географиясы – сол баяғы елдерге тиесілі.

Соңғы он жылдықта өңдеу саласының экспортында жоғары үлес химия өнеркәсібі, кокс, мұнай өңдеу өнімдері мен металлургия салалары құрады. Келесі үлесі жоғары салалар тамақ пен сусындар, сонымен қатар машина жасау саласы. Қазақстан ферроқорытпалар, сары фосфор, ұн, мақтаның майын өндіруде әлемде жақсы көрсеткіштерге жетті.

Металлургия саласында бірқатар даму байқалады қорғасын, мыс тағы басқа жартылай өңделген өнім өндірісінен біртіндеп дайын тауарлар

өндірісіне, мәселен, болат құбырлары, металл конструкциялары, рельстер мен сымдарды жасауға бейімделіп келеді.

Зерттеу көрсеткендей, **металлургия өндірісі** орналасқан аймақтар осы өнімнің негізгі экспорттаушылары болып табылады. Мәселен, ел экспортының жалпы көлеміндегі экспорттың едәуір үлесі Қарағанды облысына (25,1%), Шығыс Қазақстан облысына (14,7%), Ақтөбе облысына (15,3%) тиесілі.

Жекелеген өңірлерде тамақ өнімдері өндірісінің үлесі елеулі, мысалы, Ақмола облысында ол өңдеуші өнеркәсіптің жалпы көлемінің 40,3% жетеді; машиналар мен жабдықтар өндірісі 40,7% жетеді. Атырау облысында кокс өндірісі мен мұнай өңдеу үлесі өңдеуші өнеркәсіп құрылымында 94,7% - ды құрады, бірақ бұл ретте олардың ҚР экспортының жалпы көлеміндегі үлесі тиісінше 0,7% және 7,7% - ды құрайды.

Кесте 24 – Metallургия саласына SWOT талдау

<i>Күшті жақтары</i>	<i>Әлсіз жақтары</i>
<ul style="list-style-type: none"> -мол шикізат қорының болуы; - дамыған инфрақұрылым; -өндірістік-технологиялық тәжірибе; - металдардың кең спектрі; - жоғары кәсіби кадрлық корпус. 	<ul style="list-style-type: none"> - өндірістік қорлардың тозуы; - технологиялық артта қалу; - металл бұйымдарының шағын ассортименті; - жас кадрлардың жеткіліксіз ағыны; - шикізат тауарларымен және қайта өңделген төмен бөліністі тауарлармен ұсынылған экспорттық қоржынның төмен табысты құрылымы, - Инвестиция қажеттілігінің жоғары деңгейі -экспорттық рәсімдердің ұзақтығы; - логистикалық қызметтердің жеткілікті деңгейде дамымауы.
<i>Мүмкіндіктері</i>	<i>Қауіп-қатерлер</i>
<ul style="list-style-type: none"> -әлемдік нарықта түсті металдарға сұраныстың жоғары болуы; -қайталама техногендік түзілімдерді пайдалану; -серіктестік және кооперациялық қатынастарды кеңейту. 	<ul style="list-style-type: none"> - 5-10 жыл ішінде жаңа бәсекеге қабілетті мыс, мырыш және алтын кен орындарының болмауы; - саланы стратегиялық мемлекеттік реттеудің жеткіліксіздігі; - радикалды шешімдер қабылдау кезінде сала бойынша дұрыс ақпараттың толық болмауы және жүйесіздігі; - жинақталған білім мен технологиялық тәжірибені жоғалту.
Ескертпе – [35] дереккөзі негізінде құрастырылды	


Қара және түсті металдар өндірісі және экспортының көлемі мен ассортименти өсуде, алайда бұл металдарды ішкі тұтыну республикада өте нашар өсуде (өнімнің 93-97% экспортқа кетеді). Бұл жағдай онымен ұштасқан машина жасау мен құрылыс материалдарының ішкі рыногын дамытуға мүмкіндік бермейді.

Елдің сыртқы саудадағы металлургия саласының үлкен үлесіне қарамастан, отандық металдан жасалған жоғары технологиялық өнім (қосылған құны жоғары өнім) Қазақстанда іс жүзінде өндірілмейді және экспортқа шығарылмайды. Керісінше, отандық өңдеу кәсіпорындары оларға қажеттілікті сезініп, елде өндірілген түсті металды импорттайды.

Қазақстанда өңдеу өнеркәсібінің **машина жасау саласы** экспортын арттыруға мүмкіндігі жоғары. Бұл сала өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі бойынша металлургия мен тамақ өнімдерін өндіруден кейін үшінші орын алады. Әлемде машина жасау өнеркәсіптің негізгі салаларының бірі болып табылады, оның даму деңгейі ел экономикасының деңгейін көрсетеді. Машина жасаудағы әлемдік көшбасшылардың басым көпшілігі әлемнің дамыған елдерінің компаниялары болып табылады. Алдыңғы қатарлы экономикасы бар елдерде машина жасау саласының үлесі өнеркәсіп өнімдерінің жалпы көлемінде 30-50% - дейін жетеді (Қытай - 35,2 %, Италия - 36,4 %, Англия - 39,6 %, Жапония - 51,5 %, Германия - 53,6 %) [78].

Саланың тұрақты дамуы байқалмайды, дамуда теріс динамика байқалады деп айтуға болады. Мәселен, жұмыспен қамтылған қызметкерлердің санына келетін болсақ біршама азаяды. Машина жасаудағы персонал санының өзгеру динамикасы өндірістің нақты көлемімен, өндірістік процестің технологиялық жоспарындағы жетілмегендігімен және машина жасау кәсіпорындарындағы орташа айлық жалақы мөлшерінің артта қалуымен байланысты.

Қазақстанның экспорты мен импортының жалпы көлемінде аталған сала бүкіл кезең бойы өзгеріссіз қалады – шамамен 2% экспорт және 42% импорт. Өнімдер орта технологиялық өндірістерге жатады. Негізгі импорттаушылар - Ресей, Өзбекстан, АҚШ, Қытай, Нидерланды. Жалпы алғанда, саланың тиімділігі өсіп келеді, бірақ фрагменттік және тұрақсыз, сондықтан қол жеткізілген деңгей олардың дамуының нысаналы индикаторларын іске асыру үшін әлі де жеткіліксіз. Тіпті рентабельділіктің 10%-ы (қазіргі уақытта 4,5% - ға дейін төмендеу үрдісі жүріп жатыр) инвестицияларды өз пайдасы есебінен қамтамасыз ету және қарыз көздеріне қолжетімділікті ашу үшін жеткіліксіз.



Сурет 15 – Машина жасау өндірісі көлемінің серпіні, млрд. теңге

Машина жасау өнімінің ішкі нарығының нашар дамуы оның бәсекеге қабілетсіздігіне орай сыртқы нарыққа шығуына мүмкіндік бермейді. Қазақстан машина жасау саласының әлемдік саудасында өте аз үлесті – 0,6% - ды құрайды, бұл ретте машина жасау өнімінің сауда айналымының жалпы көлемі 13,3 млрд.долларына жетті, экспорттық жеткізілімдер бар болғаны 719 млн. долларды немесе жалпы көлемнің 7%-ын, ал 9,6 млрд. немесе 93% Қазақстанға импорттық жеткізілімдерге тиесілі. Машина жасау импортының құрылымы жабдықтар мен қондырғылардан (35%), электр машиналарынан (26%), көлік құралдарынан (20%), кемелер және қайықтардан (10%) тұрады. Экспорттың негізгі тауарлары - жеңіл автомобильдер, аккумуляторлар, шарикті подшипниктер, тиекті арматура, тарату қалқандары, трансформаторлар және т.б. экспорттық өнім әлемнің 100-ден аса еліне кетеді. Өңделген өнімдердің негізгі алушылар ретінде Ресей 27%, Нидерланды 14%, Өзбекстан 14%, АҚШ 9%, Испния 6% Қырғызстанға 5%-ы экспортталады .

Қазақстанның машина жасау саласының негізгі мәселелері: саладағы кәсіпорындардың технологиялық тозу, бәсекеге қабілеттіліктің төмендігі. Әлемдік нарықтағы басқа өндірушілермен байланыстың төмендігі, инвестиция көлемінің аздығы, ішкі нарық көлімінің аздығы.

Кесте 25 – машиналар мен жабдықтар өндірісінің негізгі кәсіпорындары.

Кіші сала	Кәсіпорын	Аймақ	Салық мың тг.	Саладағы үлесі
Тау-кен өндіру өнеркәсібіне арналған техника	«Maker» ЖШС	Қарағанды обл.	1 836 633	13,4%
	«Дон Мар» ЖШС	Қостанай обл.	272 505	2,0%
	«Агротехмаш» ЖШС	Қостанай обл.	143 543	1,0%
Арнайы мақсаттағы машиналар мен жабдықтар өндірісі	«Ақтөбе мұнай жабдықтары зауыты» АҚ	Ақтөбе обл.	584 178	4,2%
	«Западно-Казахстанская машиностроительная компания» АҚ	Батыс Қазақстан обл.	558 472	4,1%
	«ФМС Технолоджиз Казахстан» ЖШС	Маңғыстау обл.	477 671	3,5%
	«Мунаймаш» АҚ	Солт.Қазақстан	403 692	2,9%
	«Петропавловский завод тяжелого машиностроения» АҚ	Солт.Қазақстан обл.	285 495	2,1%
	«Sewon – Vertex Heavy Industry» АҚ	Маңғыстау обл.	221 256	1,6%
	«Каскор-Машзавод» АҚ	Маңғыстау обл.	169 004	1,2%
	«Атыраунефтемаш» ЖШС	Атырау обл.	168 490	1,2%
	«Нефтегазоборудование» ЖШС	Алматы қ.	164 216	1,2%
Металл өңдеу станоктары	«Elbor Engineering» ЖШС	Алматы обл.	434 625	3,2%
Крандар өндірісі	«Бөмер Арматура» ЖШС	Қарағанды обл.	405 906	3,0%
Металлургияға арналған машиналар мен жабдықтар өндірісі	«Алматинский завод тяжелого машиностроения» АҚ	Алматы қ.	351 549	2,6%
Өнеркәсіптік желдеткіш	«Тыныс» АҚ	Ақмола обл.	349 890	2,5%
Көтергіш және тасымалдау жабдықтары	«ERG Service» АҚ	Астана қ.	330 436	2,4%
	«ЦЭМ-Геомаш» ЖШС	Қарағанды обл.	143 426	1,0%
Жалпы мақсаттағы машиналар мен жабдықтар	«Новус Силинг Каспиан» ЖШС	Атырау обл.	198 150	1,4%
Сорғылар мен компрессорлар	«Флоусерв Казахстан» ЖШС	Атырау обл.	150 900	1,1%
Тоқыма, тігін, әзірлеутін құралдар	«Производственная инновационная компания «Астана Ютария LTD» ЖШС	Астана қ.	137 485	1,0%
Ескертпе – [79] дерекөзі негізінде құрастырылды				

Алайда, перспективалар бар және олар мына факторларға негізделеді: біріншісі – ТМД-ның ішкі және көрші нарықтарындағы машина жасау өніміне үлкен әлеуетті сұраныс; екіншісі-өңдеуші өндірістерді қолдау жөніндегі мемлекеттік саясаттың басымдықтары әзірленеді. Машина жасауда бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыру іс жүзінде толығымен Қазақстанда ғана емес, Еуразиялық экономикалық одақ аясында да мемлекеттік қолдау ауқымына байланысты.

10 машина жасау кәсіпорындарын іріктеп зерттеуге сүйене отырып, өндірістің ең көп үлесі Қарағанды облысының кәсіпорындарына тиесілі екенін атап өтуге болады (13,4%). Бұдан бұрын айтылғандай, Қарағанды облысында өңдеу өнеркәсібі жыл сайын 2,7 миллиард долларға өнім экспорттайды, оның ішінде машина жасау өнімдері де бар.

Машина жасау саласы кәсіпорындарының жұмысын талдау машина жасау өнімдерін шығаратын кәсіпорындардың 10 өңірде бар екенін, олардың үлесі үлкен емес екенін, бірақ тиісті мемлекеттік қолдаудың арқасында бұл кәсіпорындар саланың көшбасшысы бола алатынын және бәсекеге қабілетті өнім шығара алатынын көрсетті. Қолда бар экспорттық әлеуетті әртараптандыру негізінде жоғары технологиялық экспорттық өнім шығару жағына қарай кеңейту керек.

Машина жасау саласында да өсім болады деп жоспарлануда. Мұндағы өсімнің негізгі себебі саланың локомотиві машина құрастыру саласының дамуымен байланысты, саладағы үлесі 35% құрайды. Алдағы уақытта машина құрастыру саласына жіті мән беру қажет. Алдымен импортты алмастыру арқылы ішкі нарықты қамтамасыз етіп, соңынан экспортқа бағдарлану маңызды. Машина құрастыруды 29 %-ға өсіріп, 100 000 данаға жету көзделген, аккумулятор өндірісі 10 %-ға, ауылшаруашылық техникасын 58 %-ға, теміржолға арналған вагондарды 180 %-ға дейін арттыру міндеті қойылған. [79].

Машина жасау саласындағы әлеует шамамен 300 млн. АҚШ. Бұл бағыттағы негізгі жеткізушілер Ақмола және Алматы облыстарының өндірушілері бола алады.

2022 жылдың 8 ай қорытындысы бойынша елімізде 68644 дана техника, оның 62543 жеңіл автокөлік шығарылған. Атап айтқанда Қостанай қаласындағы СарыарқаАвтоПром 42603 дана автокөлік, Көкшетау қаласындағы Камаз Инжиниринг 809 дана жүк көлігі, Саран қаласындағы QazTehna 157 автобус, Семейдег қаласындағы СемАЗ 1384 комерциялық

техния, Daewoo Bus Kazakhstan 124автобус, Алматы қаласындағы Hyundai Trans Kazakhstan 22100 жеңіл автокөлік шығарған [80].

Өңдеу өнеркәсібі өндірісінің құрылымын жаңғырту қалыптасқан шикізаттық экономиканы еңсеруге, өндірісті технологиялық жаңа деңгейге жаңғыртуға, ұлттық экономикалық жүйенің оңтайлы моделін жасауға мүмкіндік береді, тұтастай алғанда отандық экономиканың стратегиялық бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға ықпал ететін болады. Өңдеу саласын әртараптандыру импортты алмастыруға да бағдарлануы тиіс.

Осылайша, қазіргі уақытта экспортты әртараптандыру - бұл ел экономикасына әлемдік нарық тарабынан түскен барлық сын-қатерлерге жауап. Алайда, экспортты қайта құрылымдау процесі үлкен саяси ерік-жігер мен ұзақ уақытты қажет етеді. Осыған байланысты экономикалық даму мен өндірістік құрылымды әртараптандырудың ұлттық және аймақтық деңгейдегі өзара байланысының ескеру керек.

Екінші бөлім бойынша қорытындылар:

1. Қазақстан Республикасының жалпы экспорты және өңдеу саласы экспортының даму динамикасы талданды. Географиялық және тауарлық құрылымда Қазақстандық экспорттың әртараптандырылу деңгейінің төмендігі анықталды. Экспорт құрылымы, үлесі жоғары тауарлардың экспорты, еңбек өнімділігінің индекстері, салалар бойынша өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестициялар, Қазақстанның негізгі сауда серіктестері жан жақты талқыланды.

2. Қазақстан аймақтары өңдеу өнеркәсібі саласының экспортын автор ұсынған «экспортты әртараптандыру мүмкіндігі (ExDO)» индекстік әдістемесін пайдалану негізінде бағаланды. Бұл бағалау үш негізгі индекстік бағалау әдістемесіне негізделді. Бағалау нәтижесі ретінде аймақтардың рейтингі жасалды. Өңдеу өнеркәсібі саласының экспортын әртараптандыру мүмкіндігі жоғары аймақтарға Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Түркістан, Алматы облыстары мен Шымкент және Алматы қаласы енді. Ал аталған саланың әртараптандыру мүмкіндігі төмен аймақтарға Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Атырау облыстары еніп отыр. Бұл бағалау әдістемесінің нәтижелері аймақтардағы өңдеу өнеркәсібі саласының экспорттау мүмкіндігі деңгейін шынай көрсетеді. Бұл өз кезегінде осы салаға жауапты ұйымдардың стратегиялық және тактикалық дұрыс шешімдер қабылдауда маңызды құрал бола алады.

3. Өңдеу өнеркәсібі салаларының бәсекелестік артықшылықтары талқыланды. Өңдеу өнеркәсібінде металлургия және машина жасау салаларының артықшылықтарына тоқталдық. Өйткені бұл салаларда жеткілікті шикізат қорының болуы, технологиялық базасын жаңғырту мүмкіндігінің жоғарылығы және өңдеу экспортының басым бөлігі осы екі салаға тиесілі. Металлургия өнеркәсібіне SWOT-талдау жүргізілді, машина жасау өндірісі көлемінің серпіні, машиналар мен жабдықтар өндірісінің негізгі кәсіпорындарын сараланды.

3.ӨНДЕУ САЛАЛАРЫНЫҢ ЭКСПОРТЫН ӘРТАРАПТАНДЫРУ- ДЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ МЕН МЕХАНИЗМІ

3.1 Өндеу салаларында экспорттық әлеуетті арттыруды институционалдық қамтамасыз ету

Экспорттық әлеуетті арттыруда мемлекеттік қолдау шараларын көрсетудің дұрыс құрылған жүйесінің болуы маңызды. Мұндай іс-шараларды іске асырудағы маңызды, шешуші рөл мемлекетке тиесілі. Бұл мемлекет: а) өндірістің негізгі параметрлері мен мақсаттарын айқындайды; ә) өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына көмектеседі; б) ауқымды өнеркәсіптік кәсіпкерлікті жүзеге асырады; в) негізгі экспорттық бағдарды айқындайды; г) экспорттық кедергілерді төмендету мүмкіндіктерін қарастырады; ғ) отандық өндірушілерді қаржылық және қаржылық емес түрлі қолдаулар жиынтығын әзірлеп, оларды іске асырады және т.б.

Сауда және сауда саясаты ұғымы 2004 жылдың 12 сәуірінде қабылданған «Сауда қызметін реттеу туралы» заңда сауданы жүзеге асыруғы негізгі міндеттер мен тәртіпті орындауда мемлекеттік институттар ұйымдастырушы, құқықтық қамтамасыз етуші, экономикалық қолдаушы, салада бақылау жүргізу және тағы басқа іс-шаралардың жиынтығын орындаушы ретінде белгіленген.

Қазақстан Республикасының экспортын қолдау жүйесінде бірнеше ұйымдар қызмет атқаруда. Атап айтқанда, ҚР Сауда және интеграция министрлігінен бастап, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Аграрлық несиелік корпорациясы», «ҚазақЭкспорт» экспорттық - несиелік сақтандыру корпорациясы, «Kaznex invest» экспорт және инвестициялардың ұлттық агенттігі, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы сияқты мемлекеттік институттар бар.

Аталған институттардың экспортты қолдау бойынша негізгі қызметтеріне қысқаша тоқталар болсақ: *Қазақстанның Даму Банкі* - инвестициялық жобаларды қаржыландырумен қатар экспорттық операцияларға кредит беру қызметтерін ұсынады. *ҚазЭкспортГарант* - экспорттаушының шикізаттық емес тауарлардың, қызметтер мен өнімдердің бүкіл отандық экспорттаушыларға ыңғайлы, тиімді несиені сақтандыруды іске асырады. Сақтандыру келтірілген шығындар сомасының 80% - на дейінгі коммерциялық және саяси тәуекелдерді өтейді. *Экспорт пен инвестициялардың ұлттық агенттігі» KAZNEX INVEST»* - қазақстандық шикізаттық емес экспортты дамытуға және ілгерілетуге және Қазақстан


экономикасының басым секторларына тікелей шетелдік инвестицияларды тартуға жәрдем көрсетеді. Өңдеу саласы экспорттаушыларына ақпараттық қолдаумен қатар, кәсіпкерлерді экспорттық қызметке оқытады. «*Аграрлық несие корпорациясы*» АҚ - қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің экспортын ілгерілетуге, оны жүзеге асыруға көмектесу болып табылады.

Жоғарыдағы бөлімдегі талдау шикізаттық емес өнім экспортының ұлғаюына теріс әсер ететін факторлар: 1) экономиканың төмен технологиялық уклады; 2) энергия тұтынудың жоғары деңгейі; 3) еңбек өнімділігінің төмен деңгейі; 4) негізгі капиталға инвестициялардың төмен үлесінің нәтижесінде негізгі құралдардың физикалық және моральдық тозуы болып табылатынын көрсетті.

Шикізаттық емес өнімнің экспортын ұлғайтудың алғышарттары: экспортталатын салаларды әртараптандыру мен тұтынушы сұранысын ескере отырып, экспортталатын тауар санын арттыру болып табылады. Ұлттық экономиканы экспортқа бағдарланған дамыту стратегиясының басты міндеті өнімнің технологиялық жаңғыртылуы мен әртараптандырылуы негізінде оның сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Сондықтан елдегі өңдеу өнеркәсібін жаңғырту қажет. Ол үшін алдымен жаңа технологиялар мен қаржы көздеріне қол жеткізуді шешу керек. Одан бөлек, ішкі және сыртқы нарыққа өңдеу саласы өнімдерін өткізудің барлық кедергілерін жою қажет. Сонымен қатар одан басқа экспорттаушыларды қолдайтын кешенді іс-шаралар жүйесі болғаны маңызды. Мұның барлығы мемлекеттік қолдау негізінде жүзеге асырылатын іс-шаралардың жиынтығы.

Елімізде экспорттың тауарлық құрылымы соңғы он бес жылда аз өзгерді. Экспорт құны жылдам өсті, 2000 жылғы 8,8 миллиард АҚШ долларынан ел тарихындағы ең жоғарғы көрсеткіш 2012 жылы 86 миллиард АҚШ долларына дейін жетті. Бірақ экспорттық құрылым белгілі тауар тобына шоғырланған, яғни, мұнай өнімдері көбірек басым бола бастады. Басқа экспорттық тауарлардың басым көпшілігі да пайдалы қазбалар мен металдарға жатады, бірақ олар экспорттық себеттегі өзінің аз үлесін арттыра алмады. Бұдан басқа, экспорт белгілі бір нарықтарға шоғырланған: соңғы жылдары Нидерланды мен Түркия шикізат сатып алушыларына айналса да, басты экспорттық нарықтар Ресей мен Қытай болып табылады.



Сурет 16 – Қазақстандық экспорттың құрылымы

Ескертпе [72] деректерінен алынды

Қазақстан теңге бағамының әлсіреуін экспортты ұлғайту үшін пайдалана алмады. Экспорттаушы кәсіпорындар халықаралық бәсекеге қабілетті болмады. Теңге бағамының әлсіреуі тек өндірісі күшті елдерде ғана экспорттаушыларды ынталандыра алатынын тағы дәлелдеді.

Қазақстан экономикасы халық саны мен ішкі сұраныс тұрғысынан өте шағын. Халықаралық және аймақтық сауда ұйымдарына мүше болу Қазақстан өзінің отандық кәсіпорындарын шетелдік ірі алпауыт кәсіпорындармен бәсекеге шығарғанмен тең. Өйткені ішкі және сыртқы нарықта отандық өндірушілер шетелдік ірі компаниялармен бәсекелесе алмайды. Сондықтан Қазақстан отандық тауар өндіруші кәсіпорындарды қорғау үшін уақытша шетелдік тауарларға квота қоя отырып, ішкі нарықты отандық кәсіпорындарға беру мәселесін шешуі қажет. Квота тек Қазақстанда өндірілетін тауарларға енгізіледі. Квотаның қалай жұмыс істейтінін нарықтағы жеңіл көлік мысалында түсіндірейік. Қазақстанның сұранысы жылына 50 мың көлік тұтынады деп есептесек. Оның жартысын отандық, ал қалғанын шетелдік өндірушіден сатып аламыз. Мемлекет көлік өндіру саласының отандық құрастырушылары әлеуетін бағалап, отандық өндірушілер нақты қанша көлікпен қамтамасыз ете алатынын есептейді. Егер нарықтағы 50 мың сұраныстың 30 мыңын қамтамасыз ете алса, мемлекет

шетелдік көлік сатушыларға бұл жылы тек 20 мың квота енгізеді. Яғни, шетел өндірушісі Қазақстанда 20 мың көліктен артық көлік сата алмайды. Демек, отандық көлік өндірісі артады. Жыл сайын әр таңдалған сала бойынша осылай болады.

Әлемдік су тасымалдау жолына шыға алмаса да Қазақстанның географиялық орналасуы көптеген әлеуетті артықшылықтарға ие. Бұл әлеуетті пайдалану үшін алдымен Орталық Азия аймағы бойынша көршілермен ықпалдастықты тереңдету қажет. Орталық Азияға Қазақстанның жалпы экспорттың 5 пайызын ғана құрайды. Бұл, негізінен, сауданың өзара толықтығының төмен деңгейімен байланысты. Ресей Федерациясымен сауданың өзара толықтырылу деңгейі одан да төмен. Алайда, Қазақстанның өңірлік әріптестермен саудасы өндіруші салалар үшін әлдеқайда маңызды, бұл әртараптандыру бойынша Қазақстанның күш-жігерін қолдау үшін өңірлік нарықтардың маңыздылығын атап көрсетеді.

Қазақстан су тасымалдау жолына шыға алмайтын мемлекет болғандықтан экспортты әртараптандыруда темір жол және көлік транспорты жолдарын дамытуы қажет. Қытайдан Каспийге дейін, Ресейден Оңтүстіктегі көршілер Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстанға дейін, Түркіменстан арқылы Оңтүстік Азия мемлекеттеріне шығу қажет. Каспий теңізі арқылы Батыс елдерге су жолын тұрақты қалыптастыру маңызды. Көлік жолын әртараптандыру арқылы тек отандық тауар тасымалы ғана емес, шетелдік тауар тасымалы көбейеді. Бұл елімізде логистикалық инфрақұрылымды жетілдіруге көмегін береді және отандық өнімдердің шетелдік нарыққа тез әрі төмен бағада жеткізілуіне апарады.

Қазақстан сауда байланыстарын дамытуда анағұрлым белсенді болуы керек. Ресей Федерациясына жақындық-Қазақстанның маңызды артықшылығы. Ресей экономикасымен сауда және инвестициялық байланыстар Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) шеңберінде одан әрі тереңдетілетін болады. Бұл Ресей экономикасының жақсаруына қарай нәтиже береді, бірақ Қазақстан ЕАЭО-ға қатысудан көбірек пайда алу үшін Сауда саясатын және компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін жақсарту бойынша күш-жігерді жалғастыруы керек. Қазақстан ЕАЭО-ға мүшелікті Ресейдің ірі нарығына, сондай-ақ Армения, Қырғызстан және Беларусь нарықтарына тауарларды, қызметтерді, капитал мен жұмыс күшін еркін жылжыту мүмкіндігі ретінде қарастырады. Ол үшін ЕАЭО ішкі нарығында кедергісіз орта қажет. Сондай-ақ, инновациялық өсудің маңызды факторы

бола алатын ЕАЭО экономикасын цифрландыру мәселелеріне ерекше назар аударылатын болады.

Дамушы елдердегі өзара ынтымақтастықтың негізгі нысандарының бірі-өңірлік экономикалық ұйымдар құру. Дамушы елдер жергілікті шикізатты қайта өңдеу өнеркәсібін дамытуды, экспортты әртараптандыруды көтермелеуден тұратын жаңа әлемдік экономикалық тәртіп туралы мәселе қойды. Соңғы жылдары Қазақстанның бастамасымен Еуразиялық экономикалық одақ құрылды. Негізгі мақсат – Қазақстандық өндірушілердің нарығын кеңейту, одаққа енетін мемлекеттердің нарығына шығу болды. Дегенмен мұндай ортақ нарық кімнің өндірісі мықты болса сол тарапқа тиімділігі жоғары болады. Өйткені одаққа мүше барлық кәсіпорындар бәсекеге түседі. Сондықтан сарапшылардың пікірі бойынша Қазақстан үшін тиімділігі төмен, бұл одақ экономикалық емес көбіне саяси мәнге ие деген.

Қазақстанның Қытаймен сауда қатынастары осы елдің «Бір белдеу – бір жол» бастамасы шеңберінде құрлықта өзінің тауарларын батыс бағытта өткізу төңірегінде дамуда. Орта мерзімді перспективада Қазақстан сауда рәсімдерін оңайлату жөніндегі жұмысты жақсартып, өзінің логистикалық секторын дамытып, сондай-ақ батысқа қарай келе жатқан саудаға әлдеқайда көп құн қосу қажет болады. Ұзақ мерзімді перспективада Қытайда әл-ауқаттың өсуіне қарай өнімдер мен қызметтер Халықаралық жер үсті көлік дәліздері бойынша шығысқа бағдарлануы мүмкін.

Қазақстан аймақтарының (облыстарының) экономикалық әлеуеті бар, бірақ олардың мүмкіндіктері, инфрақұрылымы мен әкімшілік әлеуеті айтарлықтай өзгеріп отыр. Еуропалық Қайта Құру және даму банкі жүргізген талдау нәтижелеріне сәйкес өнімдердің бірегейлігі мен күрделілігіне, өңдеу және сервистік қолдау мүмкіндіктерінде Қазақстанның 16 аймағының жартысына жуығы әртараптандыру үшін мүмкіндіктер бар. Алайда, тек бір өңір Алматы облысы ғана 2003-2020 жылдары өңдеу өнеркәсібі секторында қосылған құнды құру тізбегін іске асырды. Мүмкіндіктерге, құн және тұрақтылық факторларына байланысты кейбір өңірлер өнімді жетілдіру мақсатында белгілі бір салалар немесе секторлар бойынша тікелей қолдау қажет болуы мүмкін, ал басқа өңірлер үшін бизнес-ортаны немесе мемлекеттік-жеке әріптестікті жақсартуға бағытталған жанама қолдау орынды болады.

Өңірлік дамуды қолдау үшін өңірлердің пікірін есепке алуға және олардың әлеуетін дамытуға негізделген «өңір-орталық» байланысы қажет.

Мұндай байланысты қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органдардың пікірін көбірек ескеру қажет. Өңірлік қолдау бағдарламалары тиісті нарықтық ынталандырулармен өңірлік дамудың стратегиялық жоспарларымен келісілуі тиіс. Қолдау Қазақстанның салықтық-бюджеттік мүмкіндіктерін ескере отырып ауқымды шараларды қамтуы тиіс.

Бәсекеге қабілетті аймақтарды дамыту және еңбек ресурстарының ұтқырлығын ынталандыру өзара тығыз байланысты; оған қол жеткізу үшін урбанизация процесін нығайту қажет. 2003-2021 жылдары Қазақстанда жалақысы төмен өңірлерден неғұрлым жоғары жалақысы бар өңірлерге едәуір көлемде көші-қон болды.

Жаһандық экономикамен интеграцияны және қазақстандық аймақтардың ұлттық және жаһандық экономикамен байланыстарын жақсартуды тежейтін негізгі шектеулердің қысқаша сипаттамасы. Сауданың өңірлік сауда серіктестерімен өзара толықтыруының төмен деңгейі; тарифтік және тарифтік емес кедергілер; сауданы оңайлату шараларындағы және логистика секторындағы кемшіліктер; өңірлік дамуды қолдау бағдарламаларының төмен әсері; Ел ішіндегі әлсіз байланыстар.; ішкі көші-қонды, оның ішінде қалаларға, әсіресе екінші дәрежелі қалаларға көші-қонды шектеу, олардың әлеуеті инфрақұрылымға және мемлекеттік қызметтерге инвестициялардың айтарлықтай жетіспеуінен төмендейді.

Осы талдауда сипатталған проблемаларды шешу және жаңа экономикалық модельге көшуді жүзеге асыру үшін Қазақстан өзінің адами және институционалдық капиталын нығайтып, табиғи ресурстарды тұрақты және тиімді басқаруды қамтамасыз етуі қажет болады. Қазақстан өзінің адами капиталын нығайтып, қызметкерлер мен азаматтарға өзгермелі экономикалық, әлеуметтік және технологиялық жағдайларға тез бейімделуге мүмкіндік беретін және оларды өтпелі кезеңдерде қолдайтын орта жасауы қажет. Бұдан басқа, Қазақстан өзінің ресурстық байлығынан үлкен пайда алған кезде, ол қолда бар ресурсты қажетсінетін өсу моделінің осалдығын және теріс салдарын азайту үшін табиғи ресурстарды басқару кезіндегі тұрақтылық пен тиімділік мәселелерін ескеруі қажет.

Кесте 26 - Қазақстанда өңдеу өнеркәсібі экспортын әртараптандырудың стратегиялық бағыттары

Стратегиялық бағыт	Негізгі қауіп-қатер, кедергілер	Басымдықтары	Мақсат
Экономиканы, Өндірісті әртараптандыру	Ішкі нарыққа негізделген өндірісті арттыру Сұранысы жоғары сала өндірісін арттыру Отандық шикізатпен қамтамасыз етілген экспортқа бағытталған өндіріс орындарын арттыру	Ішкі нарықты қамтамасыз ету арқылы экспортқа бағытталған өңдеу өнеркәсібі экспортын арттыруды қолдау	Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі экспортын әртараптандыру
Жеке секторды дамыту	ШОК дамыту Нарықта мемлекеттің араласуын азайту	Мемлекеттің нарыққа араласуын төмендету арқылы ШОК дамыту	
Интеграция және байланыс	Сауда кедергілерін азайту Логистикалық байланысты жетілдіру Инфраструктура Урбанизация	Аймақтардың экспорттық әлеуетін арттыру	
Қаржылық қолдау	Қолжетімді несие саясаты Субсидия Сақтандыру Экспорттаушы кәсіпорындарға қолайлы салық саясатын қабылдау Тиімді валюта айырбастау	Отандық экспорттаушылардың қаржылық мәселелерін шешу	
Адам капиталын арттыру	- Білім мен қабілетті арттыру - Денсаулық сақтауды жетілдіру - Әлеуметтік қолдау	Адам капиталын арттыру	
Ескертпе –[1] дерекөзі негізінде автормен құрастырылды			

- Әртараптандырылған экономиканы қалыптастыру үшін экономика секторларын өзара тиімді бөлінісін қамтамасыз ету қажет. Қазақстан мысалында шикізаттан түсетін табыс көздерімен қатар өңдеу өнеркәсібі және ауылшаруашылық өндірісін технологиялық жаңғырту арқылы арттыру керек.

- Мемлекеттің экономикаға қатысуын азайту және ШОК дамыту үшін ортаны қолдау:

- Қазақстанда әртараптандырылған жеке сектор және қажетті саясатты қолдау үшін тиісті стратегиялар мен бағдарламалар бар. Алайда институционалдық басқару тиімділігіне байланысты бұл бағдарламалардың жүзеге асу нәтижесі төмен.

Жоғарыда сипатталған реформаларды іске асыру және осы талдауда талқыланатын мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік басқару саласындағы түбегейлі жақсарту талап етіледі, бұл келесі бірнеше жылға арналған неғұрлым басым міндет болып табылады. Адам капиталы жағдайында сияқты Қазақстанда мемлекеттік басқаруды жетілдіру ұрпақ арқылы жеміс әкелетін тұрақты міндет болуы тиіс. Бұл саладағы жұмыстың екі бағыты: сыбайлас жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі және Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін мемлекеттің, оның ішінде мемлекеттік сатып алу және жекелеген салалар мен компанияларды мемлекеттік қолдау жөніндегі іс-әрекеттері мен шешімдерінің ашықтығын арттыру қажет. Мемлекеттік сектордың әлеуетін арттыру үшін шешімдер қабылдау жүйесін орталықсыздандыруды арттыру (өңірлердің экономикалық дербестігі мен жауапкершілігін арттыру арқылы), талдау және стратегиялық жоспарлау саласындағы мемлекеттік қызметтің әлеуетін дамыту және ашу, қаржылық басқару дағдыларын нығайту және қаржылық есептілікті арттыру, мемлекеттік бағдарламалар мен бюджеттерді жүйелі мониторингілеу мен бағалауды қоса алғанда, қызмет нәтижелеріне есеп берудің қатаң процестерін белгілеу қажет.

Өңдеу өнеркәсібі экспортын дамытудың институционалдық негіздерін жетілдіру бойынша іс-шаралар жиынтығы:

Шикізат емес экспортты және қызметтерді дамыту және ілгерілету мәселелері қазіргі уақытта бірнеше даму институттары арасында нақты бөлінген: «KazakhExport» - қаржылық қолдау операторы, «КЦИЭ «QazIndustry» АҚ – тауарларды сыртқы нарықтарға жылжыту жөніндегі экспорттаушыларға олардың шығындарын өтеу жөніндегі оператор, Сыртқы

сауда палатасы – сервистік қолдау және «QazTrade» АҚ – экспорттаушыларды ақпаратты-талдамалық қолдау.

Экспортты дамытуды тежейтін мәселелердің бірі бизнестің мемлекет көрсететін қаржылық және қаржылық емес шаралары туралы жеткіліксіз хабардар болуы болып табылады. Осыған байланысты «QazTrade» бір терезе базасында отандық экспортты қолдайтын институттар ұсынатын қолданыстағы қолдау шаралары бойынша әлеуетті және белсенді экспорттаушыларға консультациялық қолдау көрсетуді, сондай-ақ мынадай талдамалық ақпараттар беруді жоспарлануда:

- кәсіпорын мен оның тауарының экспорттық әлеуетін бағалау;
- әлеуетті импорттаушының нарығын талдау және тауарларды ілгерілету үшін маркетингтік науқанды жүргізу;
- шетелдік және салалық нарықтарды маркетингтік талдау;
- сыртқы нарықтарға шығудағы сауда кедергілерін зерделеу және оларды жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Export.gov.kz электронды порталы жұмыс істей бастады, онда экспорттаушылар үшін барлық қажетті ақпарат, оның ішінде Қазақстанның экспорттық мүдделі тауарлары бойынша ақпараттық материалдар, барынша тартымды өткізу нарықтары, статистика, жарнама және өзге де экспорт қызметіне қатысты, оның ішінде сауда және елдер бөлінісіндегі ақпараттар орналастырылады.

QazTrade export.gov.kz электронды порталы арқылы экспорттаушылармен кері байланысты жетілдіру жұмысын жалғастыратын болады. Сонымен қатар, қазақстандық жеткізуші-экспорттаушылардың және олардың өнімдерінің тізілімін өзектендіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіледі. Бұл шетелдік тапсырыс берушілердің қазақстандық контрагенттер порталында болуларына мүмкіндік береді.

Сыртқы нарықтарда қазақстандық өнімдер экспортын өсіру мақсатында QazTrade сауда кедергілерін жою жұмысын жүргізетін болады. Жаңа Зеландияның тәжірибесі бойынша export.gov.kz порталы арқылы сауда кедергілерін құпия тіркеу, оларды дереу қарау және жою тетіктері енгізілетін болады. Экспорттаушымен 10 күн ішінде кері байланыс жасау қарастырылады және мемлекеттік органдарды, шикізат емес экспортты дамыту жөніндегі даму институттарын, сауда өкілдерін және басқа да мүдделі тараптарды тарта отырып, сауда кедергілері тіркелгеннен кейін 6 апта ішінде кедергілерді жоюдың алдағы қадамдары жасалады [81]. Мүше

мемлекеттер нарықтарына экспорт кезінде туындаған кедергілерді жою жөнінде өтінімдер берілген кезде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл регламенті әзірленетін болады.

Экспортты дамыту саласындағы жаңа бағыт қазақстандық өнімді Қазақстанның жұмыс істеп тұрған шетелдік мекемелерінің желісі арқылы ілгерілету болып табылады.

Сыртқы істер министрлігінің қазақстандық экспортты шетелдік нарықтарға инвестициялар тартудың қолданыстағы «Шетелдік мекеме – Орталық – Өңір» тәсіліне ұқсас ілгерілету бөлігіндегі функцияларын кеңейту мәселесі пысықталады.

Атап айтқанда, Шетелдік мекемелер жанындағы экономикалық мәселер жөніндегі кеңесшілердің функционалы олардың қызметін бағалауда (қол қойылған экспорттық келісімшарттар саны, шикізат және шикізат емес өнімдер экспортын ұлғайтудың негізгі көрсеткіштері) нақты КРІ қоса отырып, отандық дайын өнім экспортын ілгерілету мәселелерімен толықтырылатын болады. Кеңесшілердің лауазымдық функционалы мынадай бағыттармен толықтырылатын болады:

- Шетелдегі әлеуетті әріптесті/сатып алушыны іздестіруге жәрдемдесу;
- Әлеуетті импорттаушы нарығын талдау және тауарды ілгерілеті үшін маркетингтік науқанды өткізу;
- Шикізат емес экспортқа ынталандыру үшін қолданыстағы сауда құралдарын жылжыту;
- Экспорттық жобаға мемлекеттік қолдау алу үшін көмек көрсету;
- Шикізат емес тауарлар экспортын электронды тауар алаңы арқылы ілгерілету.

Экспортты ілгерілетудің осы сәулет шеңберінде еліміздің шетелдік мекемелерінің Сыртқы істер министрлігі сияқты ҚР Сауда министрлігімен де белсенді өзара іс-қимылы қалыпқа келтірілетін болады, олар өз кезегінде даму институттарымен, Сыртқы сауда палатасымен және өзге де мүдделі құрылымдармен тиімді синергияны қамтамасыз етеді.

Экспортты ілгерілету жөнінде құрылған өңірлік орталықтар шекаралас сауданы дамытуға және шетелдік импорттаушылар үшін әлеуетті отандық тауалар мен қызметтерді іздестіруге жәрдемдесетін болады.

Сонымен бірге, KazakhExport елді дамытудың негізгі институттарының бірі болып табылады, ол негізінен экспорттық кредит агенттігінің

функцияларын жүзеге асырады. Сонымен қатар, экспорттық кредит агенттігі арқылы шикізат емес экспортты қолдауды заңнамалық реттеудің жоқтығы және Қазақстан Республикасының Қаржылық нарықты реттеу және дамыту агенттігі реттейтін сақтандыру ұйымы түріндегі KazakhExport -тың ағымдағы құқықтық мәртебесі әртүрлі елдердің экспорттық кредит агенттіктерінде кеңінен танылған экспорттаушыларды қолдаудың қолданыстағы құралын пайдалануға мүмкіндік бермейді.

KazakhExport қызметі сақтандыру ұйымдарына қолданылатын жалпы ережелермен реттеледі және экспортты сақтандырумен шектеледі, бұл дамыған елдердің тәжірибесіне сәйкес келмейді, оларда экспорттық кредит агенттіктері (оның ішінде шетелдік сатып алушылар) экспортты сақтандыру, кепілдендіру, кредиттеу функциялары бар оқшауланған құқықтық мәртебесі болады, және олардың қызметтері жеке заңдармен реттеледі.

ҚР Ұлттық Банкінің сақтандыруды жүзеге асыруға арналған лицензиясының болуы және сақтандыру ұйымдарының жекелеген қызмет түрлерімен айналысуына «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынуы KazakhExport-ға басқа елдердің экспорттық кредит агенттіктерінде бар экспортты дамыту мен ілгерілету бойынша өзге де функцияларды беруге мүмкіндік бермейді.

Қазақстанда шыққан тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспортын қолдау жүйесін жаңғырту үшін дамыған елдердің тәжірибесі бойынша Қазақстан Республикасында жоқ экспортты дамыту мен ілгерілетуді оқшауланған құқықтық режимде жүзеге асыратын институт ретінде белгілеу қажеттілігі туындағанын назарға ала отырып, оның экспорттаушыларды қолдау жөніндегі құқықтары мен міндеттері, қызметінің түрлері мен мақсаттары, мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және экспорттаушылармен өзара байланысының тәртібі, сақтандыру және қаржылық қызметтер нарығындағы оқшауланған құқықтық мәртебесіне байланысты төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге қойылатын жекелеген талаптар, сондай-ақ оның қызметін бақылау және қадағалау тетіктері заңнамалық түрде белгіленетін болады.

Дегенмен, отандық экспорттаушыларды қолдайтын бұл мемлекеттік институттар көп жағдайда еліміздегі алып кәсіпорындарға көмек көрсетеді. Мысалы, Хендэ Транс, Сарыарқапром, Рахат т.б. Сондықтан бұл институттардың қызметін жалпыхалықтық, яғни шағын және орта

кәсіпкерлерге де қолжетімді болуы тиіс. Әрине бұл үлкен кәсіпорындарға көмек көрсету қажет емес дегенді білдірмейді.

Сонымен қатар шағын және орта кәсіпкерлік өкілдері өз өнімдерін экспортқа шығару жолдары туралы ақпаратпен толық қамтылмаған. Экспорттаушыларды жаппай ақпараттық қамтамасыз ету де маңызды.

Экспорттаушыларға бір терезе қағидасымен көмек көрсету экспортты ілгерілетуге ықпал етеді. Яғни, кедендік рәсім, субсидия, сақтандырудан бастап тауардың шетелдік тұтынушыға жеткенше сүйемелдеу процесі жеңіл әрі жылдам өтуі қажет. Мемлекеттік институттар экспортты қолдаудың қазіргі заманғы әдістері мен құралдарын пайдалану арқылы экспортты ілгерілету мүмкіндіктерін қарастырады.

Сонымен қатар, Қазақстанда шығарылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспортын дамыту және сыртқы нарыққа ілгерілету шараларын қамтамасыз ету, оларды нормативтік-құқықтық қолдау үшін Заң жобасын әзірлеу мәселесі пысықталу қажет.

Қазіргі таңда елімізде әлемдік тәжірибеде жұмыс істейтін классикалық форматтағы толыққанды экспорттық-кредиттік агенттік құрылмаған. Экономикасын әртараптандыра алған дамыған мемлекеттерде экспорттаушы кәсіпорындарды жан-жақты қолдайтын мұндай компаниялардың арнайы құқықтық мәтресі болады. Оның функциясын ҚазақЭкспорт орындап отыр.

3.2 Өңдеу салаларының экспортын әртараптандырудың даму сценарийін әзірлеу

Өңдеу саласының экспортының даму сценарийін әзірлеу алдын экспортты дамытуды SWOT талдау жүргізіп алған жөн. Бұл өз кезегінде болжам жасауда негізгі мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерді ескеруге мүмкіндік береді.

Қазақстан әлемдік трендтердің өзгеруі барысында көпвекторлы сыртқы саясатты жүргізуді жалғастырып отыр. Шикізаттық емес сектордың бәсекеге қабілетті өнім шығара отырып шетелдік нарықтарға бағдарлау, жұмыс істеп тұрған нарықтарда елдік позицияларды сақтау, отандық өндірушілердің мүдделерін қорғау, сондай-ақ өңделген өнім түрлерін одан әрі әртараптандыру мақсатында халықаралық сауда қатынастарын құру көзделіп отыр.

<p style="text-align: center;">Мүмкіндіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тиімді географиялық орналасу - Халықаралық сауда ұйымдарына мүше - ЕАЭО аясында кең нарықтың болуы 	<p style="text-align: center;">Қауіп-қатерлер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сауда соғыстары - ЕАЭО жаңа елдердің енуі - Өңдеу саласы өнімдері импортының артуы - Саяси, экономикалық тұрақсыздық
<p style="text-align: center;">Күшті жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мемлекеттік қолдау - Өңдеу саласына қажетті мол шикізат қорының болуы - Өнімнің жоғары сапасы және құнының төмендігі 	<p style="text-align: center;">Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Отандық өңдеу саласының бәсекеге қабілетсіздігі - Төмен технологиялы өндіріс - Жоғары транспорттық шығындар - Ішкі нарықтың қорғалмауы - Шетелде отандық экспорттаушыларды қолдау жүйесінің дамымауы - ЕАЭО елдерінің басым салаларында өткізу нарықтарының қиылысуы

Экспортты дамыту мүмкіндіктері

Тиімді географиялық орналасу

Қазақстанның әлемдік мұхит су жолына шығуға мүмкіндігі болмағанын кейбір ғалымдар экспортты дамытуда өзіндік кедергілері бар десе, ал кейбір ғалымдар Қазақстанның географиялық орналасуы экспортты ілгерілетуге өте тиімді деген пікірді алға тартады. Себебі, Қытай, Ресей, Орталық Азия елдерімен көршілес ретінде және сол елдер арқылы алыс үшінші елге тауар жеткізуге мүмкіндігі жоғары. Сонымен қатар жолға қойылған логистикалық инфрақұрылымның болуы, Қытай мен Еуропаны құрлық жолы арқылы байланыстыратын дәліз ретінде қарастыруға болады.

«Бір белдеу – бір жол» жобасын іске асыру және оның инфрақұрылымды дамытудың «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасымен ұштасуы көлік-логистикалық орталықтар құруға және Қазақстан аумағын ірі көлік желісіне қосуға мүмкіндік береді, ол Оңтүстік-Шығыс Азия – Еуропа бағыттарындағы бүкіл транзиттік ағынды 20%-ға дейін тасымалдауға мүмкіндік беретін транзиттік әлеуетті арттыруға ықпал етеді.

Орталық Азия елдерімен көршілес болу және Қазақстанның ОА елдері арасында көшбасшы болуы экономикалық даму тұрғысынан Иран, Ауғанстан, Тәжікстанға өңдеу өнеркәсібі тауарлары экспортының өсуіне ықпал ететін болады.

Еуроазиялық экономикалық одақ мүшесі

Қазақстан ең алдымен экспортты дамытуда ЕАЭО нарығын пайдалануы маңызды. Бұл елдердің көршілес орналасуы транспорттық шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді және тауарды жеткізу ұзақтығы жағынан қолайлы. Ортақ келісім бойынша одаққа кіретін барлық елдің нарығына кіруде әкімшілік, кедендік т.б. кедергілерді алып тастаудың мүмкіндігі бар. Бұл одақ экономикалық тұрғыдан қарағанда саяси одаққа ұқсас, бір ғана мемлекеттің ықпалы басым. Дегенмен, Қазақстан бар мүмкіндігін пайдалана отырып өзіне тиімді тұстарып қолданғаны жөн.

Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі

Қазақстан ДСҰ-на мүше бола отырып халықаралық стандарттарға сай отандық тауарлардың үлесін арттыруға, ішкі нарыққа инвестицияны ұлғайтуға, отандық өндірушілердің әлемдік нарыққа шығуына, сонымен қатар ұйымға мүше елдер арасында кедендік, салықтық, әкімшілік т.б. кедергілерді төмендету арқылы өз өнімдерін шетелдік нарықта ілгерілете алады. Дегенмен мұндай алып сауда-экономикалық ұйымдар өндірісі мықты елдер үшін мықты платформа. Өз елінде өндірілген тауарларды кедергісіз сыртқы нарыққа шығару құралы. Қазақстан бұл платформада тұтынушы рөлінде емес ұсынушы рөлінде болуы маңызды.

Экспортты дамытуда тәуекелдер мен қауіп-қатерлер

Сауда соғыстары

Соңғы жылдары әлемдік саудада сағыстар жиілеп барады. АҚШ пен Қытайдың арасындағы саудалық шектеулер. Иранға салынған санкциялар, Кешегі Ресейдің барлық тауарына АҚШ пен Еуро Одақ елдерінің жарияланған эмбаргосы тағы бар. Бұл осыған дейін қалыптасқан әлемдік сауда желісінің бұзылуына алып келеді. Көршілес елдердің экономикалық өсу қарқынының баяулауы Қазақстандық экспортқа да теріс әсерін тигізеді.

Әлемдік державалардың сауда соғыстары бір жағынан Қазақстандық өнімге жаңа нарықтар ашуы мүмкін. Дегенмен бұл нарықтар көбіне өңделген өнім сұранысын емес, шикізаттық ресурстардың сұранысын арттыруы мүмкін.

ЕАЭО-қа жаңа елдердің мүшелікке кіруі

ЕАЭО-тың аясын кеңейту және интергациялық процестерді дамыту шеңберінде нарыққа экономикалық қуатты жаңа мемлекеттердің келуі отандық өндірушілерді әлсіретуі мүмкін. Молдова, Тәжікстан, Өзбекстан сияқты мемлекеттердің одаққа кіруінен болатын мүмкіндіктер мен қауіптерді айқындап алу маңызды.

Өңдеу саласының өнімдері импортының артуы

Қазақстан ДСҰ мен ЕАЭО мүше болуына байланысты бірқатар жеңілдетілген сауда режиміне өтті. Нақтырақ айтсақ, ашық нарыққа бет алды. Отандық өндірістің өңдеу саласында бәсекеге қабілеттілігі төмен болғандықтан импорттық тауарлардың үлесі басым бола бастады. Кейбір тауар түрлері бойынша 70-98 % дейін жетеді. Негізгі импорттық ағында Ресей, Қытай, ЕО елдерінен байқалады.

Экспортты дамытуда күшті жақтары

Жан-жақты мемлекеттік қолдау

Өңдеу саласы экспортын арттыруға мемлекет аса ден қойып отыр. Түрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында экспорттаушыларға тікелей және жанама қолдаулар қарастырылған. Шағын кәсіпкерлікке қайтарымсыз гранттар беру, төменгі пайызбен несие, 2023 жылға дейін арнаулы салық режимінде жұмыс істеуге, экспорттаушыларға шетелдік нарық туралы ақпараттар беру, транспорттық шығындарды оңтайландыру, экспортталатын тауарды сақтандыру т.б көптеген іс-шаралар жиынтығы қамтылған. Мұның барлығы отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, экспортқа сапалы өнім шығаруға бағытталған.

Өнімнің жоғары сапасы және құнының төмендігі

Қазақстанда өңдеу саласына тиесілі бірнеше салалар бар. Олардың ішінде металлургия, химия, тамақ өнеркәсібі басым. Соңғы уақытта машина құрастыру оң динамикалық көрсеткіш көрсетіп отыр.

Экспортты дамытуда әлсіз жақтары

Отандық өңдеу саласының бәсекеге қабілетсіздігі

Қазақстандық экспорттың негізгі бөлігі Ресей мен Қытайға тиесілі. Технологиялық күрделілік деңгейімен өлшегенде өңдеу саласының негізгісін төмен және орташа өнімдер құрайды. Яғни, шикізат немесе жартылай шикізат күйінде экспорттаймыз.

Оның негізгі себебі *төмен технологиялы өндіріс*. Өндіріс орындарының құрал-жабдықтарының көбі тозығы жеткен. Сондықтан да өңдеу саласы экспортының үлесі төмен күйде қалып отыр.

Салада тұрақты өсімді қамтамасыз ету үшін мынадай шекті көрсеткіштер ескерген жөн: жалпы өнеркәсіп саласында өңдеуші саланың үлесі шамамен 70 %-ға дейін, ал машина жасау саласының үлесі 25 %-ға дейін, негізгі капиталға салынған инвестицияның көлемі жалпы ішкі өнімнің 25 %-на дейін, негізгі қордың тозуы 40 %-дан аспауы, өңдеуші саланың жалпы экспорттағы үлесі 40 %-ға жетуі тиіс.

Транспорттық шығындар

Су жолына тікелей шығу мүмкіндігі болмағандықтан Қазақстан құрлық жолдары, темір жолдар, әуе қатынастарын пайдаланыды. Бұл өз кезегінде теңіз жолы тасымалына қарағанда жоғары транспорттық шығындарға алып келеді. Алыс шетелдерге экспорт кезінде транспорттық шығындар тауар құнының 30% дейін жетеді, салыстырмалы түрде егер теңіз су жолына шығар болсақ бұл шығын 10-12 % құраған болатын еді [82].

Халық саны аз және халық тығыздығының төмен деңгейі территория жағынан үлкен ел ретінде тасымалдау шығындары біздің елде өзекті мәселелердің бірі. Себебі өнім тасымалы өзіндік құнға қосылып өнім бағасын жоғарылатады.



Сурет 17 – Еуразиялық экономикалық одақ нарығы және болашағы

*ЕАЭО елдерінің басым салаларында өткізу нарықтарының қиылысуы
Шетелде отандық экспорттаушыларды қолдау жүйесінің дамымауы*

Шетелдік тәжірибеге сәйкес экспортты дамытудың тиімді құралы шетелде сауда өкілдіктерінің болуы. Бұл отандық экспорттаушыларды шетелдік нарықта жан-жақты қолдауға, кеңес беруге, бағыт-бағдар көрсетуге маманданған орталық. Әлемде Қазақстанның мұндай желілері енді ғана жұмысын бастап жатыр.

ЕАЭО мүше елдердің экспортын арттыруға мүмкіндік берді. Дегенмен 2015 жылдан бастап Қазақстан нарығында Ресей және Беларусьлық өңделген тауарлар импортының артқанын байқауға болады. Одаққа мүше елдер, соның ішінде Қазақстан да ішкі нарықта өз өндірісі өнімдерінің үлесін арттыру және экспортты ұлғайту бойынша міндеттер қойып отыр. Алайда қатысушы елдердің өткізу нарықтары қиылысудың жоғары дәрежесіне ие.

Білікті мамандарды даярлау

Кез-келген салада мамандар шешуші рөл атқарары сөзсіз. Қазақстан экспортты әртараптандыруға қойған міндетін орындау үшін инвестиция, сауда саясаты жөніндегі кеңесшілер, халықаралық ұйым өкілдіктерінде халықаралық сауда нормалары мен қағидаттарын меңгерген сапалы мамандарды қажет етеді. Отандық экспортты дамыту, ұлттық мүддені қорғау көбіне білікті мамандарға байланысты. Мамандардың зерттеу қорытындылары бойынша адами капитал экспортты әртараптандыруға оң ықпал етеді.

Өңдеу салаларының экспортын әртараптандырудың даму сценарийін әзірлеу барысында жоғарыда келтірілген мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерді ескерген жөн. Қазақстан 2025 жылға дейін шикізаттық емес экспортын 41 млрд.АҚШ долларына жеткізу міндетін қойып отыр. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің тауарлық экспорты 29,5 млрд. АҚШ долларына және көрсетілетін қызметтер 11,5 млрд.АҚШ долларына тең. 27-кесте.

Шикізаттық емес экспортқа өңдеу саласының өнімдері, ауылшаруашылық саласының өңделген өнімдері және көрсетілетін қызметтер жатады (туризм, медициналық қызметтер т.б.).

Кесте 27 – Қазақстан Республикасының 2021-2025 жылдарға арналған экспортты дамытудың күтілетін нәтижелері

<i>макроиндикаторлар</i>		Өлш. бірл.	2021	2022	2023	2024	2025
1	Сауда ЖҚҚ-сының орташа жылдық нақты өсуі	%	104,9	105,2	105,4	106,0	106,2
2	Шикізат емес тауарлар бойынша сауда сальдосы (экспорт-импорт)	млрд. АҚШ доллары	-10,9	-7,9	-4,5	-1,3	1,3
3	Тауарлардың шикізаттық емес экспортының ұлғаюы	млрд. АҚШ доллары	20,4	22,4	24,6	26,9	29,5
4	Көрсетілетін қызметтер экспортының ұлғаюы	млрд. АҚШ доллары	8,8	9,4	10	10,8	11,5
5	Бөлшек сауда тауар айналымындағы электрондық сауда үлесінің өсуі	%	5,6	6,7	7,8	8,9	10
6	Жалпы тауар айналымынан Орталық Азия елдерімен тауар айналымының үлесі	%	7,57	10,68	13,78	16,89	20
<i>микроиндикаторлар</i>							
1	Экспорттық акселерация бағдарламасы шеңберінде жаңа экспорттаушылар санын ұлғайту	бірл. (+)	30	40	50	50	50
2	Экспорттық акселерация бағдарламасы шеңберінде белсенді экспорттаушылар санын ұлғайту	бірл. (+)	100	150	160	170	180
3	АӨК өнімдері экспортының жалпы көлеміндегі қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының үлесі	%	42	46	48	50	52
4	Өнеркәсіптік өнім экспортының жалпы көлеміндегі қайта өңделген өнеркәсіптік өнім экспортының үлесі	%	28,2	29,6	31,0	32,5	34,0
5	ЖІӨ-де саудадағы көлеңкелі экономиканың үлесін қысқарту	%	8	7,3	6,6	5,9	5,2
Ескертпе – [1] дереккөзі негізінде құрастырылды							

Кестеден байқағанымыздай Қазақстан 2025 жылға дейін өңдеу саласы экспортын 2018 жылмен салыстырғанда 1,9 есеге, яғни 29,5 млрд. АҚШ долларына жеткізу мақсатын қойып отыр.

Осы міндет негізінде сценариді экспорттың құндық өсуіне жасаймыз. Біздің көзқарасымыз бойынша төрт мүмкін болатын сценарилерді қарастырамыз.


Кесте 28 – 2025 жылға дейінгі өңдеу өнеркәсібі экспортының даму сценарии

	2018 жыл	2025 жылға болжам			
		Писсимистік	Базалық	Жоғары оптимистік	Шынайы
Өңдеу өнеркәсібінің экспорты	15653	18770,8	20709,4	27731,7	23229,6
Ескертпе – автормен құрастырылды					

1. Консервативті (Писсимисттік). Мүмкін болатын қауіп-қатерлерді сыртқы және ішкі деп қарастырамыз. Сыртқы қауіп-қатерлерге әлемдік экономиканың тұралауы, аймақтық соғыстар, әлемдік сауда желілерінің үзілуі, сауда және валюталық қақтығыстар, экономикалық санкциялар, халықаралық қаржы жүйесінің тұрақсыздығы және тағы басқа соңғы уақыттағы әлемдік оқыс оқиғалардың теріс әсері Қазақстан экспортына, оның ішінде өңдеу саласына да кері әсер берері сөзсіз. Сонымен қатар әлем елдерінің Ресейге салып жатқан санкцияларының да салдары өндіріс пен экспортты тежейтіні анық.


Ал ішкі жағдайларға отандық экономиканың құлдырауы, әлемдік нарықта қазақстандық өнімге сұранымтың азаюы, теңгенің әлсіреуі, инфляция деңгейінің өсуі, шетелдік инвестиция көлемінің азаюы, экспортты қолдау шараларының бәсеңдеуі. Мұндай жағдайда экспорт себетінде шикізат секторының үлесі басым болып қала береді. Бұл 2018-2025 жылдары өңдеу саласы экспортының 1,9 есе өсуіне мүмкіндік бермейді. Экспорт құрылымындағы өңдеу саласының үлесі 2025 жылға қарай 6% – дан аспайды, ал отын-энергетикалық шикізат 62% - дан төмен болмайды; 2025 жылға қарай өңдеу саласында жағдай айтарлықтай жақсармайды. Өңдеу саласының экспортында жылдық өсім болмайды немесе 0,5-1% көлемінде ғана өсім болуы мүмкін. Қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың әсері айтарлықтай нәтиже бермейді. Көптеген зерттеулерде писсимистік

сценарий нөлдік өсімді сипаттайды немесе теріс құлдырауды білдіреді. Мұнда біз пессимисттік сценариді 0,5% өсіммен есептедік.



Сурет 18 – Өңдеу өнеркәсібі экспортының динамикасы (Пессимисттік сценарий)


2. *Базалық (орташа жылдық нақты өсім).* Соңғы жылдары өңдеу саласы экспортының орташа жылдық нақты өсімі 2,77 % құрады. Сондықтан бұл сценаридің негізі соңғы жылдардағы өсімнің нақты жағдайы болып табылады. Егер осы сценарий бойынша есептер болсақ саланың 2025 жылға қарай экспорт көлемі 20,7 млрд.АҚШ долларын құрауы мүмкін.



Сурет 19 – Өңдеу өнеркәсібі экспортының динамикасы (Базалық сценарий)

3. *Үдемелі (Жоғары оптимистік).* Әлемдік экономиканың барлық салалық сегментте тұрақты және қарқынды өсуі, сауда және валюталық соғыстардың аяқталуы, бүкіл экономикалық санкциялардың жойылуы, халықаралық валюта-қаржы қорының тұрақты жұмыс істеуі. Ал ішкі жағдайда отандық экономиканың үдемелі өсуі, өңдеу саласының технологиялық жаңғыруы және күрделілік деңгейі жоғары өнім шығару, қазақстандық өнімге сұраныстың артуы, қолайлы экспорттық жағдайлар жасау, салаға инвестицияның артуы және мемлекеттік тиімді қолдау шараларының болуы. Үкіметтің 2025 жылға дейінгі жету үшін өңдеу өнеркәсібі саласының экспорты жылына 10,8% өсімді көрсетуі қажет. Үкіметтің бұл межелі мақсаты біздің жоғары оптимистік сценариге негіз болып табылады.

Мұндай жағдайда экспортта өңдеу өнеркәсібі саласының үлесі едәуір артады. Машиналар мен жабдықтардың экспорты 2025 жылға қарай 8 есеге артады және оның жалпы көлемінің 13% - ын құрайды. Мұндай өзгерістердің негізгі факторлары өндірістерді жаңғырту, экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау, технологиялық жаңғыру, өндіріске қажетті инфрақұрылымды жоғары деңгейде қамтамасыз ету, өңірлердің, кәсіпорындардың экспорттық әлеуетін күшейту болады.




Сурет 20 – Өңдеу өнеркәсібі экспортының динамикасы (Жоғары оптимистік сценарий)

Аймақтық бөліністе Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары көшбасшы болады. Ал салалық бөліністе екінші бөлімдегі талдау нәтижелері

көрсеткендей металлургия, машина жасау, химия өнеркәсібінің мүмкіндіктері зор.

Бірінші сценарий пессимистік, екіншісі базалық, ал үшіншісі жоғары оптимистік сценарий. Алайда, 2021 жылғы Ұлттық статистика бюросының нақты деректерге сүйене отырып өңдеу саласы экспортында қарқынды өсу байқалатынын көреміз. Сондықтан біз жоғары оптимистік және базалық сценаридің ара қатынасын болуы мүмкін *шынай сценарий* ретінде Инновациялық (Оптимисттік) сценариді ұсынамыз. Дегенмен қазіргі әлемдік жағдайларды ескере отырып ұсынып отырған төрт сценаридің де болуы ықтималдылығы өте жоғары.


4. *Шынайы (Оптимисттік)*. Әлемдік экономиканың тұрақсыз, бірақ қалыпты өсуі, сауда қақтығыстарының біртіндеп қысқаруы, экономикалық санкциялардың азаюы, халықаралық валюта-қаржы жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі, ал ішкі жағдайда отандық экономиканың қалыпты өсуі, теңгенің тұрақтылығы, әлемдің нарықта отандық өнімге сұраныстың болуы, тұрақты өңдеу саласына салынатын инвестиция, қолайлы экономикалық жағдайдың болуы Қазақстандық өңдеу саласының экспортын оптимисттік сценаримен болжауға мүмкіндік береді.



Сурет 21 – Өңдеу өнеркәсібі экспортының динамикасы (Оптимисттік сценарий)

Мұндай жағдайда әртараптандыруға негізделген экспортта өңдеу саласының үлесі айтарлықтай өседі. 2025 жылға қарай экспорт құрылымы неғұрлым жоғары дәрежеде қайта өңделген тауарлардың пайдасына өзгереді.

Отын-энергетикалық шикізат экспортының тұрақтануы аясында өндеу саласы экспорттың өсуі 2018-2025 жылдары жылына орта есеппен 5-6% - ды құрайды.



Сурет 22 – Қазақстан Республикасы өндеу өнеркәсібі экспортының болжамы, млн.АҚШ доллары

Әзірленген мүмкін болатын төрт сценариді график түрінде қарастырып көрейік.

Сонымен құрастырылған сценарилерге сәйкес Қазақстанның өндеу өнеркәсібі экспорты 2025 жылға қарай 18770,7 млн.АҚШ доллары мен 27731,7 млн.АҚШ доллары арасында болу ықтималдылығы бар.

Пессимистік сценарий бойынша Қазақстанның өндеу өнеркәсібі экспорты 2022 жылы – 18492 млн., 2023 жылы – 18584,5 млн., 2024 жылы – 18677,4 млн., 2025 жылы – 18770,7 млн. АҚШ долларын құрайды. Яғни, жылдық өсім өте аз мөлшерде немесе жылдық өсім болмауы да мүмкін.

Базалық немесе орташа жылдық өсім сценарийі бойынша өндеу өнеркәсібі экспортының жылдық өсуі 2,5-3% құрап, 2022 жылы 18952 млн., 2023 жылы – 19520,6 млн., 2024 жылы – 20106,2 млн., 2025 жылы – 20709,4 млн. АҚШ долларын құрайды.

Жоғары оптимистік сценарий бойынша жылдық өсім 10% төңірегінде болып, 2022 жылы 20387,2 млн., 2023 жылы – 22589 млн., 2024 жылы – 25028,6 млн., 2025 жылы – 27731,7 млн. АҚШ долларын құрайды. Осы жерде

ескере кететін бір жағдай, егер біз ең жоғары оптимистік сценариға қол жеткізген күннің өзінде ИИДМБ-3 бағдарламасында қойылған мақсатқа жете алмаймыз.

Біз ұсынып отырған шынайы (реалды) сценарий бойынша Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі экспорты 2022 жылы 19504 млн., 2023 жылы – 20674,2 млн., 2024 жылы – 21914,7 млн., 2025 жылы – 23229,6 млн. АҚШ долларын құрайды.

Бұл мүмкін болатын төрт сценариге жету үшін қандай іс-шаралар қажеттігін төменде ұсынамыз.

3.3 Экспортты әртараптандырудың даму сценарийін іске асыру тетіктерін ұсыну

Елімізде экспортты әртараптандыруды жүзеге асыру үшін ұлттық стратегиялық бағдарламалар негізінде түрлі іс-шаралар атқарылуда.

Индустрияландырудың екі бесжылдығын іске асыру нәтижесінде бүгінгі күні елімізде өңдеу өнеркәсібі оң серпінмен дамуы қалыптасып отыр, жалпы алғанда, өндірістің көлемі 3 есеге жуық өсіп, 70 трлн. теңгеге отандық өнім өндірілді. Өндірістің құрамында металлургия саласының өнімдері, машина жасау, химия өнеркәсібі және тамақ өнімдері алдыңғы орында.

Инновациялық – индустриалды дамудың келесі бесжылдығы 2020 жылдан бастап жүзеге асырыла бастады. Мұндағы басты бағдар өндірістің ауқымын одан әрі арттыруға және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті, сапалы өнім түрлерін көбейтуге қойылып отыр. Дегенмен осы зерттеу нәтижелерін ескере отырып экспортты әртараптандырудың даму сценарийлерін іске асыру тетіктерін ұсынамыз.

Қазіргі қалыптасқан жағдайда экспортты әртараптандыруға мүмкіндік бермейтін бірнеше тәуекелдер бар. Оларды шешу үшін Қазақстан әр аймақтың экспорттық салаларының мүмкіндіктерін, ерекшеліктерін, әлеуетін ескере отырып экспорттаушыларға экономикалық және институционалдық жағдайлар жасау қажет. Олар бірнеше кешенді тетіктерден тұрады:

Кесте 29 – Аймақтар бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

		2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2021, %
1	Қазақстан Республ	5 473 161	6 072 687	6 591 482	7 024 709	7 762 303	8 770 572	11 179 036	12 576 793	12 270 144	13 242 233	100%
2	Ақмола	143 782	141 716	181 328	199 021	223 045	264 892	278 177	333 723	436 633	514 683	3,9
3	Ақтөбе	432 988	496 248	526 249	349 912	374 020	438 049	516 893	598 864	648 036	817 136	6,2
4	Алматы	383 786	431 364	453 209	490 619	528 883	524 217	578 720	647 330	682 407	733 426	5,5
5	Атырау	1 033 961	1 038 438	1 129 627	1 470 262	2 036 852	2 468 570	3 691 401	4 328 236	3 178 960	2 910 114	22,0
6	Батыс Қазақстан	164 652	193 869	270 092	365 963	401 646	407 589	450 382	586 265	481 485	428 742	3,2
7	Жамбыл	152 437	248 842	208 554	194 321	215 906	225 863	264 520	296 398	350 068	398 609	3,0
8	Қарағанды	323 816	405 015	411 852	343 351	317 571	363 267	489 030	811 433	692 347	796 866	6,0
9	Қостанай	163 754	180 419	192 134	162 976	178 452	202 289	249 340	288 737	336 599	431 179	3,3
10	Қызылорда	255 979	371 935	262 583	236 995	215 920	243 100	332 655	400 209	292 344	308 941	2,3
11	Маңғыстау	396 385	440 025	532 239	458 956	405 604	434 446	504 649	556 558	582 279	629 138	4,8
12	Оңтүстік Қазақстан	318 169	415 277	449 385	417 562	380 570	485 402	-	-	-	-	
13	Павлодар	263 513	276 246	353 112	451 714	439 764	483 795	411 958	494 620	487 154	571 927	3,9
14	Солтүстік Қазақстан	97 999	101 758	116 943	155 431	167 066	191 689	214 181	234 490	286 252	333 149	2,5
15	Түркістан	-	-	-	-	-	-	314 114	443 503	705 722	659 114	5,0
16	Шығыс Қазақстан	266 194	301 168	345 943	411 930	436 751	436 107	494 597	621 913	729 115	834 080	6,3
17	Астана қ.	617 470	547 490	646 634	782 326	858 679	956 891	1 067 455	919 107	1 125 211	1 225 027	9,3
18	Алматы қ.	458 276	482 877	511 598	533 370	581 574	644 406	732 930	820 449	976 795	1 187 620	9,0
19	Шымкент қ.	-	-	-	-	-	-	588 034	194 958	278 737	462 482	3,5


Ескертпе: [69] дереккөзі негезінде құрастырылды

Инвестиция тарту. Инвестиция тарту негізінде отандық мықты инфрақұрылымды, өндірістік базаны қалыптастыру қажет. Халықаралық стандарттарға сай өнім шығару экспортты ілгерілетудің негізі. Жоғарыда Малайзия мысалында атап өткендей өндірісті дамытудың алғышарты инвестиция болды. Алдымен агроөнеркәсіпті дамытып, соңынан өңдеуші саланы қолдады. Соның нәтижесінде Малайзияның жалпы экспорттағы өңдеу саласының үлесі 80% асты. 2021 жылдың қорытындысы бойынша ең көп инвестиция Атырау облысына 22% инвестиция жасалған.

Инвестицияның қомақты бөлігі тау-кен өндірісіне маманданған аймаққа салынууда. Өңдеу саласына бейін аймақтарға инвестицияны арттыру қажет. Қазақстандық экспорттың минералды ресурстарға шоғырлануының бір себебі шетелдік инвестицияның 60 пайызға жуығы тау кен өндірісіне салынуымен түсіндіруге болады. Оның ішінде 90 пайыздан астамы шикі мұнайды қазуға, 6 пайыздан астамы метал кендерін қазуға құйылған. Ал 2022 жылдың сегіз ай көрсеткіштеріне сәйкес шетелдік инвестицияның 17% сауда саласына, 42% тау кен саласына, 22% өңдеу өнеркәсібіне құйылған. Сондықтан елімізде өңдеу саласының өсу қарқыны баяу жүруде. Мұндай жағдай ұзақмерзімді макроэкономикалық тұрақтылық үшін қауіпті. Сондықтан өңдеуші салаға инвестицияны тау кен саласына пропорционалды өсуін қамтамасыз ету арқылы еселеп көбейту саланың дамуына септігін тигізеді.

Технологиялық трансферттер жасау арқылы технологиялық жаңғыру. Жоғарыда талдау бөлімінде көрсеткеніміздей еліміздегі технологиялық тозу деңгейі жоғары. Бұл өз кезегінде әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті өнім шығаруда жоғары өнімділікті тежейді. Өнімділікті тежейтін тегізгі факторлары негізгі құралдар тозуы, төменгі технологиялық өндіріс т.б.

Жоғарыда талдау нәтижелері көрсеткендей Қазақстанда технологиялық тозудың жоғары деңгейі қалыптасқан. Өңдеуші саладағы 50% жуығы орташа технологиялы өндіріс. Қазақстанның 9 өңірінде төменгі технологиялы өндіріс, 7 өңірінде орта технологиялы өндіріс басым. Ал жоғары технологиялы өндіріс Жамбыл (44%), Алматы (27%), Қостанай (26%) облыстарына тиесілі. Сондықтан технологиялық трансферттер жасау арқылы технологиялық жаңғыру Қазақстан өндірісі мен экспортын әртараптандыру үшін маңызды. Қазіргі геосаяси шиеленіс кезеңінде (санкция, сауда кедергілері т.б) технологиялық трансферттер жасау да қиынға соғары сөзсіз. Сондықтан Азия мемлекеттерінің әлеуетін пайдалану маңызды.



Сурет 23 – Экспортты әртараптандырудың даму сценарийін іске асыру тетіктерінің моделі

Ескертпе – автормен құрастырылды

Мәселен, біздегі машина жасау саласына Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай мемлекеттерінің технологиясын меңгеру қажет. Технологиялық трансферттер жасауда отандық кәсіпорындарға қолдау ретінде кедендік баж салығынан босату, тасымалдау шығындарын төменгі тарифпен қамтамасыз ету, жаңа кәсіпорындарды барлық салықтардан бастапқы жылдары босату қажет.

Технологиялық жаңғыру отандық кәсіпорындар үшін тек табыс көзі ғана емес, сонымен қатар жаңа технологиялық деңгейге шығып сыртқы нарықта бәсекелестерінен озуға мүмкіндік беретін құрал.

Сапалы өнім шығару және отандық өндірісті әртараптандыру. Экспорттың дамуы өндірістің әртараптануымен тікелей тығыз байланысты, оның алғышарты десек те болады.

Әртүрлі өнім, әсіресе жоғары технологиялы өнім шығару басты мақсатымыз болуы шарт. Мәселен, Қазақстан қазіргі шикізат күйінде экспорттап жатқан темірді орта технологиямен өңделген тауар шығарсақ 10 есе, жоғары технологиялы тауар шығарсақ 100 есе жоғары бағаға өткізе аламыз. Өнім сапасының жоғары болуы сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілік үшін маңызды рөл атқарады. Дұрыс жоспарланған бизнес-процестер, халықаралық стандарттарды енгізу өнімнің сапасын айтарлықтай арттыруға, қазақстандық өнімге деген сенім деңгейін нығайтуға, тұтынушылардың ең жоғары сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Сапалы өнім шығара отырып өндірісті, экспортты әртараптандырудың әлеуеті жоғары. Өндеу өнеркәсібі экспортының перспективалы салаларына назар аудару қажет. Екінші бөлім талдау нәтижелеріне сәйкес еліміздің металлургия, химия, фармацевтика, жеңіл өнеркәсіп экспортын дамытуға мүмкіндігі бар.

Машина жасау саласы мысалында қарастырсақ. Соңғы 5 жылда сала өнімі 62% өсімді құрап 13 трлн.теңгеден асты. Бұл өндірістің жартысынан көбі 4 аймаққа «Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстары, Астана мен Алматы қалалары) тиесілі. Саланың әлемдік сұранысы жылына 7 трлн.доллардан асатынын ескерсек, елімізде бұл саланың дамуына мүмкіндігі зор.

Өндірушілерді қолдау мақсатында ішкі нарығымызды отандық өндірушілерге беру. Қазақстанда ашық нарық және түрлі халықаралық сауда ұйымдарына мүше болғандықтан отандық өндірушілердің әлемдік мықты кәсіпорындармен сыртқы нарықтан бұрын ішкі нарықта бәсекеге түсуі оларға қиындықтар туғызары анық. Соңғы жылдары мемлекеттің қолдауымен салынған өндіріс орындарының басым бөлігі қайта жабылған. Сондықтан біз

ішкі нарықта импорттық тауарларға квота қою арқылы отандық өндірушілерді қолдай аламыз. Әрине бұл уақытша процес, отандық өндірушілер бәсекеге қабілетті болған сәтте шетелдік өндірушілермен де ашық бәсекеге түсе алады.

Мәселен, Өзбекстан Қазақстаннан бидайды импорттап, түрік диірмен технологиясын пайдалана отырып ұн дайындайды. Өз кезегінде ұн импортына кедендік баж салығын салып, шетелдік ұн импорттаушыларына кедергі келтіреді. Нәтижесінде өзбек ұн өндірушілер шикізатты бізден алып, оны ұнтақтап ішкі нарығын өздері қамтамасыз етеді және қосымша құнмен шетелге сатады. Өзбекстан арқылы өтетін транзиттік тасымалдарға бағаны көтереді. Өзбекстан нақты осы қолдау шарасын машина жасау саласында да пайдаланды, сондықтан мемлекеттің отандық өндірушілерді ішкі нарықта қолдауы да маңызды.

Транспорттық логистиканы әртараптандыру. Транспорттық шығындарды азайту. Көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту отандық өндірушілердің халықаралық нарықта жеткізу тізбектеріне қосылуына оң әсер етеді [83]. Отандық өнімнің ішкі нарықпен қатар сыртқы нарықтарда да бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Теңіз су жолына шыға алмайтын Қазақстан үшін экспортты әртараптандыру үшін көлік қатынасын дамыту маңызды бағыт. Еліміз арнайы экономикалық аймақтағы Қорғас Шығыс қақпасы «құрғақ портының» құрылысын бітіру, Ақтау және Каспий маңы жағалауларында теңіз порттарының инфрақұрылымдарын қалыптастыру, сонымен қатар, Тынық мұхиты жағасындағы мемлекеттер мен Парсы шығанағында отандық өндірушілердің өнімдерін сақтайтын қоймалар салу мүмкіндігін қарастырып отыр. Мұндай шаралар логистикалық шығындарды оңтайландырып, отандық өнімді әлемнің көптеген мемлекеттеріне тез әрі тиімді жеткізуге жағдай жасар еді.

Әлемдегі соңғы саяси-экономикалық шиеленістер біздің логистикалық тораптарды әртараптандыру қажеттілігін тағы да дәлелдеді. Себебі еліміздің экспорты мен импортының басым бөлігі осы уақытқа дейін Ресей арқылы орындалып отырған. Өзбекстан, Түркіменстан арқылы Оңтүстік Азия елдеріне шығу, әлемдік теңіз жолына шығатын порттар салу, Батыс елдерге Каспий теңізінің су жолын пайдалануды арттыру мүмкіндіктерін қарастыру қажет.

Өндіріс орнынан дүкен сөресіне дейін жылдам және төмен шығынмен жеткізетін көтерме орталықтар құру қажет. Бұл өндірушілер мен

тұтынушылар арасын тікелей байланыстыратын орталықтандырылған жүйе. Мұндай жүйе спекуляциялық жағдайлардан сақтайды, сонымен қатар транспорттық шығындарды төмендетеді.

Географиялық нарықты кеңейту - экспортты әртараптандырудағы басты міндеттердің бірі. Қазіргі өткізу нарықтарына қатысуды күшейту сонымен қатар бұрын болмаған жаңа нарықтарға шығу арқылы экспорттық нарық аясын кеңейту маңызды. Неғұрлым жоғары өңделген өнімге көшу ИИДМБ-3 көзделген іс-шаралар мен шаралар шеңберінде жоспарланған, олар еңбек өнімділігін арттыра отырып, өңдеу өнеркәсібіндегі қайта жасалатын өнімдер үлесін ұлғайтуға бағдарланған.

2020 жылы алғаш рет отандық өңдеу өнеркәсібі саласынан аккумулятор Италияға, навигациялық ұшу жабдығы Камбоджаға экспортталды. Әрбір өңделген тауарды жаңа мемлекеттерге шығару мүмкіндіктерін экспортты ұйымдастырушы мемлекеттік институттар қамтамасыз етуі тиіс.

Шикізат базасының сапасын арттыру мен оны біркелкі бөлудің дұрыс құрылған жүйесі және өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары мен сапалы дайын өнім өндірушілер арасында коллаборациялық байланыс құру. Шет елдік нарықта маркетингтік талдау (нарыққа қол жеткізу шарттары, нарық сыйымдылығы, тұтыну қажеттіліктері, сауда желілерінің шарттары) жүргізу.

Ең алдымен Еуразиялық одақ елдерінің нарығын тиімді пайдалану мәселесі тұр. Қазақстан бұл нарықта тұтынушы емес ұсынушы (экспорттаушы) ел болуы тиіс. Сонымен қатар Шығыс және Оңтүстік Азия, т.б елдер нарығына шығу маңызды.

Ақша-несие саясатын тиімді жүргізу. Қысқа, орта, ұзақмерзімді перспективада экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету отандық экспорттаушылардың өсуіне көмектеседі. Ол үшін елдегі инфляция деңгейін ұстап тұру маңызды. Егер экспортты әртараптандыру процесі сәтті жүзеге асса онда ол өз кезегінде экспорттан түсетін валюталық кірісті арттырады және ол импорттық тауарларды алуда кедергілерді жояды, инфляцияны қалыпты ұстауға көмектеседі, ұлттық валютаның нығаюына әкеледі, макроэкономикалық тұрақтылықты сақтайды.

Сауда, кедендік кедергілерді төмендету. Экспортты әртараптандыруда басымдықтардың бірі сыртқы экономикалық қызметті жүргізуде болатын кедергілерді жою. Бұл экспорттық операциялар жүргізуді қиындататын ішкі және сыртқы әкімшілік және қаржылық ішкі кедергілер болуы мүмкін. Кедендік рәсімдеу, өнімді сақтандыру т.б. мәселелерде кездесетін ішкі

кедергілердің барлығын жою экспорттаушы кәсіпорындарды одан әрі алға жылжуға септігін тигізеді. Сонымен қатар сыртқы нарықтағы кедергілерді де анықтап, оларды жою мүмкіндігін қарастырған жөн.

Мәселен, Еуразиялық одақтың шеңберінде одаққа мүше елдер саяси немесе экономикалық себептерді алға тартып Қазақстандық өнімнің сол елге кіруіне тосқауылдар қойды. Сауда және интеграция министрлігінің дегенше бір жылдың ішінде осындай тосқауылдар алынды.

Үшінші елдермен көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы туралы келісімдер жасасу кезінде арадағы кедергілерді жоюды негізге алу керек. Неғұрлым бәсекеге қабілетті болып табылатын секторлар экспортын арттыруға назар аудару, сондай-ақ осы секторларға деген сұраныс жоғары елдерге басымдық беру керек.

Біздің шетелдік өкілдіктер сол немесе өзге елдерде компанияларымызға қарсы жүргізілетін жұмысты қадағалап отыруға тиіс, өйткені сыртқы нарықтарға қол жеткізу бойынша жиі кедергілер жасалады. Мемлекеттің рөлі мемлекеттік органдар, экспортты қолдау жөніндегі негізгі операторлар және бизнес-қоғамдастық арасындағы кедергілерді еңсеру бойынша дереу ден қоюды және бірлескен іс-қимылдар жасауды білдіреді. Бұл функцияны орындау жоғары біліктілікті талап етеді. Сондықтан сыртқы нарықта отандық мүддені қорғайтын білікті кадрлай дайындау қажет.

Сыртқы саудаға бейімделген білікті мамандарды даярлау. Соңғы уақытта әлемдік сауда қатынастарында жаңа трендтер, жаңа білімді қажет ететін салалар пайда болуда. Әлемдік нарықта отандық өнімнің мүддесін қорғайтын, оны сыртқы нарыққа сенімді түрде шығаратын, сыртқы нарықты талдап, ондағы Қазақстанның мүмкіндігін бағалап, жүзеге асыратын білікті мамандарды даярлау қажеттілігі туындап отыр.

Сондықтан отандық экспортты ілгерілету жөнінде нақты мәселелермен айналысу үшін жыл сайын экономикалық бағытта маман дайындайтын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Еуразия Ұлттық университеті, Нархоз, Тұран, Халықаралық бизнес университеттері секілді экономикалық университеттер мен өңірлердегі мемлекеттік университеттерде докторантураға орындар бөлуді ұсынамыз. Бұл мамандар оқу процесінде-ақ нақты экспорттық деректермен жұмыс істеп, ондағы проблемаларды анықтап, отандық экспорттаушылармен сауалнама жүргізіп саладағы проблемаларды зерттеуге, әртүрлі кейстерді шешуге, шетелдік нарықта Қазақстандық өндірушілердің мүмкіндіктерін қарастыруға бағытталады. Өндеу өнеркәсібінің әр саласы

бойынша білікті мамандарды даярлау сала экспортын одан әрі ілгерілетіге септігін тигізеді. Әрбір дайындалған мықты маман елімізге қыруар экспорттық түсім әкелері сөзсіз.

Өңдеу саласының экспорттаушыларын қаржылық қолдау. Қаржылық қолдауды тікелей және жанама жүргізу қажет. Қазіргі таңда отандық экспорттаушылар қажетті деңгейде қаржылық қамтамасыз етілмеген. Бұл өнімді экспорттау кезінде біршімі қиындықтар туғызады. Қаржылық қолдау экспортталатын өнімді сақтандыру, субсидия түрінде беріледі.

Қаржылық қолдауды Түркия мысалында алғашқы жылдары ғана көрсеткен дұрыс. Себебі, өнім сапасын арттыруға ынталанбай мемлекеттің қаржылық қолдауын ғана табыс көзі ретінде пайдаланатын кәсіпкерлікке тосқауыл қою маңызды.

Сақтандыру. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясының жұмысын жетілдіру, сақтандыру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, әрбір отандық экспорттаушыға қолжетімділігін қадағалау маңызды.

Отандық өндірушілердің тауарын тұтынушыға жеткенше сақтандыру, мүмкін болатын тәуекелдер мен залалдарды бағалау, банк кепілдігін алу, қарызды сақтандыру, қаржы лизингін сақтандыру, экспорттаушының несиесін сақтандыру, инвестицияларды сақтандыру мүмкіндіктері болу шарт.

Сонымен қатар отандық экспорттаушылардың өнімдерін алғашқы бір жылдықта сақтандыру рәсімдерін мемлекет тарапынан жасау маңызды. Бұл жас экспорттаушыларға қолдау көмек әрі жол көрсету болып табылады.

Экспорттаушының несиесін сақтандыру

- Экспорттаушының қысқамерзімді дебиторлық берешегін сақтандыру
- Аванстық төлемді сақтандыру
- Экспорттық саудалық қаржыландыру (импорттаушыға несие)
- Шетелдік банктер берген банк кепілдіктерін сақтандыру

Қарыздарды сақтандыру

- Экспорттаушының құқықтық жауапкершілігін сақтандыру
- Қаржы лизингін сақтандыру
- Халықаралық факторингті сақтандыру

Сурет 24 – Экспортты сақтандыру шаралары

Ескертпе – автормен құрастырылды

Субсидия. Отандық экспорттаушылардың шетелдік нарыққа шығарған өнімдерінің бағасында болған айырмашылыққа берілетін қаражат. Негізінен халықаралық сауда келісім-шарттарында тікелей субсидияларға тиым салынған. Сондықтан кей мемлекеттер төлеген кедендік салықтарды қайтару, төмен пайызбен несие беру, сақтандыру жарналарын өтеу арқылы жанама жасалады. Мұндай қолдау отандық өндірушілерді сыртқы нарықта бәсекеге қабылетті болуына көмектеседі.

Ақпараттық қамтамасыз ету (мониторинг сұраныс, ұсыныс). Қазақстанның өңделген тауарлар экспортының төмендеуіне экспорт процкіндегі шығындар, импорттаушы мемлекеттердің кедендік, әкімшілік, тарифтік және тарифтік емес кедергілері, отандық экспорттаушылардың сыртқы нарықтан және экспорттау үрдісінен ақпараттанбауы т.б. факторлар әсер етеді [81]. Сондықтан отандық экспорттаушыларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету де экспортты әртараптандыруда маңызды рөл атқарады. Елімізде орта және ірі кәсіпорындарды қоспағанда шағын кәсіпкерліктің көпшілігі өз өнімін сыртқы нарыққа шығару жолдарынан хабарсыз.



Сурет 25 – Экспортты әртараптандыруды іске асыру тетіктері

Ескертпе – автормен құрастырылды

Сыртқы нарықтарды талдау, әрбір өнімнің сұранысын бағалау арқылы отандық өнімді шетелдік нарықта ілгерілету қажет. Әрбір экспорттаушыға сыртқы нарықтағы талдау ақпараттары қолжетімді болуы тиіс.

Жоғарыда келтірілген тетіктерді бірнеше топқа топтастыруға болады. Мәселен, құқықтық, қаржы-экономикалық, ақпараттық, технологиялық, ұйымдастыру блоктары.

Қорытындылай келе, экспортты әртараптандыру – тек кризис кезіндегі атқарылатын шара емес, тұрақты экономикалық өркендеудің негізі. Әртараптандыру процесін әрбір ел өзінің географиялық, өндірістік, ресурстық мүмкіндіктері мен ерекшелігіне орай іске асырған жөн. Еліміздің өңдеу өнеркәсібін әртараптандыруға толығымен қауқары бар. Оның негізгі алғышарттары - қажетті шикізат қорының молдығы, Технологиялық базаның болуы, шығатын нарықтың ауқымдылығы.

2021 жылы президент 2025 жылға дейінгі басымдықтарды айтындайтын құжатқа қол қойды. Оның негізгі бағыты экспортты әртараптандыру. Осылайша, Қазақстан экономикасын әртараптандырмай, Стратегиялық жоспар - 2050 мен үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының басымдықтарына қол жеткізу мүмкін емес.

Өндіруші салалар есебінен өңдеу өнеркәсібін дамыту стратегиялық тұрғыдан дұрыс болмас еді. Осылайша, бірінші кезекте, өзіміздің бәсекелестік артықшылықтарымызды объективті бағалау және экономиканың өңдеуші, сондай-ақ шикізаттық салаларының дамуынан синергетикалық әсер алу қажеттігі туындайды.

Алдында шикізаттық экономикадан арылу міндеті тұрған Қазақстан үшін экспортты әртараптандыру кезек күттірмес шара болып табылады. Мұны жүзеге асыруда Қазақстанның мүмкіншілігі де жоғары. Алдағы уақытта әртараптандыру екі жолмен: *біріншісі жолы*, экспортқа шығатын тауар түрін көбейту, яғни шикізат экспортын төмендетіп, өңделген өнім, дайын тауар түрлерін көбейту. Екінші жолы – жеткізілетін нарықты әртараптандыру. Қазақстанның географиялық орналасуы отандық экспортты географиялық әртараптандыруға мүмкіндік береді. Себебі, шығысында Қытай, Оңтүстігінде араб елдері және Үндістан, батысында Еуропа елдерінде Қазақстандық өңделген өнімдерге сұраныс әрқашан жоғары.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің «QazIndustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы 2020 жылы Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-

2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру қорытындылары бойынша жыл сайынғы дайджестті ұсынады. Бағдарламада өңдеу өнеркәсібін дамытудың негізгі векторлары ретінде еңбек өнімділігі мен экспортқа бағдарлану айқындалған. 2020 жылы ИИДМБ негізгі көрсеткіштерін орындау қорытындылары бойынша өңірлер мен салалар бөлінісінде жүргізілген мониторинг ЖІӨ құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіп үлесінің 2018 жылғы 11,4% - дан 13,1% - ға дейін өскенін көрсетті. 2020 жылы жұмыс істеп тұрған өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының санын экономикалық белсенді халықтың 1000 адамына ұлғайту бойынша көрсеткіштің мәні 2018 жылмен салыстырғанда 1,14 есеге жетті. Өнеркәсіп кәсіпорындарының жалпы саны 16 862 бірлікке жетті. Елдегі өңдеу өнеркәсібінің еңбек өнімділігі 38,7 мың АҚШ долл./адамды құрады. 2018 жылдың ұқсас кезеңіне нақты өсім 109,7% - ды құрады. 2020 жылы өңдеу өнеркәсібіне 1 077,8 млрд теңге инвестицияланды, 2018 жылмен салыстырғанда нақты мәнде 13,2% - ға, номиналды мәнде 164,1 млрд теңгеге қысқарды. 2020 жылы 2018 жылмен салыстырғанда өңдеу өнеркәсібінің химия өнеркәсібі (4,3 есе), фармацевтика (2 есе), ағаш бұйымдары өндірісі (1,9 есе), резеңке және пластмасса (70,6%), металлургия (37,8%) темекі өнімдері (39,5%) және машина жасау (14,3%) сияқты 7 секторында инвестициялардың өсуі байқалады. Инвестициялар көлемінің шамамен 2/3 бөлігі 2 саланың: металлургиялық (барлық инвестициялардың 34,5%) және химиялық (28,0%) кәсіпорындарын дамытуға бағытталады, олар 2018 жылмен салыстырғанда тиісінше 4,3 есе және 37,8% - ға өскенін көрсетеді. 2020 жылы инвестицияның басым бөлігі мына кәсіпорындардың қызметіне жұмсалды: металлургия саласына (372 млрд. теңге, 34,5 %), химия өнеркәсібі саласы (301,3 млрд. теңге, 28 %), Тамақ өнімдері өндірісі (109,0 млрд теңге, 10 %), Кокс және мұнай өңдеу өнімдері (68,0 млрд. теңге, 6 %) және өзге де металл емес минералдық өнімдер (67,2 млрд. теңге, 6 %) 2020 жылдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібі экспортының көлемі \$15,4 млрд құрады және 2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2,3% - ға қысқарды, 2018 жылдың деңгейінен 97,7% - ға жетті. Құндық мәнде экспорт көлемі 2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда \$0,3 млрд - қа аздап қысқарып отыр [80].

Бұл іс-шаралар жиынтығы отандық экспортты ілгерілетуге көмектесуі тиіс. Қазақстан тез арада өзінің табиғи ресурстарын тиімді пайдалану арқылы өңдеу саласын дамытуы қажет. Сол арқылы біршама жетістіктерге жете

алады. Біз өңдеу саласын әртараптандыру арқылы экспорттық түсімді тұрақтандыра аламыз, импорттық тәуелділіктен арыламыз, тұрақты жұмыс орындары қалыптасады, ұлттық валюта нығая түседі, халықтың әл-ауқаты, өмір сүру сапасы көтеріледі.

Үшінші бөлім бойынша қорытындылар:

1. Қазақстанда өңдеу өнеркәсібі экспортын әртараптандырудың негізгі стратегиялық бағыттары ретінде өндірісті әртараптандыру, жеке секторды дамыту, интеграция және байланыс, қаржылық қолдау, адам капиталын арттыру іс-шаралары таңдалып, олардың негізгі қауіп қатерлері мен кедергілері, басымдықтары айқындалды. Өңдеу салаларында экспорттық әлеуетті арттыруды институционалдық қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірленді.

2. Өңдеу өнеркәсібі экспортының соңғы 10 жылдық көрсеткіштеріне сүйеніп, өңдеу саласының мүмкіндіктері мен тәуекелдерін, соңғы геосаяси шиеленістерді ескере отырып 2025 жылға дейінгі мүмкін болатын 4 даму сценарийі жасалды.

3. Әзірленген сценарийді жүзеге асыру тетіктері мен моделі әзірленді. Атап айтқанда, отандық экспорттаушыларды қолдаудың институционалдық механизмін жетілдіру, сауда, кедендік кедергілерді төмендету, географиялық нарықты кеңейту, ақпараттық қамтамасыз ету, қаржылық және қаржылық емес қолдау, шағын және орта кәсіпкерлікті нығайту, өндірістік инфрақұрылымды нығайту, өз нарығымызды отандық өндірушілерге беру, сыртқы нарықты талдауға бейімделген мамандар даярлау сияқты кешенді іс-шаралар жиынтығы ұсынылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу бойынша диссертацияның негізгі қорытындылары:

1. Зерттеу міндеттеріне сәйкес теориялық ізденістер нәтижесінде «экспортты әртараптандыру» ұғымын эволюциялық дамуы зерделенді. Экспортты әртараптандыру ұғымына түсіндірмелердің бір бірінен айырмашалығы көп. Сондықтан ғалымдардың теориялық зерттеулерінің нәжіжелерін зерделей отырып экспортты әртараптандыру ұғымына нақты түсінік жоқ екенін аңғардық. Ол әлемдік даму үдерісімен байланысты толықтырылып және өзгеріп отырады. Ғалымдардың пікірлерін ескере келе Қазақстандағы экспортты әртараптандыру ұғымына көпвекторлы анықтамасы құрастырылып, бұл термин авторлық көзқараспен толықтырылды. *Экспортты әртараптандыру – шикізат экспортын төмендете отырып неғұрлым қосылған құны бар өңдеу өнеркәсібі экспортын арттыру, яғни экспортқа шығатын өнімдер үлесін оңтайландыру арқылы экспорттық түсімді тұрақтандыру, экономикалық өсімді қамтамасыз ету.* Бұл Қазақстанның экспортты әртараптандырудағы саясатының мақсаты мен міндетіне сәйкес болуымен ерекшеленеді.

2. Көптеген статистикалық агенттіктер мен ғалымдардың ұсынған экспортты әртараптандыруды бағалау әдістемелері зерттелді. Экспортты әртараптандыру деңгейін бағалаудың жалпыға ортақ қабылданған нақты түсінігі жоқ екені бұл сала зерттеушілері тарапынан әртүрлі бағалау әдістемесін ұсынуына себепші болды. Ғалымдардың зерттеулерінде қолданылатын, және Америкалық, Еуропалық статистикалық агенттіктерде қолданылатын деректерді жинау мен өңдеу әдістері, әртараптандыру деңгейін бағалаудың қолданылатын критерийлері біздің мемлекет мысалында бағалау бірқатар қиындықтар туғызады. Өйткені, әртараптандыру мәселелерін зерттеуге бейімделген ақпараттық-статистикалық база жеткіліксіз, бұл өз кезегінде жүргізілген бағалаудан нақты, сенімді, ашық нәтижелер алуға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар түрлі халықаралық рейтингтік агенттіктер базасында тек ел бойынша ғана көрсеткіштер қол жетімді. Бұл аймақтардағы нақты жағдайды анықтауға жеткіліктісіз.

Сондықтан индекстік бағалаудың модификациясы негізінде авторлармен аймақтар мысалында бағалауға болатын «экспортты әртараптандыру мүмкіндігі» авторлық әдістемесі әзірленіп, ұсынылды.

3. Экспортты әртараптандыру қызметін жүзеге асыру үшін қолайлы орта құруға мүмкіндік беретін институттардың тиімді жүйесі болғаны маңызды.

Осы уақытқа дейінгі зерттеулерді шолып, экспортты әртараптандыруда институционалдық механизмнің дұрыс жұмыс істеу маңыздылығы теориялық негізделді. Мықты институттар алға қойған мақсатқа жетуге оң ықпал етеді.

4. Экспортты әртараптандыруды сәтті жүзеге асырған мемлекеттер тәжірибесі зерттелді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бар-жоғы 50 жылдың ішінде ешқандай қазба-байлықтарсыз, кедей мемлекеттен әлемнің ең озық алдыңғы қатарлы мемлекетіне айналған Оңтүстік Корея, мол қазба байлық түсімін өңдеу саласына бағыттай отырып жоғары технологиялы мемлекетке айнала білген Норвегия, ұзақ әрі қиын индустрияландыру саясатын сәтті жүргізген Малайзия тәжірибелері талданды. Мәселен, Норвегия шикізат экспортынан түскен қаржыны тиімді пайдалану мақсатында 1990 жылы Ұлттық қор құрды. Ал Малайзия өндіріс пен экспортты әртараптандырудағы күрделі жолды шетелдік инвестициялардың қатысуымен атқарды, олар алдымен ауыл шаруашылығының дамуына ықпал етіп, содан кейін өңдеу өнеркәсібі мен жоғары технологиялар саласына бағытталды. Осы тәжірибелердің Қазақстан жағдайларына бейімдеу мүмкіндіктері қарастырылды.

5. Қазақстан Республикасының жалпы экспорты және өңдеу саласы экспортының даму динамикасы толыққанды кешенді түрде талданды. Географиялық және тауарлық құрылымда Қазақстандық экспорттың әртараптандырылу деңгейінің төмендігі анықталды. Экспорт құрылымы, үлесі жоғары тауарлардың экспорты, соңғы он жылдықтағы экспорт динамикасы, еңбек өнімділігінің индекстері, салалар бойынша өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестициялар, Қазақстанның негізгі сауда серіктестері жан жақты талқыланды. Талдау нәтижелері стратегиялық жоспарлауда пайдалануы мүмкін.

6. Қазақстан аймақтары мысалында өңдеу өнеркәсібі саласының экспортын автор ұсынған «экспортты әртараптандыру мүмкіндігі» әдістемесін пайдалану негізінде бағаладық. Бұл бағалау үш негізгі индекстік бағалау әдістемесіне негізделген. Бағалау нәтижесі ретінде аймақтардың рейтингі жасалды. Өңдеу өнеркәсібі саласының экспортын әртараптандыру мүмкіндігі жоғары аймақтарға Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Түркістан, Алматы облыстары мен Шымкент және Алматы қаласы енді. Ал аталған саланың әртараптандыру мүмкіндігі төмен аймақтарға Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Атырау облыстары еніп отыр. Бұл бағалау

әдістемесінің нәтижелері аймақтардағы өңдеу өнеркәсібі саласының экспорттау мүмкіндігі деңгейін шынай көрсетеді. Бұл өз кезегінде осы салаға жауапты ұйымдардың стратегиялық және тактикалық дұрыс шешімдер қабылдауда маңызды құрал бола алады.

7. Өңдеу өнеркәсібі салаларының бәсекелестік артықшылықтарын талқыланды. Өңдеу өнеркәсібінде металлургия және машина жасау салаларының артықшылықтарына тоқталдық. Өйткені бұл салаларда жеткілікті шикізат қорының болуы, технологиялық базасын жаңғырту мүмкіндігінің жоғарылығы және өңдеу экспортының басым бөлігі осы екі салаға тиесілі. Металлургия өнеркәсібіне SWOT-талдау жүргізілді, машина жасау өндірісі көлемінің серпіні, машиналар мен жабдықтар өндірісінің негізгі кәсіпорындары зерттелді. Сонымен қатар химия және тамақ өнеркәсібінің де өзіндік бәсекелік артықшылықтары бар.

8. Өңдеу салаларында экспорттық әлеуетті арттыруды институционалдық қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірленді. Қазақстанда өңдеу өнеркәсібі экспортын әртараптандырудың негізгі стратегиялық бағыттары ретінде өндірісті әртараптандыру, жеке секторды дамыту, интеграция және байланыс, қаржылық қолдау, адам капиталын арттыру іс-шаралары таңдалып, олардың негізгі қауіп қатерлері мен кедергілері, басымдықтары айқындалды.

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес Қазақстан 2025 жылға қарай тауарлардың шикізаттық емес экспортының көлемін 29,5 млрд.АҚШ долларына жеткізу міндетін қойды. Осы міндетті негізге ала отырып Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібі экспортының соңғы 10 жылдық көрсеткіштеріне сүйеніп, өңдеу саласының мүмкіндіктері мен тәуекелдерін, соңғы геосаяси шиеленістерді ескере отырып 2025 жылға дейінгі мүмкін болатын даму сценарийі жасалды. Біздің болжамымыз бойынша пессимисттік сценарий бойынша жылдық өсім 0,5% құрайды және 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібі экспорты 18,7 млрд.АҚШ долларына жетеді. Базалық сценарий соңғы жылдардағы экспорттың нақты жылдық өсіміне негізделген, сондықтан жылдық өсім 2,77% құрап 20709,4 млрд.АҚШ долларына тең. ҮИИДМБ мақсатына сәйкес өңдеу саласы экспортының өсімі жылына 10,8%, мұны жоғары оптимисттік сценарий ретінде аламыз. Дегенмен бұл көрсеткішке қол жеткізу мүмкіндігі өте төмен.

Сондықтан біз оптимисттік сценарий ретінде өз болжамымызды ұсынамыз. Біздің ойымызша 2025 жылға дейін саланың экспорты 5-6% өсімді құрайды және 23,2 млрд.АҚШ доллары шамасында болады. Оның негізгі себебі бағдарлама аясында салаға қомақты қаржының құйылуы, мемлекет басшысының транспорттық дәліздерді әртараптандыру бойынша іс-шаралары, атап айтқанда Каспий теңізі арқылы, Түркіменстан, Иран, Түркия арқылы Еуропаға шығу жолы т.б. Авторлармен жасалған пессимистік, базалық және оптимистік даму сценарилері өңдеу өнеркәсібі саласы экспортының болашақтағы мүмкіндіктерін шынайы көрсетеді деген ойдамыз.

10. Әзірленген сценариді жүзеге асыру тетіктері жасалды. Атап айтқанда, отандық экспорттаушыларды қолдаудың институционалдық механизмін жетілдіру, сауда, кедендік кедергілерді төмендету, географиялық нарықты кеңейту, ақпараттық қамтамасыз ету, қаржылық және қаржылық емес қолдау, өз нарығымызды беру, сыртқы нарықты талдауға бейімделген мамандар даярлау сияқты кешенді іс-шаралар жиынтығы ұсынылды. Жалпы зерттеу нәтижелері 2018-2020 жылдары ҚР БҒМ ҒК экономика институтының бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру бойынша жүзеге асқан BR05236639 «Қазақстанның үшінші технологиялық жаңғырту негізіндегі ғылыми сыйымды экономикаға бастар жолы: стратегиясы, дамыту модельдері мен тетіктері» атты бағдарламасының «Қазақстанның жоғары технологиялық экспортын әртараптандыру және өсіру: тетіктері мен басымдықтары» тарауында және 2021-2023 жылдары ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институтының бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру бойынша жүзеге асып жатқан BR10965247 «Қазақстандағы көші-қон, урбандалу, демографиялық процестердің факторларын, ерекшеліктері мен серпінін зерттеу, цифрлық карталар мен болжамдарды әзірлеу» атты бағдарламасында пайдаланылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 мемлекеттік бағдарламасы». Электронды ресурс // URL: <https://adilet.zan.kz/> 02.03.2020
- 2 Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрлігі // Қазақстанның өңделген өнімдерін экспорттауға арналған әлеуетті мүмкіндіктерді аймақтар тұрғысында талдау. - 2021. - 459 б.
- 3 Sachs, J., and A. Warner, The Big Rush, Natural Resource Booms and Growth // Journal of Development Economics, 1999. -59, P.43–76. doi.org/10.1016/S0304-3878(99)00005-X
- 4 D.Ferranti, G.Perry, D.Lederman and W.Maloney. From Natural Resources to the Knowledge Economy: Trade and Job Quality // Washington, DC: World Bank. - 2002. doi.org/10.1596/0-8213-5009-9
- 5 Lederman, Daniel; Maloney, William F.. Natural Resources : Neither Curse nor Destiny // Washington, DC: World Bank; Palo Alto, CA: Stanford University Press. World Bank. - 2007. Doi.org/10.1596/978-0-8213-6545-8
- 6 H.Mehlum, K.Moene, R.Torvik. Cursed by Resources or Institutions // The World Economy. - 2006. Volume 29, Issue 8. doi.org/10.1111/j.1467-9701.2006.00808.x
- 7 Gelb A. Economic Diversification in Resource Rich Countries // Center for Global Development, World Bank, Washington DC., 2011. P.55-80.
- 8 Y.Makhlouf, M.Kellard, D.Vinogradov. Trade openness, export diversification, and political regimes // Economics Letters. Volume 136, November 2015, Pages 25-27. doi.org/10.1016/j.econlet.2015.08.031
- 9 O.Kodila-Tedika, A.Asongu. The effect of intelligence on financial development: A cross-country comparison // Intelligence. - 2015. Volume 51, Pages 1-9. doi.org/10.1016/j.intell.2015.04.010
- 10 Lectard P. and Rougier E. Can Developing Countries Gain from Defying Comparative Advantage? Distance to Comparative Advantage, Export Diversification and Sophistication, and the Dynamics of Specialization // World Development, - 2018. 102, 90–110. doi.org/10.1016/j.worlddev.2017.09.012
- 11 Hesse H. Export Diversification and Economic Growth. - 2008. 21, P.1-23

12 Milner, C., & Greenaway, D. Did Mauritius really provide a ‘case study in Malthusian economics? // *Journal of International Development*. - 1991. 3, P.325–338. doi.org/10.1002/jid.4010030309

13 Hausmann, R., J. Hwang, and D. Rodrik. What You Export Matters // *Journal of Economic Growth*. - 2007. 12, 1–25. doi 10.1007/s10887-006-9009-4

14 Hausmann, R., Klinger, B. The Structure of the Product Space and the Evolution of Comparative Advantage // Harvard University Center for Economic Development, - 2007

15 O.Adilkhanov. O.Sabden. Evaluation of export diversification on sustainable growth in Kazakhstan // *Rivista di Studi sulla Sostenibilita*. - 2020, (2), P. 49–63.

16 Адилханов О. Қазақстанда бәсекеге қабілетті экономика қалыптастырудағы инновациялық белсенділікке факторлық анализ // *Экономика: стратегия и практика*. ISBN 1997-99677 - 2018. №1 (45) 132-139 с.

17 Адилханов О. Туркеева К.А. Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі экспортын талдау // *Экономика: стратегия и практика*. ISBN 1997-9967. - 2019. №1 (14) 181-193 с.

18 Сабден О., Адилханов О.Ш. Оценка диверсификации экспорта в Казахстане // *Economics: the strategy and practice*. - 2020. №1 (15). 25-35 с.

19 Сабден О. и др. Стратегия развития малого и среднего предпринимательства в Республике Казахстан. Под редакции академика НАН РК А.А.Сатыбалдина. - Алматы: Институт экономики КН МОН РК. -2017. - 400 с.

20 Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары». Электронды ресурс // URL: <https://adilet.zan.kz/> 17.02.2019

21 Үлкен энциклопедиялық сөздік. – Екінші басылым, қайта өңделген және қосымша. – М. Үлкен орыс энциклопедиясы, - 1998.

22 Gort M. *Diversification and integration in American industry*. – Princeton: // Princeton University Press, 1962. – 508 p. 228.

23 Berry C.H. *Corporate Growth and Diversification* // *Journal of Law and Economics*. - 1971. – V.14. – № 2. – P.371–383

24 Yoshinara E., Sakuma A., Itami K. Diversification strategy in Japanese company // Tokyo, Nippon Keirai. - 1979. – 434 p.p.27

25 Ансофф И. Стратегическое управление: Сокр. пер. с англ. // Науч. ред. и авт. предисл. Л.И. Евенко. – М.: Экономика, 1989. – 519 с.

26 Азрилиян, Квардакова: Экономический словарь // Омега - Л, 2015 г. – 1152 с.

27 Дж. МакМиллан. МакМиллан об опционах // ИК «Аналитика». - 2002. -442 с.

28 Жан-Жак Ламбен. Менеджмент, ориентированный на рынок. Стратегический и операционный маркетинг // Издательство: «Питер». Серия: Классика МВА. - 2011.

29 Филип Котлер: Основы маркетинга. Перевод на русский язык: В. Б. Бобров. — М., - 1990.

30 Маркова В. Д., Кузнецова С. А. Стратегический менеджмент. Понятия, концепции, инструменты принятия решений // Научно-издательский центр ИНФРА-М. - 2014. - 320 с.

31 Толковый словарь рыночной экономики. Под.ред. Ф.А. Крутикова. Изд. «Сотрудничество». - 1993. -304 с.

32 Новиков В.А. Практическая рыночная экономика (толкование 4000 терминов). Словарь. Изд. Флинта, МПСИ. Серия Библиотека экономиста. 1999. - 376 с.

33 Сабден О. «Экономика» избранные труды «Что делать (для восстановления экономики Казахстана?)». XI том. Алматы: ИЭ МОН РК, 2011. - 868 с. (3-е издание)

34 Сатыбалдин А.А., Альжанова Ф.Г., Амрин А.К., Дюсебаева Ж. Структурные сдвиги в Казахстане в условиях формирования наукоемкой экономики // Экономика: стратегия и практика. –2018.-№2. -С.6-14.

35 2018-2020 жылдары ҚР БҒМ ҒК экономика институтының бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру бойынша жүзеге асқан BR05236639 «Қазақстанның үшінші технологиялық жаңғырту негізіндегі ғылыми сыйымды экономикаға бастар жолы: стратегиясы, дамыту модельдері мен тетіктері» атты бағдарламасының есебі. Экономика институты. – 2020 .

36 Порохин А.В., Яркова Т.А., Соина-Кутищева Ю.Н. Основные направления диверсификации экономики региона // Экономические науки (08.00.00) № 9. – 2016. – С. 399-403

37 Порохин А.В. Устойчивость как определяющая характеристика состояния социально-экономической системы // А.В. Порохин, Е.В. Порохина, Ю.Н. Соина-Кутищева, В.В. Барыльников // *Фундаментальные исследования*. – 2014. – No 12–4. – С. 816–821.

38 Amurgo-Pacheco A., Pierola M.D. Patterns of Export Diversification in Developing Countries: Intensive and Extensive Margins // World Bank. - 2008. Washington, DC.

39 Joseph L. Love. «Raul Prebisch and the Origins of the Doctrine of Unequal Exchange» // *Latin American Economic Review*. - 1980. -15 (3): 45–72. JSTOR 2502991

40 Salomon Samen, Export development, diversification, and competitiveness: how some developing countries got it right // Growth and Crisis Unit, World Bank, Washington DC. - 2010

41 Naudé, Wim; Rossouw, Riaan. Export diversification and specialization in South Africa: Extent and impact, WIDER Research Paper, No. 2008/93, ISBN 978-92-9230-147-7. The United Nations University World Institute for Development Economics Research (UNU-WIDER), Helsinki. - 2008

42 Fagerberg, Jan & Srholec, Martin. National Innovation Systems, Capabilities and Economic Development // *Research Policy*. - 2008. V.37. P.1417-1435. 10.1016/j.respol.2008.06.003.

43 Frenken, Koen & Oort, Frank & Verburg, T. Related Variety, Unrelated Variety and Regional Economic Growth // *Regional Studies*. 41. - 2007. 10.1080/00343400601120296.

44 O.Massol, A.Banal-Estanol. Export diversification through resource-based industrialization: The case of natural gas // *European Journal of Operational Research* Volume 237, Issue 3, 16 September 2014, P.1067-1082. doi.org/10.1016/j.ejor.2014.02.043

45 Koren, M. and S. Tenreyro. Volatility and Development // *Quarterly Journal of Economics*. - 2007. 122 (1) P.243-287. doi.org/10.1162/qjec.122.1.243

46 O.Kodila-Tedika, A.Asongu. The effect of intelligence on financial development: A cross-country comparison // *Intelligence*. – 2015. Volume 51, Pages 1-9. doi.org/10.1016/j.intell.2015.04.010

47 Dalia S. Hakura. Output Volatility in Emerging Market and Developing Countries: What Explains the «Great Moderation of 1970-2003»? // *Czech Journal*

of Economics and Finance, Charles University Prague, Faculty of Social Sciences, 2009. vol. 59(3), pages 229-254,

48 Сатыбалдин А.А., Альжанова Ф.Г., Амрин А.К., Дюсебаева Ж. Структурные сдвиги в Казахстане в условиях формирования наукоемкой экономики // Экономика: стратегия и практика. –2018.-№2. -С.6-14.

49 Сабден О. Проекты перехода к новой цивилизации. Под редакцией С.Глазьева, А.Сатыбалдина. Научные проекты. – Алматы : «Service Press», - 2021. - 175 стр.

50 Агибалов А.В., Новикова И.И., Закупнев С.Л. Методические подходы к оценке уровня диверсификации экономики сельских территорий // Вестник Воронежского государственного аграрного университета. – 2018.– No 1 (56), 188-196 с.

51 Гребенькова О.А. Диверсификация в агропромышленных формированиях: автореф. дис. канд. экон. наук: 08.00.05 / О.А. Гребенькова. – Москва, 2007. – 24 с.2.

52 Кофанов А.А. Диверсификация региональной экономики как доминирующая стратегия структурного развития в условиях глобализации экономических отношений: автореф. дис. д-ра экон. наук :08.00.05 / А.А. Кофанов. – Краснодар, 2011. – 33 с.

53 Дуженко Т.И. Диверсификация экономики региона на основе развития социальной инфраструктуры. Электронный ресурс. Url: <http://econom.nsc.ru/ieie/news/zashiti/personalii/2015/dugenko/dissert.pdf> 09.01.2018

54 Hidalgo, Cesar & Hausmann, Ricardo. The Building Blocks of Economic Complexity. Proceedings of the National Academy of Sciences of the United States of America. - 2009. 106. 10570-5. 10.1073/pnas.0900943106.

55 Дүниежүзілік сауда ұйымының ресми сайты. Электронды ресурс. Url: <http://www.un.org/ru/ga/itc/> 19.05.2019

56 Михеева Н.Н. Структурные факторы региональной динамики: измерение и оценка // Пространственная экономика. – 2013. – № 1. – С. 11–32.

57 Корытова В.А. Способы анализа конкурентоспособности экспорта // Торговая политика. Trade policy. -2015. № 2/2. 163-174 с.

58 Мовчан В., Кирхнер Р. Аналитические записки: Диверсификация белорусского экспорта: Потенциал стран УВЗСТ –Украины, Молдовы и

Грузии // Электронды ресурс: Url: https://www.get-belarus.de/wordpress/wpcontent/uploads/2018/06/PP_03_2018_ru.pdf 20.05.2019

59 Криворотов Д. Методологические подходы к количественному анализу конкурентоспособности национальной экономики. // Банкауски весник. – Верасень, 2008. – С.12-21.

60 Сапир Е.В. Шмураткина А.Г. Институциональный механизм повышения экспортного потенциала региона // Государственное и муниципальное управление. Ученые записки. - 2019. № 3. DOI: 10.22394/2079-1690-2019-1-3-169-176

61 Fahim Al-Marhubi. Export Diversification and Growth: an empirical investigation // Applied Economics Letters. - 2000. V. 7, 559-562. doi.org/10.1080/13504850050059005

62 Rose A., Krausmann E. An economic framework for the development of a resilience index for business recovery // International Journal of Disaster Risk Reduction. - 2013. V. 5. P. 73–83.

63 Lim, Jamus Jerome & Saborowski, Christian, «Export diversification in a transitioning economy: the case of Syria» // Policy Research Working Paper Series 5811, The World Bank. - 2011.

64 Cadot, O., Carrere, C., Strauss-Kahn, V. Export diversification: what's behind the hump? // The Review of Economics and Statistics. - 2011. 93 (2), 590–605.

65 Лузгина Ю.В. Диверсификация экономики как составляющая инновационной политики // Вестник Самарского государственного университета. - 2015. №5(127). С.129-135

66 Kozo Kiyota, 2014. «Exports and Employment in China, Indonesia, Japan and Korea», // OECD Trade Policy Papers 166, OECD Publishing.

67 Михайлова Э.Ю. Опыт диверсификации экспорта и преодоление его сырьевой направленности // Торговая политика. Trade policy. - 2017. №3/11.

68 Алина Сорочина. Корейский урок экспортоориентации // Экономическое обозрение. - 2019. №8 (236)

69 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Негізгі әлеуметтік экономикалық көрсеткіштер. Электронды ресурс Url: <https://www.stat.gov.kz/> 11.06.2019.

70 Әлемдік банк. Қазақстан. Электронды ресурс. Url: <https://data.worldbank.org/country/kazakhstan> 06.01.2019.

71 Әлемдік экономикалық форум. Электронды ресурс. Url: <https://www.weforum.org> 13.02.2021.

72 International trade center Электронды ресурс. Url: <https://www.trademap.org/> 04.01.2022.

73 Қазақстан Ұлттық банкі. Зерттеулер. Электронды ресурс. Url: <https://www.nationalbank.kz/kz> 06.01.2019.

74 Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы. Электронды ресурс. Url: <https://qazindustry.gov.kz/kk/article/1917-v-2020-godu-uvelichilos-chislo-predpriyatiy-obrabatyvayushchey-promyshlennosti-itogi-realizatsii-gpiir> 15.06.2021.

75 Yermakova Z. A., Nikulina Y. N. Export of educational services from the border region // *Economy of the region*, -2019. 15(1), 191-204. doi 10.17059/2019-1-15

76 Regolo J. Manufacturing export diversification and regionalization of trade: Which destinations for newly exported goods? // *International Economics*. - 2017. 151 26–47. doi.org/10.1016/j.inteco.2017.03.003

77 The atlas of economic complexity. Электронды ресурс. Url: <https://atlas.cid.harvard.edu> 19.04.2021.

78 Нурмухаметов Н.Н., Ауезова К.Т., Барлыков Е.К. Стратегия управления предприятием машиностроительной отрасли на примере АО «Востокмашзавод». // *Вестник университета «Туран»*. 2022;(1):138-147. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-1-138-147>

79 Акционерное общество «центр развития торговой политики «Qaztrade» // *Машиностроительная отрасль*. – 2021. 80 с.

80 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы. Электронды ресурс. Url: <https://www.primeminister.kz/kz/news/2021-zhyly-ondeu-salasyunyn-ondiris-kolemin-arttyratyn-ush-zhana-zhoba-iske-kosylady-kr-iidm-1623614> 15.06.2021.

81 Қазақэкспорт сақтандыру компаниясы. Электронды ресурс. Url: <https://kazakhexport.kz> 03.03.2022.

82 Moldabekova, A., Philipp, R., Satybaldin, A.A., Prause, G. Technological Readiness and Innovation as Drivers for Logistics 4.0 // *Journal of Asian Finance, Economics and Business*. - 2020. 18 (1), pp. 145-15.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ
«ЭКОНОМИКА ИНСТИТУТЫ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК КӘШІОРНЫ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ
«ИНСТИТУТ ЭКОНОМИКИ»
КОМИТЕТА НАУКИ
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ
И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

050010, Алматы қ-сы, Құрманғазы к-сі, 29
тел: +7(727) 261-01-75 факс: 272-78-29
E-mail: ieconomkz@gmail.com

050010, г. Алматы, ул. Курмангазы, 29
тел: +7(727) 261-01-75, факс: 272-78-29
E-mail: ieconomkz@gmail.com

02.11.2022 ж. № 02-23-13

Диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу Актісі

О.Ш.Адилхановтың «6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібі экспортын әртараптандыру: теориясы, бағалау және даму сценарийі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмыс нәтижелері 2018-2020 жылдары ҚР ҒЖМ Ғылым комитеті Экономика институтының бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру бойынша жүзеге асқан BR05236639 «Қазақстанның үшінші технологиялық жаңғырту негізіндегі ғылыми сыйымды экономикаға бастар жолы: стратегиясы, дамыту модельдері мен тетіктері» атты бағдарламасын орындау барысында қолданылды.

Атап айтқанда бағдарламаның «Қазақстанның жоғары технологиялық экспортын әртараптандыру және өсіру: тетіктері мен басымдықтары» тарауында өңдеу өнеркәсібі экспортын талдау және бағалау нәтижелері ретінде пайдаланылды.

ҚР ҒЖМ ІК Экономика институты
бас директорының ғылым
бойынша орынбасары, PhD

Алибекова Г.Ж.

0000675